

СҰРАҚ-ЖАУАП

• 1. Біржолғы зейнетақы төлемін алуға берілген өтініштің мәртебесі

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 34-бабының 9-тармағының 2) тармақшасында БЖЗҚ алушыларға және (немесе) уәкілетті операторға зейнетақы төлемдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асыруы міндетті деп айқындалған. Аталған тәртіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларымен (бұдан әрі - №1042 Қағида) реттелген. №1042 Қағиданың 26-тармағына сай, БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемдерін алу мақсатында алушы Заңның 31-бабының 1-1-тармағында, 32-бабының 1-1-тармағында көзделген шарттар болған кезде уәкілетті оператордың интернет-ресурсы арқылы уәкілетті операторға өтінішпен жүгінеді. №1042 Қағиданың 12-14-тармақтарының ережелеріне сәйкес уәкілетті оператор өтініш берушілердің біржолғы зейнетақы төлемдеріне берген өтініштерін қарау тәртібі мен мерзімдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы тағайындалуын растау жөніндегі қажетті құжаттардың тізбесін, оларды ұсыну тәсілдерін ішкі құжаттармен бекітеді және осы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Уәкілетті оператор өтініш берушінің біржолғы зейнетақы төлеміне арналған өтініштерін және алушының құжаттарын №1042 Қағидада айқындалған мақсаттар бойынша қабылдайды және оларды уәкілетті оператордың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды. Өтініш қаралғаннан және мақұлданғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде уәкілетті оператор БЖЗҚ-мен жасалған тиісті келісімде белгіленген тәртіппен электрондық хабарлама шеңберінде БЖЗҚ-ға біржолғы зейнетақы төлемдеріне тіркелген өтініштер туралы мәліметтерді жібереді. Осылайша, БЖЗҚ ААЖ-да өтінім болмаған жағдайда, бұл мәселені уәкілетті операторға жолдау қажет.

• 2. Әйелдердің зейнетке шығу жасы және зейнет жасын кезең-кезеңімен көтеру кестесі

Әйелдердің зейнет жасын көтеру 2018 жылдан бастап 2027 жыл аралығында 10 жыл ішінде жыл сайын 6 ай бойынша жүзеге асырылады. Мысалы, 1960 жылғы 1 қаңтарда дүниеге келген әйел 2018 жылғы 1 шілдеде зейнетке шыға алады, яғни 58,5 жасқа толғанда шығады. Егер әйел 1960 жылғы 1 шілдеде дүниеге келсе, оның зейнет жасы 59 жасқа келеді, себебі оның 58,5 жасқа толған күніне (2019 жылғы 1 қаңтарға) заңнамамен жалпы белгіленген зейнет жасы 59 жасты көздейді. Зейнет жасын кезең-кезеңмен көтеру кестесі: Жылы Зейнет жасы Туған күні 2018 жылғы 1 қаңтар 58 жас 6 ай – 1960 жылғы 1 қаңтардан бастап 1960 жылғы 30 маусым аралығы, 2019 жылғы 1 қаңтар 59 жас – 1960 жылғы 1 шілдеден 1960 жылғы 31 желтоқсанға дейін 2020 жылғы 1 қаңтар 59 жас 6 ай – 1961 жылғы 1 қаңтардан бастап 1961 жылғы 30 маусымға дейін 2021 жылғы 1 қаңтар 60 жас – 1961 жылғы 1 шілдеден бастап 1961 жылғы 31 желтоқсанға дейін 2022 жылғы 1 қаңтар 60 жас 6 ай – 1962 жылғы 1 қаңтардан бастап 1962 жылғы 30 маусымға дейін 2023 жылғы 1 қаңтар 61 жас – 1962 жылғы 1 шілдеден бастап 1962 жылғы 31 желтоқсанға дейін 2024 жылғы 1 қаңтар 61 жас 6 ай – 1963 жылғы 1 қаңтардан бастап 1963 жылғы 30 маусымға дейін 2025 жылғы 1 қаңтар 62 жас – 1963 жылғы 1 шілдеден бастап 1963 жылғы 31 желтоқсанға дейін 2026 жылғы 1 қаңтар 62 жас 6 ай – 1964 жылғы 1 қаңтардан бастап 1964 жылғы 30 маусымға дейін 2027 жылғы 1 қаңтар 63 жас – 1964 жылғы 1 шілдеден бастап 1964 жылғы желтоқсанға дейін.

• 3. Зейнетақы төлемдеріне құқық туындаған жағдайда зейнетақы төлемдерінің түсу мерзімдері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларының, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесінің, алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесінің, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткілікті шегін айқындау әдістемесінің 9-тармағына сай «Азаматтарға арналған Үкімет» (бұрынғы - ЗТМО) Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) ұсынылған алушылардың өтініштері бойынша Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ мен Мемлекеттік корпорация арасында жасалған тиісті келісімде белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-мен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, оның шеңберінде БЖЗҚ-ға Мемлекеттік корпорацияда тіркелген алушылардың өтініштері туралы мәліметтер беріледі. БЖЗҚ алушылардың зейнетақы төлемдерінің сомаларын Мемлекеттік корпорацияға аударады. Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-дан алынған зейнетақы төлемдерінің сомаларын Мемлекеттік корпорация белгілеген зейнетақы төлемдері кестесіне сәйкес, бірақ БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындаған күнінен ерте болмайтын мерзімде алушылардың өтініште көрсетілген банктік шоттарына аударады. Осыған

байланысты, барлық туындаған мәселелер бойынша зейнетақы қызметтерін тұтынушыға жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін өтініш берген орны бойынша Мемлекеттік корпорацияға жүгінуге кеңес беру керек.

• 4. Біржолғы зейнетақы төлеміне өтінішті орындау немесе бас тарту мерзімі

Орындау мерзімі - қабылданған өтініш туралы УО-дан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде; бас тарту мерзімі - мынадай жағдайларда бас тарту себебін көрсете отырып, қабылданған өтініш туралы УО-дан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

· мемлекеттік органдардың АЖ-да салымшының (алушының) жеке басты куәландыратын құжатының жарамсыздығы және (немесе) қайтыс болуы туралы мәліметтердің болуы;

· салымшының (алушының) БЖЗҚ-да ЗЖ-ның болмауы;

· салымшының (алушының) құқығының болмауы;

· салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен ЗЖ сомасы УО-дан электрондық хабарлама алған күні Зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне сәйкес ЗЖ ең аз жеткіліктілік шегінен аспайды;

· жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы төлемдерінің мөлшері жиынтығында Алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесіне сәйкес алушының орташа айлық кірісін 40 пайыздан төмен емес деңгейде алмастыру коэффициентін қамтамасыз етпейді.

• 5. Зейнет жасына толуына байланысты МЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының төлемі

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларына (бұдан әрі –Қағида) сәйкес БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері МЗЖ есебінен белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері және (немесе) зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымынан зейнетақы жинақтары есебінен төленетін сақтандыру төлемдері түрінде, сондай-ақ Заңның 31-бабының 1-1-тармағында көрсетілген адамдардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуіне ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдері түрінде қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан жүзеге асырылады. Ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады. Бұл ретте ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің есептелген мөлшерінің төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің кемінде 70 пайызы мөлшерінде (2021 жылы – 24 011,40 теңге = 70% * 34 302) жүзеге асырылады. Егер кезекті зейнетақы төлемі жүзеге асырылғаннан кейін ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан аз соманы құраған жағдайда, бұл қалдық кезекті төлемнің сомасымен бірге төленеді. Өтініш берілген күнге зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, зейнетақы жинақтарын бір жолғымен алуға болады. Сонымен бірге, Заңның 31-бабы 1-1-тармағының ережелеріне сәйкес БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, оның ішінде зейнетақы мөлшері, ал отставкадағы судьялар үшін зейнетақы мен ай сайынғы қамтылым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен айқындалатын 40 пайыздан төмен емес деңгейде алушының орташа айлық кірісін алмастыру коэффициентін қамтамасыз ететін адамдар өз пайдасына немесе жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) өзінің немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының емделуіне ақы төлеу үшін МЗЖ есебінен біржолғы зейнетақы төлемдері құқығына ие болады. Бұл ретте аталған адамдарға МЗЖ есебінен төленетін біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері салымшының (алушының) МЗЖ есебінен төленетін зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауы тиіс. Орташа айлық табысты алмастыру коэффициенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы №1 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерімен алушының орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесіне сәйкес, оның ішінде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынатын деректер негізінде есептелетінін атап өткен жөн.

• 6. Салымшының (кәмелетке толмаған тұлғалардың) қайтыс болуына байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығы

Заңның 50-бабының 5-тармағына сәйкес алушы, сондай-ақ БЖЗҚ-да, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар және Заңның 11-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшері шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры жерлеуге арналған біржолғы төлем (бұдан әрі – жерлеуге арналған төлем) төлейді. Бұл ретте, егер Бірлескен бұйрықты₂ орындау шеңберінде кәмелетке толмаған тұлға жерлеуге арналған төлемді алушы болып табылған жағдайда, келесі құжаттар топтамасы ұсынылады:

1. 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамның мүддесін қорғайтын заңды өкіл жүгінген кезде:

1) кәмелетке толмаған адамның туу туралы куәлігінің көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы немесе оның нотариат куәландырған көшірмесі (оның ішінде туыстық байланыстарды растайтын құжат ретінде);

2) кәмелетке толмаған тұлғаның туу туралы куәлігінде ЖСН болмаған жағдайда (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін) – ЖСН тіркеу туралы куәліктің көшірмесі не Қазақстан Республикасының азаматы төлқұжатының көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

3) заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

4) ата-анасы болмаған кезде - қорғаншылық тағайындалғанын растайтын құжат (қорғаншыны тағайындау туралы анықтаманың/баланы патронаттық тәрбиеге беру туралы шарттың/қорғаншылық тағайындалғанын растайтын өзге құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

5) алушының (кәмелетке толмаған тұлғаның) банк шоты туралы мәліметтері;

2. заңды өкілінің келісімімен әрекет ететін, 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлға жүгінген кезде:

1) кәмелетке толмаған тұлғаның туу туралы куәлігінің көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы (оның ішінде туыстық байланыстарды растайтын құжат ретінде);

2) 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлғаның туу туралы куәлігінде ЖСН болмаған жағдайда (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін) – ЖСН тіркеу туралы куәліктің көшірмесі не Қазақстан Республикасының азаматы төлқұжатының көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

3) кәмелетке толмаған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (16 жастан 18 жасқа дейін) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

4) заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

5) ата-анасы болмаған кезде - қамқоршылық тағайындалғанын растайтын құжат (қамқоршы тағайындау туралы анықтаманың/баланы патронаттық тәрбиеге беру туралы шарттың/қамқоршылық тағайындалғанын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы);

6) заңды өкілдің өтініш беруге жазбаша келісімі;

7) алушының (кәмелетке толмаған тұлғаның) банк шоты туралы мәліметтері.

Егер кәмелетке толмаған адам шет мемлекеттің азаматы болып табылған жағдайда, осы құжаттың 1-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша және осы құжаттың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжат ретінде кәмелетке толмаған тұлғаның шетелдік төлқұжатының көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылады. Бұл ретте шет мемлекеттер берген барлық құжаттар қолданыстағы заңнамада және БЖЗҚ-ның шетелдік құжаттарға қойылатын ІНҚ-да белгіленген талаптарды сақтай отырып ұсынылуы тиіс, яғни қажет болған жағдайда мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы жүзеге асырыла отырып, заңдастырылған/апостильденген болуы тиіс. Бірлескен бұйрықтың қолданылу кезеңінде, қағаз тасымалдағышта қайтыс болу туралы куәлік болмаған жағдайда, ЖТ МДҚ-да "қайтыс болған" өмірлік мәртебесін және 13.10.2020 жылдан ерте емес қайтыс болған күнін көрсете отырып, салымшының (алушының) қайтыс болуы туралы мәліметтердің болуы міндетті талап болып табылатынына қосымша назар аударамыз. 1 "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 2 "Қайтыс болуды тіркеуге байланысты қызметтерді көрсету кезінде оңтайландырылған үдерісті пилоттық режимде жүзеге асыру кезінде уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы туралы" бірлескен бұйрық; 3 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жеке тұлғалар" Мемлекеттік Деректер қоры. Қосымша: "Қайтыс болуды тіркеуге байланысты қызметтерді көрсету кезінде оңтайландырылған үдерісті пилоттық режимде жүзеге асыру кезінде уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы туралы" Бірлескен бұйрықтың (бұдан әрі - Бірлескен бұйрық) 1-тармағының ережелеріне сәйкес пилоттық жобаны іске қосқанға дейін (яғни 13.10.2020 ж.дейін) болған қайтыс болу фактілері бойынша қайтыс болуды тіркеу үдерісі бұрын анықталған тәртіп бойынша жүргізіледі. Осылайша, азаматтардың қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді беру міндеттілігі, оның ішінде жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау және мұрагерлердің қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарын алуы бөлігінде талапты алып тастау 13.10.2020 ж. кейін қайтыс болған жағдайда ғана қолданылады. Қайтыс болуы 13.10.2020 ж. бұрын басталған қайтыс болған адамдардың зейнетақы жинақтарын

төлеуге (жерлеуге/мұрагерлерге) алушылар БЖЗҚ-ға жүгінген жағдайда, БЖЗҚ қызметкерлері № 1042 Қағиданың ережелерін және БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алуы қажет, оларға сәйкес қайтыс болу туралы куәлікті қағаз тасымалдағышта, оның ішінде көрсетілген құжатты ұсыну нысанын (түпнұсқа/ нотариат куәландырган көшірме) сақтай отырып ұсыну міндетті.

• 7. МЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын төлеу шарттары

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 31-бабына сәйкес БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар тұлғалардың:

- 1) Заңның 11-бабының 1-тармағында көзделген шарттар басталған кезде (зейнет жасына толған кезде);
- 2) салымшы 45 жасқа толған кезде Заңның 59-бабының 1-тармағына сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызынан төмен емес төлеммен қамтамасыз етуге зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде;
- 3) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің;
- 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

• 8. МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын төлеу шарттары

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 32-бабына сәйкес БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар тұлғалардың:

- 1) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде күнтізбелік алпыс ай төленген, республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы мөлшерінде төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде, қырық жасқа толған тұлғалардың;
- 2) Заңның 11-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде (зейнет жасқа толған кезде);
- 3) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің;
- 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар. МКЗЖ есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

• 9. Қандай зейнетақы жарналары есебінен біржолғы зейнетақы төлеміне өтініш беруге болады?

Міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттары есебінен өтініш беруге болады.

• 10. Біржолғы зейнетақы төлемін алу үшін өтініш беруге кім құқылы?

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар, жұмыс істейтін азаматтар өтініш беруге құқылы. Мақсатты пайдалану құқығы белгілі бір жеткіліктілік шегінен асатын жинақтары бар азаматтар үшін қарастырылған. - Қалыптасқан зейнеткерлер (әлеуетті құрылымдар қатарындағы зейнеткерлерді қоса алғанда) – БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының қалған сомасының 50%-ынан аспайтын шекте. Олардың зейнетақысының жиынтық мөлшері (жасы немесе еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақыны, базалық зейнетақыны қоса алғанда) жоғалған табысты халықаралық стандарттарға сәйкес келетін деңгейде (кемінде 40%) алмастыруды қамтамасыз еткен жағдайда. - Сақтандыру компанияларымен зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасқан, оларға өмір бойғы аннуитеттік төлемдер қамтамасыз етілген тұлғалар.

- 11. **Қандай құжаттың негізінде біржолғы зейнетақы төлемі жүзеге асырылады?**

БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама шеңберінде келіп түсетін, Уәкілетті операторға берілген біржолғы зейнетақы төлеміне өтініштің негізінде жүзеге асырылады.

- 12. **Біржолғы зейнетақы төлемі кезінде жеке табыс салығын ұстап қалу**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы №105-V «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) ережелеріне сәйкес біржолғы зейнетақы төлемі – салымшы (алушы) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда белгіленген тәртіппен тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында БЖЗҚ-дан алатын МЗЖ және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы. Зейнетақы жинақтары - салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотында ескерілетін, оған МЗЖ, МКЗЖ және ерікті зейнетақы жарналары, инвестициялық табыс, өсімпұл және шарттарға, Заңға, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де түсімдер кіретін ақшасы. БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомаларына салық салу тәртібін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне (Салық Кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы және «Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы №382-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексін қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI кодексі (бұдан әрі - Салық кодексі) «Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемімен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктері» 351-1-бапмен толықтырылды. Салық кодексінің 351-1 – бабының 1, 7-тармақтарына сай БЖЗҚ атынан салық агенті Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес есептелген біржолғы зейнетақы төлемін алушының уәкілетті операторда ашылған арнайы банктік шотына аударған кезде жеке табыс салығын (бұдан әрі - ЖТС) есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте БЖЗҚ ЖТС-ын Салық кодексінің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді (10%) біржолғы зейнетақы төлемінің сомасына қолдану арқылы есептейді. ЖТС сомасын ұстап қалу мен аударуды Салық кодексінің 351-1-бабының 2-тармағына сай мемлекеттік бюджетке жеке тұлғаның таңдауы бойынша келесі тәсілдердің бірі арқылы БЖЗҚ жүргізеді:

1) Салық кодексінің 351-бабында көзделген тәртіппен біржолғы зейнетақы төлемі жүзеге асырылған күннен кешіктірілмей бір рет;

2) БЖЗҚ белгілеген зейнетақы төлемдері кестесі бойынша он алты жылдан аспайтын мерзім ішінде ай сайын тең үлестермен жүзеге асырылады. Салық кодексінің 321-бабының 9) тармақшасына сәйкес жеке тұлғаның жылдық табысына оның табыстарының барлық түрлері, оның ішінде зейнетақы төлемдері, біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі табыс кіреді.

Бұл ретте, салық салуға жататын зейнетақы төлемдері түріндегі табысқа келесі мөлшерлерде салықтық шегерім қолданылады:

1) Салық Кодексінің 326-бабының 1) тармақшасында көзделген төлемдер бойынша - республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы төлемі жүзеге асырылатын әрбір ай үшін зейнетақы төлемі түріндегі табысты есептеу күніне қолданыста болатын ең төменгі бір жалақы мөлшері мөлшерінде;

2) Салық Кодексінің 326-бабының 2) тармақшасында көзделген төлемдер бойынша - республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы төлемі түрінде табысты есептеу күні қолданыста болатын ең төменгі жалақының 12 еселенген мөлшерінде (Салық кодексінің 345-бабының 1-тармағы енгізу туралы Заңның 33-бабында жазылған редакцияда). Осыған байланысты БЖЗҚ салық агенті деп танылып, біржолғы зейнетақы төлемімен ЖТС есептеуді жүргізетіндіктен, Салық кодексінің 345-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген салықтық шегерімдер, сондай-ақ Салық кодексінің 346-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген стандартты салықтық шегерімдер біржолғы зейнетақы төлеміне қолданылмайды.

- 13. **Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі дегеніміз не?**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына (1-баптың 15-1) тармақшасы) сәйкес зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі – бұл Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес айқындалған, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес ай сайынғы зейнетақыны

қамтамасыз ету үшін қажетті міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының ең төмен мөлшері.

Басқаша айтқанда, ең төмен жеткіліктіліктің шегі - бұл болашақ зейнетақы жарналарымен жиынтықта зейнет жасына жеткен сәтте ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес жиынтық ай сайынғы төлемді қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төмен деңгейін қамтамасыз ететін зейнетақы жинақтарының сомасы (жарналарды да, инвестициялық табысты да қоса алғанда). Жиынтық ай сайынғы төлем деп БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемінің сомасы және базалық мемлекеттік төлемнің ең төмен мөлшері түсініледі. Болашақ зейнетақы жарналарын есептеу кезінде салымшы міндетті зейнетақы жарналарын жылына 12 рет ең төменгі жапақыдан зейнет жасына толғанға дейін жүзеге асыруды жалғастырады деп болжанады. Осылайша, ең төменгі жеткіліктілік шектерінің мөлшерін есептеу белгілі бір жасқа қарай адамның қанша табыс таба алатынына емес, зейнет жасына қарай жинақталған зейнетақы жинағының сомасы жоғарыда көрсетілген ең төменгі талаптарға сәйкес келуіне негізделеді.

• 14. Құжаттарды үшінші тұлға (сенім білдірілген адам) арқылы берген кездегі зейнетақы жинақтарын қайта төлеу

Үшінші тұлға (сенім білдірілген адам) арқылы құжаттарды берген кезде зейнетақы жинақтарының қайтадан төлемін жүзеге асыру үшін БЖЗҚ-ға мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) БЖЗҚ-ның ішкі құжатында бекітілген нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш (сенім білдірілген адам БЖЗҚ-ға жүгінген кезде ресімделеді);
- 2) егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдік паспорттың нотариат куәландырылған көшірмесі;
- 3) нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы немесе оның нотариат куәландырған көшірмесі;
- 4) үшінші адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;
- 5) алушының банк шоты туралы мәліметтері. Шетел азаматының төлқұжатында «тегі» және/немесе «аты» және/немесе «әкесінің аты (бар болса)» өзгерген жағдайда, жоғарыда көрсетілген құжаттарға қосымша БЖЗҚ-ға Қазақстан Республикасы уәкілетті органының не шетелдік құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтай отырып ресімделген негізгі деректемелердің өзгеру дерегін растайтын шетел мемлекетінің анықтама түпнұсқасын немесе неке қию/бұзу және неке қию/тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы куәліктің нотариат куәландырылған көшірмесін не заңды күшіне енген сот шешімін ұсыну қажет. Осылайша, Сіздің тегіңіздің өзгеру дерегін растау үшін сенім білдірген адамыңыз қосымша неке қию туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін беруі керек.

Сонымен қатар Тіл туралы Заңның 10-бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етілетіні белгіленген. Осыған байланысты шет тілінде жасалған, БЖЗҚ-ға ұсынылатын барлық құжаттар, оның ішінде шетелдік төлқұжаттың және неке қию туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмелері, сондай-ақ құжаттың көшірмесінің дұрыстығын куәландыру кезінде жасалған нотариустардың куәландырма жазбалары мемлекеттік не орыс тілдеріне аударылады.

Белорус Республикасы азаматының шетелдік төлқұжатында Сіздің дербес деректеріңіз (тегіңіз, атыңыз, әкеңіздің аты, туған күніңіз бен жеріңіз, паспортты берген күн мен орган, оның әрекет ету мерзімі және басқалар) туралы ақпарат, соның ішінде орыс тілінде болған (әдетте, орыс тіліндегі жазбалар Беларус Республикасының азаматы паспортының соңғы бетінің алдыңғы бетінде жазылады) жағдайда паспорттың беттерін аударуды жүзеге асыру қажеттілігі болмайды. Десек те, егер неке қию туралы куәлік, сондай-ақ нотариустың шетелдік төлқұжат пен неке қию туралы куәлік көшірмелерінің дұрыстығын куәландыру кезінде жасаған куәландыру жазбалары белорус тілінде жасалған болса, оларды мемлекеттік не орыс тіліне аудару қажет. Сіздің «... сенімхатта тек «БЖЗҚ» АҚ-да білдіретін мүддесін ғана қалдыру қажет пе, қалғаны алып тасталсын ба?» деген сауалыңызға қатысты. БЖЗҚ-ның веб-сайтына орналастырылған сенімхат үлгілері (оның ішінде ҚР тыс жерге ТТЖ кетуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті беру және қол қою мақсатында БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамдар болып табылатын салымшылар (алушылар) үшін сенімхат үлгілері) (№2 сенімхат үлгісі) сенімхатты ресімдеу кезінде сенім білдірілген тұлғаның өкілеттік нұсқамасы болады және орындауға міндетті емес.

Осыған байланысты сенімхатты ресімдеген кезіңізде сенімхат үлгісінің мәтініне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге болады. Сонымен қатар, ұсынылған сенімхат үлгісін Сіз сенім білдірген адамыңызға өкілеттік, оның ішінде өтініш беру мәселесі бойынша өкілеттік беру үшін қолдана аласыз. Сіздің «... төлқұжат беттерінің суретін жіберейін деген едім, бәрі сізге түсінікті ме, жоқ әлде тағы басқа да аударма қажет пе?» деген сұрағыңызға қатысты. Құжаттардың сәйкестігін алдын ала тексеру үшін БЖЗҚ-ның электрондық мекенжайына талап етілетін құжаттардың сканерден өткізілген көшірмелерін жіберуге болады.

- 15. **Салымшының қайтыс болуына байланысты жерлеуге берілетін біржолғы төлем тәртібі**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 50-бабының 5-тармағына сәйкес алушы, сондай-ақ БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және зейнеткерлік жасқа толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшері шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлем (бұдан әрі – жерлеуге арналған төлем) төлейді. Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін алушының ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтары қалдығының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларының, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесінің, алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесінің, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткілікті шегін айқындау әдістемесінің (бұдан әрі - Қағида) 15-тармағына сәйкес зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесі немесе жерлеуді жүзеге асырған адам жерлеуге арналған біржолғы төлемді алу үшін БЖЗҚ-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш);
- 2) зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің немесе жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;
- 3) зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;
- 4) зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің не жерлеуді жүзеге асырған адамның банктік шоты туралы мәліметтері. Жерлеуге арналған біржолғы төлем Қағидалардың 15-тармағында көзделген құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

12.10.2020 жылдан бастап «Қайтыс болуды тіркеуге қатысты қызметтерді көрсетудің оңтайландырылған үрдісін пилоттық режимде жүзеге асыру кезінде уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 2 қыркүйектегі № 314, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 қыркүйектегі № 569, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 359, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 441, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 346, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 113, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 184, Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 321/НҚ және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 15 қыркүйектегі № 635 Бірлескен бұйрығы (бұдан әрі – Бірлескен бұйрық) қолданысқа енгізілді. Бірлескен бұйрықтың қолданылу кезеңінде қайтыс болған адамның жерлеуге арналған біржолғы төлемін тағайындау, зейнетақы жинақтарын алу кезінде 12.10.2020 (қоса алғанда) бастап қайтыс болған салымшылардың (алушылардың) қайтыс болуы туралы куәліктерін қағаз тасымалдағышта ұсыну (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде берілген қайтыс болу туралы куәліктерді ұсыну жағдайларын қоспағанда) талап етілмейді. Бұл ретте БЖЗҚ қайтыс болған адамдар туралы мәліметтерді ақпараттық жүйелерді интеграциялау не «электрондық үкімет» порталында қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы электрондық анықтамаларды тексеру арқылы алады.

Қайтыс болған адам мен өтініш берушінің арасындағы туыстық байланыстар туралы ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, оларды сәйкестендіру мақсатында өтініш берушінің қайтыс болған адаммен туыстығын растайтын құжаттарды ұсынуына жол беріледі. Бірлескен бұйрықты орындау шеңберінде, 12.10.2020 ж. бастап қайтыс болған салымшылардың (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде берілген қайтыс болу туралы куәліктерді ұсыну жағдайларын қоспағанда) зейнетақы жинақтарының мұрагерлері болып табылатын және (немесе) жерлеуге арналған біржолғы төлемді алушылар өтініш білдірген кезде, БЖЗҚ «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінде (ЖТ МДҚ) бар қайтыс болу туралы мәліметтерді басшылыққа алады. ЖТ МДҚ-да қайтыс болу туралы мәліметтер болмаған жағдайда, БЖЗҚ тиісті бас тарту себебін көрсете отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат бере отырып, өтінішті қабылдаудан бас тартады.

- 16. **Жеке табыс салығын ұстап қалу**

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде салық салуға жататын зейнетақы төлемдері түріндегі кірістерге жатқызылатын төлемдер және зейнетақы төлемдері түріндегі кіріске қолданылатын салық мөлшерлемесі айқындалған. Сонымен Салық кодексінің 326-бабына сай салық салуға жататын, зейнетақы төлемдері түріндегі кіріске БЖЗҚ:

1) салық төлеушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары; ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт талаптарына сәйкес ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан;

2) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұрғылықты жерге кеткен Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғаларына;

3) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұрғылықты жерге кеткен Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғаларына;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалған зейнетақы жинақтары түрінде жеке тұлғаларға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлем түрінде жеке тұлғаларға жүзеге асыратын төлемдер жатады.

Салық кодексінің 320-бабына сай, Қазақстан Республикасында көздерден алынған дивиденд түріндегі кірістерді қоспағанда, салық төлеушінің кірістеріне 10 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салынады. Салық кодексінің 353-бабының 3-тармағына сай зейнетақы төлемдері түріндегі салық салынатын кіріс мөлшері мынадай тәртіппен айқындалады: салық салуға жататын, зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс сомасы, алу осы Кодекстің 341-бабының 1-тармағында көзделген жеке табыс салығы бойынша түзету сомасы, алу осы Кодекстің 345-бабының 1-тармағында және 346-бабы 1-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген тәртіппен және мөлшерлерде салықтық шегерімдер сомасы; Салық кодексінің 345-бабына сай салық салуға жататын, зейнетақы төлемдері түріндегі кіріске салықтық шегерім мынадай мөлшерлерде қолданылады: 1) Салық кодексінің 326-бабының 1) тармақшасында көзделген төлемдер бойынша – зейнетақы төлемі жүзеге асырылатын әрбір ай үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы төлемі түріндегі кірісті есепке жазу күніне қолданыста болатын бір ең төмен жапақы мөлшерінде; 2) Салық кодексінің 326-бабының 2) тармақшасында көзделген төлемдер бойынша – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы төлемі түріндегі кірісті есепке жазу күніне қолданыста болатын ең төмен жапақы мөлшерінің 12 еселенген мөлшерінде. Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес салымшының қайтыс болғаны туралы анықтама немесе салымшының қайтыс болғаны туралы куәлік болған кезде ЖТС бойынша түзетулерге ең төменгі есептік көрсеткіштің 94 еселенген мөлшері шегінде жерлеуге арналған төлемдер жатады. Сондай-ақ Салық кодексінің 346-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес келесідей зейнетақы төлемін алушыларға БЖЗҚ-дан төленген күні мұндай адамның:

- Ұлы Отан соғысына қатысушы және оларға теңестірілген адам;

- Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адам;

- 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адам;

- I, II немесе III топтардағы мүгедек;

- мүгедек бала;

- мүгедек баланың ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі,

- он сегіз жасқа толғанға дейін әрбір осындай мүгедек бала үшін;

- "бала кезінен мүгедек" деген себеппен мүгедек деп танылған адамның ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі,

- өмір бойына әрбір осындай адам үшін;

- бала асырап алушылардың бірі,

- асырап алынған бала он сегіз жасқа толғанға дейін әрбір осындай адам үшін;

- жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде әрбір осындай адам үшін –,

- жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына қабылдап алған ата-аналардың бірі болып табылатыны негізінде күнтізбелік жыл үшін айлық есептік көрсеткіштің 882 еселенген мөлшерінде стандартты салықтық шегерімдер қолданылады.

Салық кодексінің 351-1-бабында Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда белгіленген тәртіппен тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында салымшы (алушы) БЖЗҚ-дан алатын біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктері қарастырылған. Бұл ретте БЖЗҚ ЖТС-ті Салық кодексінің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді (10% мөлшерінде) біржолғы зейнетақы төлемі сомасына қолдану арқылы есептейді. Салық кодексінің 351-1-бабының 2-тармағына сай БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомасынан ЖТС ұстап қалуды және аударуды жеке тұлғаның ЖТС ұстап қалу туралы өтінішіне сәйкес БЖЗҚ мынадай тәсілдердің бірі бойынша жүргізеді:

1) Кодекстің 351-бабында көзделген тәртіппен біржолғы зейнетақы төлемін жүзеге асыру күнінен кешіктірмей, бір уақытта жүргізеді;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы төлемдері үшін белгілеген кесте бойынша ай сайын тең үлестермен он алты жылдан аспайтын мерзім ішінде жүргізеді. ЖТС ұстап қалу зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлға БЖЗҚ атынан салық агентіне ұсынған ЖТС ұстап қалу туралы өтініштің негізінде жүргізіледі.

Зейнетақы төлемдерін алушылардың келесі табыстарына салықтық шегерімдерді қолданбай, 10 (он) пайыз мөлшерлеме бойынша ЖТС салынатынына назар аударамыз:

- Салық кодексінің 346-бабының 1-тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген адамдарды қоспағанда, жеке тұлғаларға берілетін мұраға қалдырылған зейнетақы жинақтары түріндегі төлемдер;

- Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын жеке тұлғаларға берілетін төлемдер (Салық кодексінің 655-бабының 3-тармақшасы);

- тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында салымшы (алушы) БЖЗҚ-дан алатын біржолғы зейнетақы төлемдері.

• 17. Уәкілетті оператордың БЗТ-ны қайтару мерзімдері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларының 32-тармағының ережелеріне сәйкес қайтару:

1) алушы уәкілетті операторға алушының арнаулы шотына есепке жазылған біржолғы зейнетақы төлемінің бүкіл сомасын немесе оның бір бөлігін БЖЗҚ-ға қайтаруға өтініш берген;

2) алушы уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) емделуге ақы төлеуге пайдаланылғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған;

3) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында аударылған біржолғы зейнетақы төлемдері басқа мақсатта пайдаланылған жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда уәкілетті оператор алушыға уәкілетті оператордың интернет-ресурсы арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалануды растайтын құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы электрондық хабарлама жібереді. Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда алушы тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында езі алған біржолғы зейнетақы төлемінің бүкіл сомасын немесе оның бір бөлігін уәкілетті оператордан ашылған өзінің арнаулы шотына қайтарады. Уәкілетті оператор алушы қайтаратын сома түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды БЖЗҚ-ға қайтаруды жүзеге асырады.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, уәкілетті оператор алушыдан қайтаруға өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға біржолғы зейнетақы төлемдерін қайтаруды жүзеге асырады.

• 18. Әскери қызметші өзінің зейнетақы жинақтарын қалай пайдалана алады?

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 30-бабының 1-тармағына сай БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан белгіленген график бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері және (немесе) зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес зейнетақы жинақтары есебінен сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемдері түрінде, сондай-ақ

осы Заңның 31-бабының 1-1-тармағында, 32-бабының 1-1-тармағында аталған адамдарға тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдері түрінде жүзеге асырылады. Заңның 31-бабының 1-1 тармағымен және 32-бабының 1-1 тармағымен өз пайдасына немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының пайдасына тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) өзінің немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының емделуіне ақы төлеу үшін МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен біржолғы зейнетақы төлемдері құқығына БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдар мынадай шарттардың бірі болған кезде:

- егер салымшының ЖЗШ-дағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегінен асатын болса;

- егер зейнетақы мөлшері, ал отставкадағы соттар үшін зейнетақы мен ай сайынғы қамтылым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен айқындалатын 40 пайыздан төмен емес деңгейде алушының орташа айлық кірісін алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе, ие болады.

Орташа айлық кірісті алмастыру коэффициентін есептеу кезінде алушының зейнеткерлікке шығу күнінің алдындағы, бірақ республика бойынша орташа айлық кірістен аспайтын кірісі есепке алынады; егер салымшы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған болса, ие болады. Бұдан бөлек, МЗЖ салымшыларына, өзіне МКЗЖ аударылған жеке тұлғаларға өздерінің зейнетақы жинағының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушының (бұдан әрі - ИПБ) сенімгерлік басқаруына беруге Заңмен құқық берілген.

Заңның 35-1 бабының 5-тармағына сәйкес БЖЗҚ зейнетақы активтерін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беруді бір мезгілде мынадай шарттар орындалған кезде жүзеге асырады:

- 1) өзіне МКЗЖ аударылған салымшының, жеке тұлғаның БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша және құжаттарды қоса бере отырып, ИПБ-ны таңдау (өзгерту) туралы жазбаша өтінішінің болуы;

- 2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ИПБ және кастодиан-банк арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың, сондай-ақ кастодиандық шарттың болуы;

- 3) өзіне МКЗЖ аударылған салымшының, жеке тұлғаның ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берілуге жататын зейнетақы жинақтары: өзіне МКЗЖ аударылған салымшының, жеке тұлғаның зейнетақы жинақтарының нақты сомасы мен өзіне МКЗЖ аударылған салымшының, жеке тұлғаның зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі арасындағы айырмадан аспайды; не болмаса сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда, олардың жеке зейнетақы шоттарындағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының мөлшерінен аспайды;

- 4) өзіне МКЗЖ аударылған салымшының, жеке тұлғаның өтінішінде көрсетілген ИПБ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сай келеді.

Осылайша, әскери қызметкер өзінің зейнетақы жинағының бір бөлігін (бар болса) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) емделу ақысын төлеуге пайдалануға, ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беруге құқылы болады.

• 19. **Зейнетақы жинағын мұрагерлікке алу**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 31-33 баптарының ережелеріне сәйкес БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 6-бөліміне (Мұрагерлік құқық) сай мұраға ие болу үшін мұрагер мұрагерлік ашылған орын бойынша нотариусқа немесе уәкілетті лауазымды тұлғаға мұрагерлікке құқық туралы куәлікті беру заңына сәйкес мұраны қабылдау туралы өтінішті не болмаса мұрагерлікке құқық туралы куәлікті беру туралы өтінішті беру арқылы мұраны қабылдауы тиіс.

Бұл ретте мұра мұрагерлік ашылған күннен бастап алты ай ішінде, яғни мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап алты ай ішінде қабылдануы мүмкін. Егер мұрагер дәлелді себептер бойынша мерзімді өткізіп алса және мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді өткізіп алған мұрагер осы мерзімді өткізіп алу себептері жойылғаннан кейін сотқа жүгінсе, мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді өткізіп алған мұрагердің өтініші бойынша (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1072-2 бабы) сот осы мерзімді қапшына келтіріп бере алады және мұрагерді мұраны қабылдады деп тани алады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес құқықтық мирасқорлар жеті кезекке бөлінеді, соның ішінде бірінші кезекте заң бойынша мұрагерлікке құқықты тең үлеспен мұра қалдырушының балалары, соның ішінде асырап алған балалары, жұбайлары және ата-анасы алады.

- **20. ЕЗЖ есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарын төлеу шарттары**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 33-бабына сәйкес БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар:

- 1) елу жасқа толған;
- 2) мүгедек болып табылатын;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету ниетін немесе фактісін растайтын құжаттарды ұсынған; Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың;
- 4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы ЕЗЖ мен оларға есептелген инвестициялық кіріс сомалары шегінде кемінде бес жыл зейнетақы жинақтары бар адамдардың ерікті зейнетақы жарналары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдеріне құқығы туындайды. БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібін алушы БЖЗҚ зейнетақы қағидаларына (ЕЗЖ есепке алу үшін) сәйкес өз бетінше айқындайды.

- **21. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы жинағының төлемі қандай құжаттың негізінде жүзеге асырылады?**

БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама шеңберінде келіп түсетін, уәкілетті операторға интернет-ресурс арқылы жеке тұлға беретін біржолғы зейнетақы төлеміне электрондық өтініштің негізінде жүзеге асырылады. БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін нысаналы пайдалану жөніндегі уәкілетті операторлар болып айқындалды:

- тұрғын үй жағдайларын жақсарту және емделуге ақы төлеу мақсатында – «Отбасы Банк» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ;

- бір банктік қарыз шарты шеңберінде жөндеу жүргізе отырып, тұрғын үйді және (немесе) тұрғын үйді сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна енгізу арқылы тұрғын үй жағдайларын жақсарту; бір банктік қарыз шарты шеңберінде жөндеу жүргізе отырып, тұрғын үйді және (немесе) тұрғын үйді сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша берешекті ішінара немесе толық өтеу; ипотекалық тұрғын үй қарызын қайта қаржыландыру мақсатында - екінші деңгейдегі банктер («Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ).

- **22. Егер мұрагерлер оларды алып кетпесе, қайтыс болған салымшының зейнетақы жинақтарының жай-күйі не болады?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 31-33 бабының ережелеріне сай БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар заңнамада белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 1039-бабының 1-тармағында мұрагерлік өсиет бойынша және (немесе) заң бойынша жүзеге асырылады, яғни өсиет болмаған жағдайда, мұрагерлер нотариусқа жүгінген кезде, оларға заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік беріледі деп айқындалған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1083-бабына сәйкес, егер өсиетхат бойынша да, заң бойынша да мұрагерлер болмаса немесе олардың ешқайсысының мұраға құқығы болмаса немесе олардың барлығы мұрадан бас тартса, мұра иесіз қалған мүлік деп танылады. Иесіз қалған мүлік мұраның ашылған жері бойынша коммуналдық меншікке өтеді. Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады.

Зейнетақы жинақтарын иесіз қалған мүлік деп тану туралы сот актісі ресімделген жағдайда, БЖЗҚ-ға мынадай құжаттар ұсынылады:

- заңды күшіне енген сот актісі;

- банктік шот туралы мәліметтер. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1083-бабына сәйкес иесіз қалған мүлік деп танылған зейнетақы жинақтарын алуға сот актісі бойынша жүгінген адамдарға зейнетақы төлемдері БЖЗҚ-ға құжаттар қабылданған не келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

- **23. Пошта байланысы арқылы келіп түскен, тұрақты тұрғылықты жерге (ТТЖ) кетуге байланысты зейнетақы жинақтары төлеміне құжаттарды қарау мерзімдері**

Зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларында, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесінде, алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесінде, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткілікті шегін айқындау әдістемесінде көзделген құжаттар БЖЗҚ-ға келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

БЖЗҚ деректемелері өтініште көрсетілетін алушының банк шотына зейнетақы төлемдерін аударады. Алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, БЖЗҚ бас тарту себебін көрсете отырып, құжаттарды алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы өтінішті орындаудан бас тартады.

- **24. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе емделуге ақы төлеуге алу үшін біржолғы зейнетақы төлемінің қолжетімді сомасын қалай білуге болады?**

Алып қою үшін қолжетімді зейнетақы жинақтарының сомасы туралы мәліметтерді Сіз веб-сайттағы не БЖЗҚ-ның мобильді қосымшасындағы Жеке кабинеттен, электрондық үкімет веб-порталынан 24/7 түзімінде ала аласыз.

- **25. Біржолғы зейнетақы төлемі дегеніміз не?**

Біржолғы зейнетақы төлемі - Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларында белгіленген тәртіппен салымшы (алушы) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында БЖЗҚ-дан алып қоятын, міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы.

- **26. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарын алып қою мүмкіндігін қаншалықты жиі пайдалануға болады?**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 24 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларының 6-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 15 ақпандағы №ҚР ДСМ-18 бұйрығымен бекітілген Емделу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларының 24-тармағына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 30-бабының 1-тармағында, 31-бабының 1-1-тармағында және (немесе) 32-бабының 1-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде, БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының тұрғын үй жағдайларын жақсартуға алып қоюға немесе емделуге ақы төлеуге қолжетімді сомасы шегінде шектеусіз рет пайдаланылады.

- **27. Алушылардың тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін нысаналы пайдалануын тексеруді кім жүзеге асырады?**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларының, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесінің, алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесінің, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткілікті шегін айқындау әдістемесінің 32-тармағына сәйкес тұрғын үй жағдайларын

жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсаттарына біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы пайдаланылуын мониторингілеуді уәкілетті оператор жүзеге асырады.

• **28. Стоматологиялық клиникаларда пайдалану үшін ЗЖ алу үдерісі?**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 15 ақпандағы № ҚР ДСМ-18 Бұйрығымен бекітілген Біржолғы зейнетақы төлемдерін емделуге пайдалану қағидаларын (бұдан әрі – Қағида) Заң департаменті 18.02.2021 жылғы № ЗМАА-8576 қызметтік жазба шеңберінде филиалдарға және мүдделі құрылымдық бөлімшелерге жіберді, сондай-ақ ЭҚЖ-ның тиісті бөлімінде орналастырылды. Осы Қағида деректеріне сәйкес ЗЖ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан медициналық ұйымдарда көрсетілетін стоматологиялық қызметтер (тістерді протездеу, имплантация) үшін ақы төлеуге де пайдаланылуы мүмкін.

Зейнетақы жинақтарын ЕМДЕЛУГЕ пайдалану үшін өтінімді қалай рәсімдеуге болады:

1. Біржолғы зейнетақы төлеміне өтініш беріңіз және ЭЦҚ арқылы қол қойыңыз.
2. БЖЗҚ 5 жұмыс күні ішінде БЗТ сомасын сіздің Отбасы банктегі арнайы шотыңызға аударады.
3. Арнайы шотқа қаражат түскеннен кейін диагностика жүргізу үшін бейінді медициналық маманға жүгініңіз.
4. Бейінді маманның қорытындысын алғаннан кейін тіркелген жеріңіз бойынша медициналық ұйымға хабарласыңыз (тіркелген жеріңізді E-Gov.kz порталынан білуге болады) және онда жеке басыңызды куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, дәрігерлік комиссияның қорытындысын беру туралы өтініш беріңіз.
5. Дәрігерлік комиссия сіз жүгінген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде не емделуге жіберу, не бас тарту туралы шешім қабылдайды.
6. 2 жұмыс күні ішінде комиссия хатшысы сізге қорытындыны береді.
7. Оң қорытындыны алғаннан кейін емделгіңіз келетін медициналық ұйымды таңдап, онымен келісім жасаңыз. Шартта медициналық қызметтің түрі, дәрігерлік комиссияның қорытындысынан белгіленген диагноз, медициналық ұйымның сомасы мен деректемелері көрсетілуі тиіс.
8. Eprf-otbasy.kz платформасына дәрігерлік комиссияның қорытындысы мен медициналық ұйыммен жасалған шартты PDF форматында жүктеңіз.
9. Отбасы банк 5 жұмыс күні ішінде құжаттардың сәйкестігін тексереді және шартта көрсетілген деректемелер бойынша сіздің арнайы шотыңыздан медициналық ұйымға қаражат аударады.

• **29. Егер зейнеткердің БЖЗҚ-дан алатын төлемі аз болса, онда БЗТ алынған соң, зейнеткерден табыс салығын төлеуді таңдаған кезде, ай сайын осы ең төменгі төлемнен табыс салығы шегеріледі ме?**

Салық Кодексінің 326-бабының 1) тармақшасында салық салуға жататын зейнетақы төлемдері түріндегі кіріске БЖЗҚ зейнетақы жинақтары сомаларынан жүзеге асыратын төлемдер жататындығы белгіленгеніне назар аударамыз.

БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомасына салық салу тәртібін айқындау мақсатында Салық кодексінің 351-1-бабында біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктері көзделген. ЖТС ұстап қалу зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлға БЖЗҚ атынан салық агентіне ұсынған ЖТС ұстап қалу туралы өтініштің негізінде жүргізіледі.

Осылайша жеке тұлға Салық кодексінің 351-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС ұстап қалу туралы өтініш берген кезде, ЖТС ұстап қалу және аударуды БЖЗҚ белгіленген кесте бойынша БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі кезінде жүзеге асыратын болады. Біржолғы зейнетақы төлемімен ЖТС есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктерін айқындайтын Салық кодексінің 351-1-бабында салықтық шегерімдер беру көзделмегенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, Салық кодексінің 353-бабының 3-тармағына сәйкес салымшы БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері кезінде салық шегерімдерін қолдануға құқылы. Осылайша Салық кодексінің 351-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес туындаған салық міндеттемелерін ұстап қалуды және бюджетке аударуды ескере отырып, салымшының ЖЗШ-сындағы зейнетақы жинақтарының қалдығын негізге ала отырып, БЖЗҚ төлемдерді жүзеге асырады:

1-мысал:

- 1) Жасы бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері - 44 517,09 теңге;

2) ЖТС – 201,71 теңге (44 517,09 – 42 500,00)* 10%, мұнда 42 500,00 теңге – 1 ең төменгі жапақы мөлшеріндегі салық шегерімі, Салық кодексінің нормаларына сай;

3) Біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы -2 500 000,00 теңге;

4) Біржолғы зейнетақы төлемінен зейнетақы төлемдері үшін БЖЗҚ белгілеген кесте бойынша 16 жылдан аспайтын мерзім ішінде тең үлестермен есептелген ЖТС сомасы – 1 302,08 теңге (2 500 000,00* 10%):192, мұнда 192– айлар саны (16 жыл* 12);

5) Төлемге берілетін сома – 43 013,30 теңгені құрайды (44517,09 –201,71-1302,08).

2-мысал:

1) Жасы бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері – 24 011,00 теңге (ең төменгі күнкөріс деңгейінен 70%);

2) Біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы – 2 400 000,00 теңге;

3) Біржолғы зейнетақы төлемінен зейнетақы төлемдері үшін БЖЗҚ белгілеген кесте бойынша 16 жылдан аспайтын мерзім ішінде тең үлестермен есептелген ЖТС сомасы – 1 250,00 теңге (2 400 000,00* 10%):192, мұнда 192 – айлар саны (16 жыл* 12);

4) Төлемге берілетін сома 22 761,00 теңгені құрайды (24 011,00 – 1 250,00).

• **30. БЗТ алу зейнеткердің БЖЗҚ-дан алатын төлеміне қалай әсер етеді: ай сайынғы төлемдер азая ма, әлде төлем мерзімі қысқара ма?**

Заңның 34-бабы 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БЖЗҚ алушыларға зейнетақы төлемдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асыруға міндетті. Көрсетілген тәртіп пен талаптар Қағидамен анықталған.

№1042 Қағиданың 3-тармағының 1) тармақшасына сай зейнетақы төлемдері салымшыларға (алушыларға) ай сайын белгіленген кесте бойынша жүзеге асырылады. 01.04.2021 жылдан бастап қолданысқа енгізілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес зейнетақы төлемдерін есептеу 01.04.2021 жылдан бастап қабылданған өтініштер бойынша жүзеге асырылатын болады.

Ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады. Бұл ретте ай сайынғы зейнетақы төлемі ҚД-нің 70%-ынан кем емес мөлшерде жүзеге асырылады.

Зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтарын төлеу мөлшерлемесіне – 6,5 %-ға көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Зейнетақы төлемдері жүзеге асырылған кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері өткен жылғы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін зейнетақы төлемдерін индексстеу мөлшерлемесіне – 5%-ға ұлғайту жолымен айқындалады. Алушы БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемдерін алу мақсатында Заңның 31-бабының 1-1-тармағында, 32-бабының 1-1-тармағында көзделген шарттар болған кезде біржолғы зейнетақы төлеміне өтінішпен уәкілетті операторға жүгінеді.

• **31. Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұру жеріне кетуге байланысты зейнетақы жинақтарының төлемі**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 31, 32 және 33-баптарының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұратын жерге кетуге байланысты БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдеріне:

1) міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұратын жерге кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған;

2) ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұратын жерге кететін немесе кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, кету ниетін немесе фактісін растайтын құжаттарды ұсынған адамдар ие.

Заңның 34-бабының 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес алушыларға және (немесе) уәкілетті операторға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Аталған тәртіп, талаптар, сондай-ақ қажетті құжаттар тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларында (бұдан әрі – № 1042 Қағида) белгіленген. Заңның 27-бабының 4-тармағына сәйкес ЕЗЖ мөлшерлемесі, оларды төлеу тәртібі, сондай-ақ ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін төлеу тәртібі ерікті зейнетақы жарналары есебінен шарт тараптарының келісуі бойынша белгіленеді. Бұл ретте ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар тізбесі «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларында (ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша) (бұдан әрі – Зейнетақы қағидалары) (БЖЗҚ-ның www.enpf.kz мекенжайы бойынша корпоративтік веб-сайтына орналастырылған) белгіленген.

Зейнетақы жинақтарын төлеу құжаттары БЖЗҚ-ға төменде көрсетілген тәсілдердің бірі арқылы ұсынылуы мүмкін:

- өзі келіп өтініш жасағанда;

- пошта байланысы арқылы;

- үшінші адам арқылы (сенім білдірілген адам). Бұл ретте құжаттар тек сенім жүктелген адам БЖЗҚ кеңсесіне өзі келіп өтініш жасағанда ғана қабылданады.

№1042 Қағидалардың 12-тармағына және Зейнетақы қағидаларының 35-тармағына сәйкес, МЗЖ, МКЗЖ және ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алушы болып табылатын, Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрғылықты тұратын жерге кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өздері келіп өтініш жасаған кезде, БЖЗҚ-ға міндетті түрде:

1) БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысандағы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдік паспорттың көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын («Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шетелдік паспорт шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын және олардың құқықтық мәртебесін растайтын құжат ретінде Қазақстан Республикасы танитын құжат болып табылады);

3) алушының банк шоты туралы мәліметтерді ұсынады. Сонымен қатар, №1042 Қағидалардың 12-тармағына және Зейнетақы қағидаларының ережелеріне сәйкес жоғарыда көрсетілген құжаттарды алған кезде, БЖЗҚ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен өтініш жасаған шетелдікте немесе азаматтығы жоқ адамда Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және оның жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады.

Өтініш берген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне не шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатының күшінің жойылуына байланысты Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайда, БЖЗҚ зейнетақы төлемін құжаттар БЖЗҚ-ға қабылданған не келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Өтініш берген шетелдіктің Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуына байланысты Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайларда БЖЗҚ өтініш жасалған күні БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарымен айқындалатын нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріп, өтінішті қабылдаудан не құжаттарды алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы орындаудан бас тартады, бұл ретте шетелдікті Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге рұқсатты ресімдеу мақсатында Қазақстан Республикасындағы соңғы тіркелген жері бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының көші-қон қызметінің аумақтық бөлімшесіне жүгіну қажеттігі туралы хабардар етеді. Қажет болған жағдайда шетелдік азамат Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдегеннен кейін БЖЗҚ-ға қайтадан өтініш береді.

Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар екендігі және жарамдылығы туралы мәліметтер алынған, сондай-ақ өтініш жасаған шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұрғылықты жерге кеткені туралы мәліметтер болмаған не шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатының күші жойылған жағдайларда БЖЗҚ өтініш берген күні БЖЗҚ ішкі құжаттарымен айқындалатын нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат бере отырып, өтінішті қабылдаудан не бас тарту себебін көрсете отырып, № 1042 Қағидаларда немесе Зейнетақы қағидаларында көзделген құжаттарды алған кезден бастап он

жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы өтінішті орындаудан бас тартады. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зейнетақы төлемдері, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бір рет жүзеге асырылады. БЖЗҚ Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрғылықты тұратын жерге кетуіне байланысты өтініштерді қарау кезінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары осыған дейін берген жеке басын куәландыратын құжат мәртебесі туралы мәліметтермен бірге Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік деректер базасында (бұдан әрі – ҚР ӘМ ЖТ МДБ) болатын Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұратын жерге кетуді ресімдеу туралы мәліметтерді басшылыққа алады. БЖЗҚ мен Қазақстан Республикасы ІІМ Көші-қон қызметі комитетінің қатысуымен құрылған жұмыс тобының қарым-қатынасы аясында қажет болған жағдайда БЖЗҚ соңғыға салымшылардың (алушылардың) Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрғылықты тұратын жерге кетуін ресімдеу дерегін нақтылау және ондай деректер болған жағдайда ЖТ МДҚ-дағы мәліметтерді өзектендіру туралы сұраныс жолдайтынын мәлімет ретінде хабарлаймыз.

Өтінішті үшінші адам (сенім білдірілген тұлға) арқылы берген жағдайда, үшінші адам жоғарыда аталған құжаттарға қосымша: 1) нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасын немесе оның нотариат куәландырған көшірмесін; 2) үшінші адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын ұсынады. Бұл ретте алушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі нотариатта куәландырылады. Өтінішті пошта байланысы құралдары арқылы берген кезде алушының жеке басын куәландыратын құжат, сондай-ақ өтініштегі алушының қолы нотариатпен куәландырылады.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, егер құжат көшірмесінің түпнұсқамен дәлдігін, алушының өтініштегі қолының төлнұсқалығын куәландыру, сенімхатты куәландыру бөлігіндегі нотариаттық іс-әрекеттер шет мемлекетте жүргізілген жағдайда, оларды заңдастыру қажет.

Шетелдік паспортты алған кезде алушының деректемелері, атап айтқанда: тегі, аты, әкесінің аты - бар болса, туған күні өзгерген жағдайда, жоғарыда көрсетілген құжаттар тізбесіне қосымша БЖЗҚ-ға шетелдік құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар сақтала отырып ресімделген, негізгі деректемелердің өзгеру дерегін растайтын төмендегі құжаттардың біреуінің түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін ұсыну қажет:

1) Қазақстан Республикасы уәкілетті органының анықтамасы;

2) шет мемлекеттің уәкілетті органының анықтамасы;

3) тегін/атын/әкесінің атын ауыстыру туралы куәлік/анықтама;

4) некеге тұру/бұзу туралы куәлік. Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 11.07.1997 жылғы № 151-І Заңының 10-бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, есептік-статистикалық, қаржылық және техникалық құжаттаманы жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі деп белгіленген.

Осыған байланысты БЖЗҚ-ға ұсынылатын, шет тілінде жасалған барлық құжаттар, оның ішінде нотариустардың құжат көшірмесінің дұрыстығын куәландыру кезінде жасаған куәландыру жазбалары, алушының және (немесе) аудармашының қолдары мемлекеттік не орыс тілдеріне аударылуға жатады.

Егер аударым шет мемлекеттің аумағында жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, ол да заңдастырылуы тиіс.

Зейнетақы төлемдерін БЖЗҚ деректемелері өтініште көрсетілген алушының банк шотына: тек ұлттық валютада

– Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейлі банктерде/банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттарға аудару кезінде; АҚШ долларымен, евромен, фунт стерлингпен немесе ресей рублімен

– Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашылған шетелдік банктерге аударған кезде аударылады. Құжаттарды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне (өзі өтініш білдірген кезде, пошталық байланыс құралдары/ үшінші тұлға арқылы), оларды ресімдеу талабына байланысты барлық қажетті құжаттардың тізбесі, сонымен қатар сенімхаттың және төлем валютасының түріне байланысты өтініш бланкілерін толтыру үлгілері, уәкілетті мемлекеттік органдардың түсіндірмелері www.enpf.kz мекенжайы бойынша БЖЗҚ веб-сайтында орналастырылған, ол жерде ақпарат үнемі жаңартылады.

• 32. Біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға қатысты

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сай азаматтар тегін медициналық көмек пен міндетті әлеуметтік сақтандырудың кепілдендірілген көлеміне кірмейтін тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу, сондай-ақ жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін зейнетақы жинақтарының бөлігін пайдалануға құқылы.

Өз пайдасына немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының пайдасына тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) өзінің немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының емделуіне ақы төлеу үшін міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен біржолғы зейнетақы төлемдері құқығына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар адамдар мынадай шарттардың бірі болған кезде ие болады:

1) егер салымшының ЖЗШ-дағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегінен асатын жағдайда. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы мен уәкілетті оператордан электрондық хабарлама алған күнге Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілік шегін анықтау әдістемесіне сәйкес есептелген зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілік шегі арасындағы айырма сомадан аспауы тиіс;

2) зейнетақы мөлшері, ал отставкадағы судьялар үшін зейнетақы мен ай сайынғы қамтылым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіппен белгіленетін 40 пайыздан төмен емес деңгейде алушының орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін қамтамасыз еткен жағдайда. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті оператордан бастапқы электрондық хабарлама алған күнге салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауы тиіс; Орташа айлық кірісті алмастыру коэффициентін есептеу кезінде зейнеткерлікке шығу күнінің алдындағы, бірақ республика бойынша орташа айлық кірістен аспайтын кіріс есепке алынады;

3) егер салымшы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған болса, ие болады. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) жеке зейнетақы шоттарындағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының мөлшерінен аспауы тиіс. «Жеткіліктілік шегі» дегеніміз белгілі бір жастағы салымшы үшін зейнетақы жинақтарының ең төменгі қажетті сомасы, ол оның табысынан БЖЗҚ-ға келешектегі жүйегі зейнетақы жарналарының 10% есебімен (ең төменгі жапақыздан төмен емес) ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес зейнетақы төлемдерімен қамтамасыз етеді. «Жеткіліктілік шегі» әйелдер мен ерлерге бірдей белгіленеді және әр жасқа есептеледі. Бұл ретте ол жаңа алушылар үшін қалыптасқан параметрлерге (кірістілік, құнсызданду, ең төменгі төлем мөлшері және т.б.) қарай қайта есептелетін болады.

Зейнетақы жинақтарының «жеткіліктілік шегі» есебімен Сіз БЖЗҚ-ның сайтынан мына төмендегі сілтеме арқылы біле аласыз: [мұнда](#). БЖЗҚ-ның сайтында және мобильді қосымшасында, Telegram-да онлайн түзімде алуға/аударуға болатын қолжетімді сома туралы ақпаратты тексеру мүмкіндігі іске асырылған. Қордың корпоративтік сайтындағы Жеке кабинетте және мобильді қосымшасында авторизацияланудың екі тәсілі бар: ЖСН мен пароль енгізу немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолдану. Сондай-ақ мобильді қосымшаға қайта кіру кезінде ұялы құрылғыда бар болса, Touch ID немесе Face ID пайдалануға болады. Қолайлы болу үшін пайдаланушы қызмет көрсету тілін таңдай алады: қазақ немесе орыс тілдері.

Бұдан басқа, алу/аудару үшін қолжетімді сома туралы ақпаратты электрондық үкіметтің порталында және мобильді қосымшасында тексеруге болады. БЖЗҚ-да өз зейнетақы жинақтарын тексергеннен кейін тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану туралы шешім қабылдаған салымшылар (алушылар) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген уәкілетті операторға оның интернет-ресурсындағы электрондық өтініштерді толтыру және оларға электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қою арқылы өтініш беруі тиіс. Өзінің өтінішінде салымшы (алушы) біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану мақсатын және арнайы пайдалануға бағытталған қолжетімді соманы көрсетеді. Уәкілетті оператор салымшылардың (алушылардың) өтініштерін қарайды және мақұлдау туралы шешімді қабылдайды, уәкілетті операторда ашылған өтініш берушілердің арнайы шоттарына БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемдерін аудару бойынша БЖЗҚ-мен өзара әрекет етеді, біржолғы зейнетақы төлемдерінің мақсатты пайдаланылуын мониторингтейді.

БЖЗҚ мен уәкілетті оператор арасында өзара әрекет ету ақпаратпен электрондық алмасу арқылы және сәйкесті өзара әрекет ету келісімі негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта БЖЗҚ «Отбасы банк» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-мен өзара әрекет ету туралы келісім жасады. Уәкілетті операторға төлемге өтініш берген кезде салымшы (алушы) біржолғы зейнетақы төлемі кезінде (БЖЗҚ-ға жарналарды аудару кезінде ЖТС алынбайтынын ескертеміз) жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу тәсілін өзі таңдауы тиіс, таңдаған тәсілді ЖТС ұстау туралы өтініште көрсету керек, оған ЭЦҚ арқылы қол қойылады. Яғни азаматтар БЖЗҚ-ға қай сәтте біржолғы зейнетақы төлемінің сомасынан ЖТС ұстау керектігін көрсетеді: төлем кезінде дереу толық көлемде немесе ЖТС-ты кейінге қалдырылған кезеңде ұстау (зейнетақы төлемдерінің кестесі бойынша зейнет жасына толған кезде бірдей үлеспен ай сайын).

Уәкілетті оператор 2 (екі) жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама жібереді, ол төлемге қабылданған өтініш туралы мәліметті, оның ішінде алу мақсаты туралы деректерді, аты-жөні, туған күні, ЖСН, салымшы (алушы) белгілеген мөлшердегі біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы туралы, электрондық хабарламаға ЖТС ұстау тәсілі туралы өтініш бекітілген, сондай-ақ салымшының (алушының) ЭЦҚ қол қойылған ЖТС ұстау тәсілдері туралы мәліметті қамтиды. Уәкілетті оператордан электрондық хабарламаны алғаннан кейін БЖЗҚ 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті операторға салымшының (алушының) біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын аударады, ол өз кезегінде оны салымшының (алушының) арнайы шотына есептейді. Біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы салымшының (алушының) Отбасы банкте ашқан арнайы шотында 45 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, қалғаны 10 жұмыс күні ішінде УО-да болуы мүмкін. Осы мерзім ішінде салымшы (алушы) уәкілетті операторға нысаналы

тағайындалуы бойынша құжаттарды беруі тиіс немесе оларды көрсетілген мерзімде бермеген жағдайда біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын уәкілетті оператор БЖЗҚ-ға қайтаратын болады, ол оны салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотына аударады.

Осылайша, тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мәселелері бойынша азаматтардың барлық өтініштері «бір терезе» қағидаты бойынша уәкілетті операторларға түсіп, қаралатын болады және азаматтардың тарапынан БЖЗҚ-ға жеке келудің қажеті жоқ, тек олардың БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының алуға қолжетімді сомасы туралы мәліметті жеке онлайн алуы қосылмайды. Тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарын алудан басқа 2021 жылғы 18 ақпаннан бастап азаматтар түрлі инвестициялық стратегияларды ұсынатын, инвестициялық портфельді басқарушыны (ИПБ) дербес таңдау арқылы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен өз зейнетақы жинақтарын басқаруға қатыса алады. Зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруынан ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беруге құқығы бар тұлғалар: МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен қалыптастырылған, зейнетақы жинақтарының нақты сомасы мен зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілік шегі арасындағы айырмандан асатын зейнетақы жинақтары бар не сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты бар салымшылар болып табылады. Бұл ретте аталған тұлғалар зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға аудару үшін БЖЗҚ-ға инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтінішпен жеке өтініш жасау арқылы немесе ЭЦҚ болған кезде БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы жүгіне алады.

Зейнетақы активтерін ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір ИПБ-дан басқа ИПБ-ға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 11 ақпандағы № 21 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдерінде регламенттелген. [Enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Қызметтер» – «Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға аудару» бөлімінде «БЖЗҚ» АҚ-мен сенімгерлік басқару туралы шарт жасасқан компаниялардың тізімімен танысуға және олардың инвестициялық декларацияларын зерделеуге болады.

• 33. 01.01.2019 ж. бастап жасына байланысты және инвестициялық кірісті есептеу бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру

Заңның 1-бабының ережелеріне сай зейнетақы жинақтары - міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсімпұлды және өзге де түсімдерді қамтитын, салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотында (бұдан әрі – ЖЗШ) есепке алынатын ақшасы. БЖЗҚ № 201 Қағидаға сәйкес салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүзеге асырады.

Қағидаға сай салымшының (алушының) ЖЗШ-сына келіп түскен соманы сомалар келіп түскен күннің басындағы ағымдағы құны бойынша айқындалатын шартты бірліктердің балама санына қайта есептейді. Бұл ретте шартты бірлік құны №237 Қағидада белгіленген тәртіппен күн сайын есептеледі. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары шартты бірлік құнының өзгеруіне байланысты күн сайын қайта есептеледі және қайта бағаланады. Әрі қарай Заңның 30-бабына сай БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері түрінде жүзеге асырылатынын хабарлаймыз.

БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын төлеу тәртібі №1042 Қағидада белгіленген. Сонымен, 11.10.2018 ж. бастап №1042 Қағидаға енгізілген өзгерістер қолданысқа енді, атап айтқанда зейнет жасына толған алушылар 11.10.2018 жылдан бастап БЖЗҚ-дан жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және зейнетақы төлемдері үшін бірыңғай өтініш және құжаттар топтамасымен тек «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) Қызмет көрсету орталықтарына «бір терезе» қағидаты бойынша жүгінеді. БЖЗҚ және Мемлекеттік корпорациядан төлемдерге берілген өтініштердің негізінде Мемлекеттік корпорация белгілеген кесте бойынша алушының бір банктік деректемелеріне жүзеге асырылады.

Зейнетақы төлемдері өтініш берілген күннен бастап белгіленеді және зейнетақы жинақтары таусылғанша төленеді. Зейнетақы жинақтарын төлеу жүзеге асырылған кезде, инвестициялық кіріс сомасы зейнетақы төлемі сомасының құрамында пропорционалды есептеп шығарылатынын атап көрсетеміз.

Мысалы: зейнетақы жинақтарын төлеу кезінде инвестициялық кіріс сомасының есебін былайша көрсетуге болады: $100\ 000 * 7\ 000\ 000 / 17\ 000\ 000 = 41\ 176$ теңге, мұнда: 100 000 – ай сайынғы төлем сомасы; 7 000 000 – төлем кезіндегі инвестициялық кірістің жалпы сомасы; 17 000 000 – төлем кезіндегі зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы. Демек, 100 000 теңге көлеміндегі кезекті ай сайынғы зейнетақы төлемінің сомасы 1) зейнетақы жарналары, өсімпұл және өзге түсімдер есептелген сомадан - 58 824,00 теңге көлемінде; 2) жалпы инвестициялық кіріс

сомасынан (7 000 000,00 теңге) –41 176,00 теңге көлемінде пропорционалды есептегіп шығарылады. Осылайша, зейнетақы жинақтарының ай сайын жасалған төлемінен кейін инвестициялық кіріс түскен зейнетақы жарналары, өсімпұл және өзге де түсімдердің қалған сомасына есептеледі.

• **34. ЖТС бойынша жеңілдік (1, 2-топтағы мүгедектік, мерзімсіз белгіленген) ЕАЭО келісімі бойынша еңбекшілерге қолданылады ма, яғни, егер салымшының мүгедектігі болса, ол МЗЖ аударма ма?**

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін және отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру 01.01.2021 жылдан бастап күшіне енген Келісіммен реттеледі.

Келісімнің 3-бабының 1-тармағына сәйкес еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтарын қалыптастыру сияқты шарттарда және тәртіппен зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылады. Демек, Қазақстанда еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында уақытша жүрген ЕАЭО елдерінің азаматтары Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен МЗЖ, МКЗЖ-ын БЖЗҚ-ға аудару арқылы ҚР азаматтары сияқты өздерінің зейнетақы құқықтарын қалыптастыруға міндетті.

Заңның 24-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар жеке тұлғалар (Қазақстан заңнамасы бойынша) БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуден босатылады. МЗЖ төлеу көрсетілген тұлғалардың өтініші бойынша жүзеге асырылады. Егер ЕАЭО елінің еңбекшісінің, азаматының өзінің тұрақты тұратын жерінде белгіленген мүгедектігі болса, онда осы азаматтың бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға тиесілігі туралы мәселені анықтау үшін, егер Қазақстан заңнамасы бойынша мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, МЗЖ төлеуден босату мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетіне жүгінуді ұсынамыз.

Жеке тұлғаларға салық салу ҚР Салық кодексінің негізінде жүзеге асырылады, оған сәйкес жеке тұлғалардың табысына салық салу кезінде салық шегерімдері бейрезиденттерге қолданылмайды.

• **35. Қазақстан аумағында жұмыс істейтін еңбекшілер ЕАЭО келісімі бойынша жұмысынан уақытша айырылған кезде БЖТ төлей ала ма?**

2019 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда 4 міндетті төлемді алмастыратын Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) қолданысқа енгізілді:

10% - Жеке зейнетақы салығы; 20% - МӘСҚ-қа міндетті әлеуметтік аударымдар;

30% - БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарнасы; 40% - ӘМСҚ-ға әлеуметтік жарна. БЖТ ЖК ретінде тіркеусіз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, сондай-ақ жалдамалы қызметкердің еңбегін пайдаланбайтын, салық агенттеріне қызмет көрсетпейтін және (немесе) басқа жеке тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін сататын жеке тұлғаларға арналған (жылдық табыс 1175 АЕК-тен аспауы тиіс).

БЖТ төлемейді:

- Салық кодексінің 774-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерін коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің, сондай-ақ сауда объектілерінің, оның ішінде меншік, жалдау, пайдалану, сенімгерлік басқару құқығындағы объектілердің аумағында жүзеге асыратын тұлғалар;

- тұрғынжайды қоспағанда, мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беретін адамдар;

- жеке практикамен айналысатын адамдар;

- қандастарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

- дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген адамдар.

• **36. Мен ҚР азаматтығын алдым (бұрын Қырғызстан азаматы болғанмын). Қырғызстанда 2010 жылдан бастап 2015 жылға дейін 5 жыл ресми еңбек өтілім бар. Маған Қазақстанға аудару арқылы Қырғызстандағы еңбек өтілі үшін зейнетақы ресімделеді ме?**

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 29.05.2014 жылғы шарттың 98-бабының 3-тармағына сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тұрақты тұратын мемлекеттің заңнамасымен, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы жеке халықаралық шартқа сәйкес реттеледі.

Мұндай халықаралық шарт 01.01.2021 жылы күшіне енген Келісім болып табылады. Келісімнің негізгі мақсаты – жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарына қолданылатын шарттарда және тәртіппен ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер еңбекшілерінің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру болып табылады, яғни ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыруға арналған құқықтардың ұқсас шарттарда өз азаматтарына берілетін құқықтар көлеміне тең көлемде кепілдік беруі тиіс.

Өтпелі ережелерді қамтитын Келісімнің 12-бабында зейнетақыны тағайындау және төлеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылатыны көзделгенін атап өткен жөн:

Келісім күшіне енгеннен кейін жиналған жұмыс өтілі үшін зейнетақыны аумағында тиісті жұмыс өтілі жиналған ЕАЭО мүше мемлекеті тағайындайды және төлейді;

Келісім күшіне енгенге дейін жинақталған жұмыс өтілі үшін зейнетақы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасына және 1992 жылғы 13 наурыздағы зейнетақымен қамсыздандыру аясында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарының құқықтарының кепілдігі туралы келісімге сәйкес тағайындалады және төленеді.

Келісімнің нормалары Келісім күшіне енгеннен кейінгі кезеңде еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт жасау, жұмысқа орналастырушы мемлекеттің зейнетақы жүйесіне сақтандыру (зейнетақы) жарналарын міндетті төлеу арқылы ресми жұмысқа орналасу шартымен еңбекшілердің жиналған жұмыс өтіліне ғана қолданылады.

- **37. Еңбек қатынастарының тоқтатылуына байланысты еңбек етуші жұмысқа орналастырушы мемлекеттен тұрғылықты тұратын мемлекетке оралған кезде, оның БЖЗҚ-дан МЗЖ есебінен қалыптастырылған өзінің зейнетақы жинақтарын алуға құқығы бар ма? Оларды алу тәртібі қандай?**

Келісімнің 2-бабында ЕАЭО елдерінің еңбекшілері, азаматтары ала алатын зейнетақы түрлері айқындалған.

Қазақстанда бұл - зейнетақы жасына жеткен кезде, 1 және 2 топтардағы мүгедектік белгіленген кезде, егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері.

Келісімнің 3-бабына сәйкес еңбекшілерге зейнетақы тағайындау және төлеу құқығын іске асыру жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтары үшін жасалған шарттарда жүзеге асырылады. Зейнетақыны ресімдеу ЕАЭО елдерінің құзыретті органдары арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте еңбекшінің зейнетақы тағайындау және төлеу үшін тұрып жатқан мемлекеттің құзыретті органына және (немесе) жұмысқа орналастырушы мемлекеттің құзыретті органына жүгінуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасында Келісімді іске асыру бойынша құзыретті орган болып БЖЗҚ белгіленді. ЕАЭО елдерінің жұмыскер азаматтарының БЖЗҚ-да зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығы Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасының нормаларына сәйкес (яғни жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жас басталған кезде (2021 жылы ерлер 63 жасқа/ әйелдер 60 жасқа толған кезде, жарты жылға әйелдердің зейнет жасын жыл сайын ұлғайту арқылы, 2027 жылы 63 жасқа жеткенге дейін) пайда болады.

Мысалы, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтарын қалыптастырған Ресей Федерациясының (РФ) еңбек етуші азаматы РФ-ға оралған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша зейнеткерлік жасқа жеткен кезде зейнетақы тағайындау үшін БЖЗҚ-ға РФ Зейнетақы қоры (бұдан әрі - РЗҚ, бұл РФ-дағы құзыретті орган) арқылы жүгініп, РЗҚ БЖЗҚ-ға жіберетін Қазақстан заңнамасы бойынша құжаттарды ұсына алады. Егер зейнетақы алушының банктік шоты Ресей Федерациясының аумағында ашылатын болса, онда БЖЗҚ тоқсан сайын зейнетақы төлемдерін РЗҚ-ның ағымдағы шотына рубльмен аударады (экспорттайды), оны РЗҚ алушының банктік шотына аударады.

- **38. БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтарын қалыптастырған ЕАЭО елінің еңбекшісі, азаматы қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасында жинақталған жарналарының жағдайы не болмақ? Оның жинақтарын мұрагерлерге беріледі ме?**

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар ЕАЭО елінің еңбекшісі, азаматы қайтыс болған жағдайда, БЖЗҚ-ға Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған құқық белгілейтін құжаттар ұсынылған кезде, оның ішінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арқылы зейнетақы жинақтарын біржолғы алу құқығы оның мұрагерлеріне ауысады.

- **39. ЕАЭО Келісімі шеңберінде зейнетақы аударымдары, қандай НҚА-мен регламенттеледі?**

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін және отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру 01.01.2021 ж. бастап күшіне енген Келісіммен реттеледі.

Келісімнің нормалары Келісім күшіне енгеннен кейінгі кезеңде еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт жасау, жұмысқа орналастырушы мемлекеттің зейнетақы жүйесіне зейнетақы (сақтандыру) жарналарын міндетті төлеу арқылы ресми жұмысқа орналасу шартымен еңбекшілердің жиналған жұмыс өтілі не ғана қолданылады.

Келісімнің 2-бабының 2-тармағының 2.3-тармақшасында Қазақстан Республикасында Келісім БЖЗҚ-дан зейнетақы жарналары есебінен құрылған зейнетақы төлемдеріне қолданылатыны белгіленген:

- 1) зейнет жасына толуына байланысты;
- 2) егер мүгедектігі мерзімсіз болса, бірінші және екінші топтағы мүгедектікті белгілеу кезінде;
- 3) мұрагерлерге төленетін біржолғы төлем. Ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап ҚР аумағында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілері үшін:
 1. жұмыс беруші табысты есептеу кезінде БЖЗҚ-ға МЗЖ ұстап қалуға және соманы аударуға міндетті, бұл ретте МЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ БЖЗҚ-да жұмыс берушіден түскен МЗЖ алғашқы сомасы түскен кезде автоматты түзімде ашылатын болады;
 2. МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашу, қосымша деректемелерге өзгерістер енгізу, хабарлау тәсілін өзгерту БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады, бұл ретте ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер азаматтарының - еңбек мигранттарының жеке басын куәландыратын құжат ретінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген шетелдіктің шетелдік паспорты және бейрезиденттің ЖСН көшірмесі (ЖЗШ ашу туралы өтінішті ресімдеу кезінде) ұсынылады. ЕАЭО елдері азаматтарының жеке басын куәландыратын құжаттардың тізбесі мен үлгілері мына мекенжайда орналасқан: [www.eurasiancommission.org docs.aspx](http://www.eurasiancommission.org/docs.aspx);
 3. жұмыс берушімен еңбек шарты немесе азаматтық-құқықтық шарт бұзылған жағдайда ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбек мигранттары – азаматтарында БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығы Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 2.3. тармақшасында көзделген жағдайлар басталған кезде пайда болады (жоғарыдан қараңыз). ЭЦҚ алу тәртібі БЖЗҚ құзыретіне жатпайды.

• **40. Шетелдік қызметкердің жұмыс берушісі қызметкерден міндетті жарнаның 10% -ын ұстап қалуға және БЖЗҚ-ға аударуға міндетті ме? Егер солай болса, онда жұмыс беруші қай сәттен бастап 10% -ды ұстап тұруы керек? РФ заңнамасы бойынша зейнеткерлік жасқа жеткен РФ азаматының МЗЖ аударуы**

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 20.12.2019 жылғы келісім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді, сондықтан еңбек шарты не азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде ЕАЭО елдерінен (атап айтқанда Армения Республикасынан, Беларусь Республикасынан, Ресей Федерациясынан және Қырғыз Республикасынан) еңбек етушіні тартқан жұмыс беруші 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап БЖЗҚ-ға еңбек етушінің ай сайынғы табысының 10% мөлшерінде (ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспайтын) МЗЖ-ны және еңбек жағдайлары зиянды жұмыспен айналысатын қызметкерлердің пайдасына өз қаражаты есебінен МКЗЖ есептеу үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысының 5% мөлшерінде МКЗЖ-ны тұрақты түрде аударуға міндетті.

• **41. РФ заңнамасы бойынша зейнеткерлік жасқа жеткен РФ азаматының МЗЖ аударуы**

Егер РФ азаматы РФ заңнамасы бойынша зейнеткерлік жасқа жетсе, бірақ ҚР-да жұмыс істеуді жалғастырса, егер ол ҚР заңнамасы бойынша зейнеткерлік жасқа жетпеген болса, РФ азаматының БЖЗҚ-ға аударымдар жасауы қажет пе?

Жауап: 29.05.2014 жылғы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың 98-бабының 3-тармағының ережелеріне сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тұрақты тұратын мемлекеттің заңнамасымен, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттері арасындағы жекелеген халықаралық шартқа сәйкес реттеледі. Осындай халықаралық шарт 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген 2019 жылдың 20 желтоқсанындағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы Келісім (бұдан әрі - Келісім) болып табылады. Келісімнің 3-бабының 1-тармағына сәйкес еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтарын қалыптастыру сияқты шарттарда және тәртіппен зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылады. Демек, Қазақстанда еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында уақытша жүрген ЕАЭО елдерінің азаматтары міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын БЖЗҚ-ға Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен аудару арқылы, яғни салымшы (алушы) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін ҚР азаматтары сияқты өздерінің зейнетақы құқықтарын қалыптастыруы міндетті.

- 42. **Түсіндіріп беруіңізді өтінемін, 7 желтоқсанда ЕАЭО елдері қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімге қол қойылды, ҚР-да тұруға ықтиярхатсыз жұмыс істейтін РФ азаматтары ҚР-да МЗЖ-ны қай кезеңнен бастап төлеуі тиіс?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар.

Егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

Мұнымен қоса, еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында ЕАЭО-ның басқа елдерінің аумағында уақытша жүрген ЕАЭО елдерінің азаматтарына Қазақстан Республикасымен 2020 жылғы 7 желтоқсанда ратификацияланған 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) нормалары қолданылады. Келісім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді, сондықтан еңбек шарты не азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде ЕАЭО елдерінен (атап айтқанда Армения Республикасынан, Беларусь Республикасынан, Ресей Федерациясынан және Қырғыз Республикасынан) еңбек етушіні тартқан жұмыс беруші 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап БЖЗҚ-ға еңбек етушінің ай сайынғы табысының 10% мөлшерінде (ең төменгі жапақының 50 еселенген мөлшерінен аспайтын) міндетті зейнетақы жарналарын тұрақты түрде аударуға міндетті.

- 43. **Жұмыс берушіден сұрақ. Қазақстанда уақытша жұмыс істейтін (тұруға ықтиярхатсыз/бейрезидент) ЕАЭО елінің азаматы - қызметкер зейнетақыны қалыптастыру мақсатында БЖЗҚ-мен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға міндетті ме?**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 2-бабына сәйкес, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 20.12.2019 жылғы Келісім (бұдан әрі – Келісім) халықаралық шарт болып табылады, оның нормалары еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында ЕАЭО-ның басқа елдеріне уақытша келетін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне, азаматтарына қолданылады. Бұл ретте ЕАЭО-ға мүше мемлекет еңбекшісінің жұмысқа орналастырушы мемлекеттің аумағында уақытша болу (тұру) мерзімі мүше мемлекеттің еңбекшісінің жұмыс берушімен немесе жұмыстарға (қызметтерге) тапсырыс берушімен жасасқан еңбек немесе азаматтық-құқықтық шартының қолданылу мерзімімен айқындалады.

Келісімнің 2-бабына сәйкес ЕАЭО елдері еңбекшілерінің - азаматтарының зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтарын қалыптастыру сияқты шарттарда және тәртіппен зейнетақы жарналарын есебінен жүзеге асырылады. Келісімнің 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында зейнетақы жарналарына БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналары жатады. Осылайша Қазақстанда еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында уақытша жүрген ЕАЭО елдерінің азаматтары ҚР азаматтары сияқты міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) БЖЗҚ-ға Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен аудару арқылы өз зейнетақы құқықтарын қалыптастыруға міндетті. Бұл ретте қызметкерге (ЕАЭО елінің азаматына):

- МЗЖ төлеу үшін зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасудың қажеті жоқ, өйткені жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алу үшін жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) болмаған жағдайда, 2019 жылдың қаңтар айынан бастап ЖЗШ «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясынан келіп түскен пайдасына МЗЖ аударылатын жеке тұлғалардың тізімі негізінде ашылады;

- МКЗЖ төлеу үшін жұмыс берушімен бірлесіп БЖЗҚ-ға МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашу туралы өтініш беру қажет (ҚР азаматтарына арналғаны сияқты тәртіппен және құжаттар тізбесін ұсыну арқылы). МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашу туралы өтініш беру тәртібі және құжаттар тізбесі БЖЗҚ сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған: [мұнда](#).

- 44. **Егер шетелдік қызметкер - ЕАЭО елінің азаматы БЖЗҚ-мен шарт жасаспаған жағдайда жұмыс беруші жауапты бола ма?**

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 20.12.2019 жылғы келісіммен ЕАЭО елдері еңбекшілерінің – азаматтарының

зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтарын қалыптастыру сияқты шарттарда және тәртіппен зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылатыны айқындалған.

Міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МЗЖ) есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотының (бұдан әрі - ЖЗШ) жұмыс берушіден МЗЖ бастапқы сомасы келіп түскен кезде автоматты түрде ашылатынын ескерсек, ЕАЭО елінің қызметкеріне-азаматына Шарттың осындай түрін жасаудың қажеті жоқ.

Мұнымен қоса, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МКЗЖ) аудару үшін қызметкер жұмыс берушімен бірлесіп, БЖЗҚ-ға МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашу туралы өтінішті уақтылы беруі қажет. Демек, жұмыс беруші Қазақстан Республикасында 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО елдерінің азаматтары болып табылатын қызметкерлер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты МЗЖ, МКЗЖ-ны БЖЗҚ-ға уақтылы есептеуге, ұстап қалуға (есебіне жазуға) және төлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және аударылған МЗЖ, МКЗЖ-ны бастапқы есепке алуды жүргізуге міндетті. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 24-бабының 8-тармағына сәйкес Заңның 28-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген МЗЖ, МКЗЖ және (немесе) өсімпұлдың толық және уақтылы төленуін бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

• 45. Бірыңғай жиынтық төлем

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 203-VI «Халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу» Заңымен 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірыңғай жиынтық төлемді енгізу көзделген. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексіне сай Бірыңғай жиынтық төлемді (бұдан әрі - БЖТ) төлеушілер ретінде дара кәсіпкер ретінде тіркелмей, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін:

1) БЖТ төлеген;

2) жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын;

3) қызметтерді салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана көрсететін және (немесе) акцизделетін өнімдерді қоспағанда, жеке қосалқы шаруашылықтың (бұдан әрі - ЖҚШ) өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана өткізетін жеке тұлғалар бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер деп танылады. Осылайша БЖТ-ді қызметтерді салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана көрсететін және жеке қосалқы шаруашылықтың өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін жеке тұлғалар төлейді. Мысалға, егер жеке тұлға заңды тұлғаға және (немесе) дара кәсіпкерге қызмет көрсететін болса, онда мұндай жеке тұлға БЖТ төлеушісі болып табылмайды.

Мұнымен қатар заңды түрде шектеулер қатары қарастырылғанын назарға аламыз. Атап айтқанда, БЖТ төлеушілер ретінде танылмайды:

1) коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің, сондай-ақ сауда объектілерінің, оның ішінде меншік, жалдау, пайдалану, сенімгерлік басқару құқығындағы объектілердің аумағында жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар;

2) тұрғынжайды қоспағанда, мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беретін адамдар;

3) жеке практикамен айналысатын адамдар;

4) қандастарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

5) дара кәсіпкер (бұдан әрі - ДК) ретінде мемлекеттік тіркелген адамдар.

Демек ДК ретінде тіркелген немесе жеке практикамен айналысатын тұлғалар, сондай-ақ стационарлы нүктелер (коммерциялық нысандар – сауда нысандары, базарлар және с.с.) арқылы қызметін жүзеге асыратын адамдар, мүлігін (мүлікжайды қоспағанда) жалға беретін адамдар БЖТ төлеушілері бола алмайды.

Бұдан бөлек, БЖТ төлеушінің жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алатын кірісінің күнтізбелік жылдағы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі - АЕК) 1175 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс. БЖТ күнтізбелік жылдың ағымдағы және кезекті айлары үшін төленуі мүмкін. БЖТ сомасы алынған табыс мөлшеріне тәуелді болмайды және қосымша (кіріс, шығыс, шегерім, пайда) есептеулерді талап етпейді.

БЖТ төлеушілері салықтық есептілікті ұсынбайды. Жеке тұлға БЖТ төленген күннен бастап БЖТ төленген айдың соңғы күніне дейін БЖТ төлеушісі болып танылады. БЖТ төлеудің тоқтағаны жеке тұлғаның енді БЖТ төлеушісі болып табылмайтынын білдіреді. БЖТ-ге төленуі тиіс жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдер сомасы

қосылады. Бір ай үшін БЖТ мөлшерлемесі – 1 АЕК (республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін, астана үшін), 0,5 АЕК – қалған елді мекендер үшін. Қазақстан Республикасының «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңымен 2020 жылға 2 651 теңге мөлшерінде айлық есептік көрсеткіш белгіленді. Бюджет пен БЖТ қорлары арасында төлемдерді бөлу ыңғайлы болу үшін өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар БЖТ-ді қолма-қол ақшамен не болмаса бір төлем тапсырмасымен «Азаматтарға» арналған Үкімет Мемлекеттік корпорациясының банктік шотына банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер немесе ұйымдар арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен енгізу арқылы жалпы сомамен БЖТ төлейді, мемлекеттік корпорация БЖТ-ді ЖТС-на (10% бюджет), әлеуметтік аударымдарға (МӘСҚ 20%), міндетті зейнетақы жарналарына (БЖЗҚ 30%) және міндетті медициналық сақтандыру қорына аударуға (ӘМСҚ 40%) бөледі. БЖТ төлеу өзін-өзі жұмыспен қамтыған жеке тұлғаларға: міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы болуға, міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге және зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне қарай базалық зейнетақы төлемін алу құқығына ие болуға, еңбекке қабілеттілікті, жұмысты жоғалтқан жағдайда, асыраушысынан айрылған жағдайда, жүктілік пен босану, бала асырап алу, бір жылға дейінгі бала күтімі жағдайында әлеуметтік төлемдер алуға мүмкіндік береді.

Қажет болғанда әрбір БЖТ төлеушісі МӘСҚ-на әлеуметтік аударымдардың, ӘМСҚ-на міндетті медициналық сақтандыруға аударымдардың, БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарының, сондай-ақ жеке табыс салығының аударылған сомалары туралы ақпаратты ала алады.

• 46. БЖТ-ны қалай және қайда төлеу керек?

2019 жылдан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін салық режимінің жаңа түрі - Бірыңғай жиынтық төлем (бұдан әрі - БЖТ) енгізілді.

Салық кодексіне 01.01.2019 жылдан бастап жаңа бөлім қосылды, оған сәйкес осы режимнің төлеушілері, сондай-ақ БЖТ есептеу және төлеу тәртібі айқындалады.

БЖТ келесі азаматтар санатына арналған:

1. жеке қосалқы шаруашылық жұмыскерлері;
2. отбасылық кәсіпорынның жалақысы төленбейтін қызметкерлері;
3. жылына 1 175 АЕК-тен аз болатын айналымымен, қызметкерлері жоқ кәсіпкерлер.

БЖТ төлеушілер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра отырып, жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын жеке тұлғалар ретінде өзін бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер деп тануға құқылы. БЖТ тек мынадай қызмет түрлері үшін қолданылады:

1. тек жеке тұлғаларға қызмет көрсету;
2. жеке қосалқы шаруашылықтың өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін тек жеке тұлғаларға сату.

Мысал: 2020 жылға бюджет туралы Заңмен айлық есептік көрсеткіш 2 651 теңге мөлшерінде белгіленген. БЖТ үшін кірістің шекті сомасы 2020 жылы жылына 3 114 925 теңгені құрайды. Егер сіздің табысыңыз жыл бойы 3 114 925 теңгеден асатын болса, онда сіз жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, басқа салық режимін таңдауыңыз қажет.

Маңызды! Бірыңғай жиынтық төлемнің төлеушісі болу үшін не істеу керек: салық органдарында тіркелу қажет емес; тек бірыңғай жиынтық төлемнің белгіленген сомасын төлеу керек. Келесілер бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер ретінде танылмайды:

- коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің, сондай-ақ сауда объектілерінің кәсіпкерлік қызметте қолданылатын (қолданылуға жататын) қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар;
- тұрғынжайды қоспағанда, мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беретін адамдар; жеке практикамен айналысатын адамдар; қандастарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;
- дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген адамдар.

Төлем мөлшері - Бірыңғай жиынтық төлемнің ай сайынғы мөлшері:

- республикалық маңызы бар қалаларда, астанада және облыстық маңызы бар қалаларда тұратын жеке тұлғалар үшін – 1 АЕК;

- басқа елді мекендерде тұратын жеке тұлғалар үшін - 0,5 АЕК құрайды. Төлем екінші деңгейдегі банктер арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының шотына бір сомамен жүргізіледі. Төлемді жүзеге асыру үшін банкте есеп айырысу шотын ашу талап етілмейді.

Бірыңғай жиынтық төлемнің сомасын Мемлекеттік корпорация мынадай пропорцияда бөледі:

- 10% - жеке табыс салығы (ЖТС);
- 20 % - әлеуметтік аударымдар (ӘА);
- 30 % - міндетті зейнетақы жарнасы (МЗЖ);
- 40 % - міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымы (ӘМСҚ).

Зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар үшін төлемнің барлық сомасы жеке табыс салығы деп танылады, әлеуметтік төлемдерге бөлу жүргізілмейді.

• 47. **БЖТ жарналары атаулы әлеуметтік көмекті ресімдеу кезінде есепке алынады ма?**

Бұл мәселе бойынша Сізге «Азаматтарға арналған үкімет» МК» коммерциялық емес акционерлік қоғамына жүгіну қажет.

• 48. **ЖЗШ -дан үзінді көшірмеде аударылған БЖТ аударылған күні немесе есепке алынған күні бойынша көрсетіледі ме?**

Үзінді көшірмеде барлық түсімдер ЖЗШ -ға есепке алынған күні бойынша көрсетіледі.

• 49. **Аударылған БЖТ жарналары көбінесе 3 күн бойы түспейді, бұл немен байланысты болуы мүмкін?**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 18 қаңтардағы №4 «Жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдер түрінде бірыңғай жиынтық төлемді төлеу, бөлу және аудару, сондай-ақ оларды қайтару қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 8-тармағына сәйкес: Мемлекеттік корпорация қаражат түскен күннен бастап операциялық үш күн ішінде БЖТ сомасын бөледі.

• 50. **Ипотекалық қарызды ресімдеу кезінде БЖТ төлемдері есепке алынады ма?**

БЖТ төлемдері жеке тұлғаның төлем қабілеттілігін растамайды.

Тиісінше, тұрақты жұмыс орнының болмауы ипотекалық қарызды өз уақытында өтемеу қаупін тудырады.

• 51. **Ықтиярхаты бар салымшылар (алушылар) БЖТ төлемін төлей алмайды, бұл немен байланысты болуы мүмкін?**

«Жеке тұлғалар» Мемлекеттік дерекқорында мәліметтердің болмауы немесе БЖТ төлеу кезінде қателердің болуы.

• 52. **БЖТ зейнеткерлікке шығу кезінде өтілі ретінде есепке алынады ма?**

Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) - бұл бейресми жұмыспен қамтылған азаматтарға жеке кәсіпкер ретінде тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін режим.

БЖТ жылдық жиынтық табысы 1 175 АЕК-тен аспайтын жеке тұлғаларға қызмет көрсететін азаматтар үшін енгізілді. БЖТ 4 төлемді қамтиды - жеке табыс салығы, зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі аударымдар.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жеке тұлғаларға бірыңғай жиынтық төлемді төлеу:

- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысуға;
- жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуға мүмкіндік береді. БЖЗҚ-да өзінің зейнетақы жинақтарын толықтырудан басқа БЖТ төлеушілер үшін жүйеге қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақы төлемін алуға мүмкіндігі бар;
- еңбек қабілеттілігін жоғалту, жұмысынан айырылу, асыраушысынан айырылу, жүктілік пен босану, бала асырап алу, 1 жасқа дейінгі бала күтімі жағдайларында әлеуметтік төлемдер алуға мүмкіндік береді.

• 53. **Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2018 жылғы 4 маусымдағы №9-4-12/И-2543 хаты**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2018 жылғы 4 маусымдағы №9-4-12/И-2543 хаты

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы

«Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ

Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы.

«Doing Business» рейтингінде 30 елдің қатарына кіру бойынша Мемлекет Басшысы қойған міндетке қол жеткізу мақсатында Әділет министрлігі елдегі іскерлік ахуалды және Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінде Қазақстанның позициясын жақсарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Бизнесінің операциялық шығындарын қысқарту және реформаларды жалғастыру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға Кәсіпкерлік Кодекске мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдарына жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан құжаттарда мөрді талап етуге тыйым салуды енгізу бойынша түзетулер енгізілді. Сонымен Жеке кәсіпкерлік субъектілері құжаттарды куәландыру үшін мөрлерді пайдалануға міндетті емес, уәкілетті тұлғаның қолтаңбасы жеткілікті. Сонымен қатар өзгерістер мөрлерді пайдалануға тыйым салуды білдірмейді. Жеке кәсіпкерлік субъектілері өз қызметінде мөрді пайдалануға немесе одан өз қалауы бойынша бас тартуға құқылы.

Мөрді пайдаланбау құқығы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік органдармен, қаржы ұйымдарымен өзара әрекеттесуін айтарлықтай жеңілдетеді. Сондай-ақ, жаңа түзетулерге сәйкес мемлекеттік органдар, қаржы ұйымдары, оның ішінде екінші деңгейдегі банктер құжаттың міндетті деректемесі ретінде мөр бедерін талап етуге құқылы емес. Олар жеке кәсіпкерлік субъектілері құжаттарының уәкілетті адамның қолымен ғана куәландырылған көшірмелерін қабылдауға міндетті. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдің міндетті түрде болуын алып тастау бойынша заңнамалық актілерге түзетулер енгізу Дүниежүзілік банк сарапшыларының ұсынымдарына және бизнесті жүргізу жеңілдігін қамтамасыз ету үшін АҚШ, Дания, Норвегия, Швеция, Германия, Австрия, Швейцария, Ұлыбритания, Австралия, Канада, Финляндия және Грузия елдерінің тәжірибесін қолдану тәсіліне негізделген. АҚШ-та, Данияда, Норвегияда, Швецияда, Германияда, Австрияда, Швейцарияда, Ұлыбританияда, Австралияда, Канадада, Финляндияда, Грузияда, Украинада бизнесті тіркеу және жүргізу үшін мөр талап етілмейді, яғни мөрдің болуы заңмен бекітілмеген. Директор - жеке тұлға фирманың істерін басқарады және шешім шығару немесе әрекетсіздік үшін толық жауап береді.

Осыған байланысты, бизнес-қоғамдастықтың, қаржы секторының, екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру компанияларының өкілдеріне, оның ішінде өңірлік деңгейде жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін баспасөзге тыйым салу бөлігінде ақпаратты жеткізу мақсатында түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыруды сұраймыз. Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің орынбасары Ж. Ешмағамбетов. 25.06.2019 ж. жаңартылды.

• 54. **НҚА өзгерістері бойынша Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаментінің түсіндірмелері**

02.11.2018 ж. бастап қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі – НҚА) өзгерістер мен толықтырулардың күшіне енуіне қатысты "Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 157 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар (салыстырмалы кесте қоса беріліп отыр), оның ішінде 2018 жылғы 02 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін төменде көрсетілген НҚА-ға өзгерістер бекітілді:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу қағидаларын және оның үлгілік нысанын бекіту туралы» 2015 жылғы 17 шілдедегі № 137 қаулысы;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индексстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2015 жылғы 20 қазандағы № 194 қаулысы.

Көрсетілген НҚА-ға өзгерістер жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың мөрлерді міндетті түрде қою қажеттілігін жояды. Мысалы, Кодекстің 23-бабының 1-тармағына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, канадалықтар және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері), мемлекеттік кәсіпорындар (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері) кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан

Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілеріне шаруашылық серіктестік (толық серіктестік, командиттік серіктестік, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік), акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысанында құрылған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, қандастар (дара кәсіпкерлер) және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар жатады. Кодекстің 10-бабының 3-1. тармағында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өз атауы бар мөрінің болуы мүмкін екендігі белгіленген. Мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдарына жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан құжаттарда мөрді талап етуге тыйым салынады. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 04.06.2018 ж. түсіндірмелерінен көрініп тұрғандай (қоса беріледі), жеке кәсіпкерлік субъектілері өз қызметінде мөрді пайдалануға немесе өз қалауы бойынша одан бас тартуға құқылы.

Осы баяндалғанның негізінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың мөр қоюы міндетті болып табылмайды, оның ішінде:

- 1) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішке қол қою жағдайларында;
- 2) заңды тұлға жеке тұлғаның пайдасына ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жағдайларда;
- 3) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу жағдайында.

Осылайша, салымшы (алушы) БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару мақсатында зейнетақы аннуитеті шартын ұсынған кезде, сақтандыру ұйымының мөрі болмауы мүмкін. МЗЖ/МКЗЖ/ЕЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ ашу және жабу және зейнетақы жинақтарын аудару тәртібін реттейтін БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін осы түсіндірмелерді басшылыққа алуды сұраймыз.

2. ААЖ-да заңды тұлғалардың анықтамалығын дұрыс толтыруға қатысты. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау мақсатында, оның ішінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап үш айдан аз уақыт өткен заңды тұлға жүзеге асыратын операцияларды қадағалау мүмкіндігі үшін БЖЗҚ филиалдарының басшыларынан БЖЗҚ ААЖ-да «Заңды тұлғалар» анықтамалығын операциялық бөлімдер/Барып қызмет көрсету бөлімдері қызметкерлерінің толтырып отыруын бақылауды күшейтуді сұраймыз: Сонымен БЖЗҚ ААЖ-ға заңды тұлғалар туралы ақпарат енгізген кезде операциялық бөлімдердің/барып қызмет көрсету бөлімдерінің қызметкерлері «Қосымша мәліметтер» қосымша бетінде «Ашылған күні» өрісінде ұсынылған құжаттар негізінде заңды тұлғаның бастапқы тіркелген күнін міндетті түрде көрсетуі қажет: БЖЗҚ филиалдары мен мүдделі бөлімшелерінің басшыларынан барлық мүдделі қызметкерлердің, оның ішінде БЖЗҚ филиалдарының ҚКО қызметкерлерінің көрсетілген түсіндірмелермен танысуын қамтамасыз етулерін сұраймыз. ТҰЖХД ҚЖ. 25.06.2019 ж. жаңартылды.

• **55. Өз жинақтарын сақтандыру компаниясына аударған салымшылардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алуға құқығы бар ма және олар қандай санат бойынша (зейнеткерлер немесе жеткіліксіз шегі бойынша) өтеді?**

Заңның 31-бабының 1-1-тармағының және 32-бабының 1-1-тармағының ережелеріне сай БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар тұлғалар, оның ішінде салымшы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан болса, өз пайдасына немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) өзінің немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының емделуіне ақы төлеу үшін МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен біржолғы зейнетақы төлеміне құқығы бар.

Бұл ретте Заңның 30-бабының 1-тармағының ережесіне сәйкес аталған адамдарға МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен төленетін біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері салымшының (алушының) ЖЗШ-сындағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен төленетін зейнетақы жинақтарының мөлшерінен аспауы тиіс.

Осылайша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аударған адамдар жеке табыс салығын ескере отырып, МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығы шегінде біржолғы зейнетақы төлемін алуға құқылы.

• **56. Тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға байланысты ЖТС бойынша қарыз қайдан көрінуі мүмкін? Мысалы, шетелге шығар алдында салық бойынша бәрешек ретінде көрінуі мүмкін бе және демалыс үшін елден шығуға немесе жұмыс бойынша кедергі болмай ма?**

Заңның [1] 33-бабының 1-тармағына сай сот орындаушысы борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (оның міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға міндетті:

1) мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттың талабы үш айдан астам мерзімде орындалмаған жағдайларда;

2) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 40 АЕК-ке тең не одан асатын сомға атқарушылық құжаттың талаптары орындалмаған жағдайларда.

Осылайша, егер борышты орындау туралы сот шешімі болған кезде, борышкер оны орындамаған жағдайда ғана Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуға тыйым салынуы мүмкін.

Сонымен бірге, біржолғы зейнетақы төлемін жүзеге асыру кезінде есептелген және салымшының (алушының) үзінді көшірмесінде көрсетілген жеке табыс салығы бойынша берешек сомасы борышкер үшін Қазақстан Республикасынан шығуға уақытша шектеу белгілеу туралы ұсыныспен сот орындаушысы сотқа өтініш білдірмеген немесе қаулы болмаған жағдайда шетелге шығуға шектеу қоймайтынын атап өтеміз.

Мәлімет үшін, Салық кодексінің[2] 351-1-бабының 4-тармағына сай жеке тұлға Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде салық агенті біржолғы зейнетақы төлемінен ұстап қалмаған және аудармаған жеке табыс салығының сомасы Салық кодексінің 351-бабында көзделген тәртіппен зейнетақы төлемінің сомасынан бір рет ұсталуға және аударылуға жататынын хабарлаймыз.

- **57. Салымшылардың (алушылардың) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ аудару кезінде жіберілген, негізгі деректемелердегі қателерді анықтаған кездегі іс-әрекеттері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» қаулысының (Қағиданың) 18-тармағына сәйкес салымшының (алушының) деректемелерінде міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) есімпұлды аудару кезінде жіберілген қателер анықталған жағдайда салымшы (алушы) қателерді түзету туралы өтінішпен Мемлекеттік корпорацияға жүгінеді.

Салымшы (алушы) өтініш жасаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға **3-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша агент беретін растау-анықтама немесе салымшының (алушының) деректемелерінде орын алған өзгерістерді растайтын жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі өтінішке қоса беріледі.

Міндетті зейнетақы жарналарын банк шотын пайдаланбай аудару кезінде растау-анықтаманың орнына қолма-қол ақшаның міндетті зейнетақы жарналарын төлеу есебіне енгізілгенін растайтын түбіртек-хабарламалардың көшірмелері қоса беріледі. Мемлекеттік корпорация ұсынылған құжаттардың негізінде салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта және салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотында көрсетілген деректемелеріне өзгерістер енгізу үшін осы Қағидаларға **4-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша салымшының (алушының) өтінішінің электрондық көшірмесін қоса бере отырып, БЖЗҚ-ға электрондық өтінімді ресімдейді.

- **58. Сенім білдірілген тұлға арқылы хабарлау тәсілін өзгерту**

БЖЗҚ-ға салымшының (алушының) мүдделерін білдіретін жеке тұлға жүгінген кезде Хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау) туралы келісімге «БЖЗҚ» АҚ-да қол қою құқығын көрсете отырып, нотариат куәландырған сенімхат негізінде хабарлау тәсілін өзгертуге немесе айқындауға болады.

- **59. Байланыс деректерін өзгерту**

Қазақстан Республикасының 21.06.2013 жылғы № 105-V «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 57-бабының 1-тармағына сай зейнетақы жинақтарының құпиясы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы ақша қалдықтары және олардың қозғалысы туралы мәліметтерді қамтиды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жинақтарының құпиясына кепілдік береді. Дәл осы себептен электронды (e-mail) мекенжайға, телефон нөміріне, сондай-ақ хабарлау тәсіліне өзгерістер/толықтырулар:

- салымшы (алушы)/сенім білдірілген тұлға/заңды өкіл БЖЗҚ кеңселеріне жеке келіп өтініш жасаған кезде енгізіледі. Егер салымшы (алушы) БЖЗҚ дерекқорындағы ұялы телефон нөмірін өзгерткісі келсе, онда жеке басын куәландыратын құжатпен БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне бару керек. Салымшы (алушы) өзі жүгінген кезде «EgovMobile» мобильдік қосымшасындағы Жеке кабинетте қалыптастырылатын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің электрондық (цифрлық) нұсқасын ұсынуға жол беріледі..

- www.enpf.kz веб-сайты арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып, Жеке кабинетте енгізіледі. ЭЦҚ-ның өзекті кілті болған жағдайда, Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген өз

деректемелеріңіздің (жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, тұрғылықты жерінің мекенжайы, электрондық мекенжайы (e-mail), телефон нөмірлері) өзектілігін тексеруге және «Жеке кабинет»/ «Жеке тұлғаның кабинеті» бөліміндегі, «Қызметтер»/ «Деректемелерге өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу» шағын бөлімінде деректемелерді өзгерту туралы өтінішке қол қоюға болады. Жұмыс тәртібі мен түзімі туралы, сондай-ақ біздің филиалдарымыздың орналасқан жері туралы өзекті ақпаратпен Интернеттегі біздің www.enpf.kz web-сайтында, «Байланыстар» бөлімінде танысуға болады.

БЖЗҚ-ның өңірлік бөлімшелері алдын ала жазылу бойынша жүзбе-жүз қызмет көрсету түзімінде жұмыс істейтінін хабарлаймыз, осыған байланысты БЖЗҚ сайтында жүзеге асырылған «Қызмет көрсету кезегін брондау» жаңа қызметін пайдалана аласыз. Ол үшін келесі сілтемені пайдалану керек: www.enpf.kz, «Электрондық сервистер» бөлімі, «Қызмет көрсету кезегін брондау» қызметі, <https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/time.php>. Бұдан басқа, өңірлік бөлімшелердің кезекші қызметкерлерінде алдын ала жазылуды жүзеге асыруға болады, тізіммен келесі сілтеме бойынша таныса аласыз: <https://www.enpf.kz/ru/contacts/regionalnaya-set/index.php>.

• 60. Үй мекенжайын өзгерту

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы №105-V «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 39-бабының 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалар және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелерін орындауға әсер ететін барлық өзгерістер туралы осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға міндетті.

БЖЗҚ-ға пошталық мекенжайдың өзгергені туралы хабарлауға болады:

- БЖЗҚ-ға жеке өзі келгенде (өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжат немесе «egovMobile» мобильдік қосымшасындағы Жеке кабинетте қалыптастырылатын Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің электрондық (цифрлық) нұсқасы болуы қажет);

- пошта байланысы арқылы не электрондық пошта арқылы (жеке куәлігінің көшірмесін міндетті түрде қоса бере отырып, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), туған күнін, жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсету арқылы);

- www.enpf.kz веб-сайтында электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып, Жеке кабинетте хабарлауға болады;

- сенім білдірілген тұлға сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын, нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасын не оның нотариат куәландырған көшірмесін, салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсына отырып, өтініш жасаған кезде;

ЭЦҚ-ның өзекті кілті болған жағдайда, Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген өз деректемелеріңіздің (жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, тұрғылықты жерінің мекенжайы, электрондық мекенжайы (e-mail), телефон нөмірлері) өзектілігін тексеруге және «Жеке кабинет», одан әрі «Жеке тұлғаның кабинеті» бөліміндегі, «Қызметтер», одан әрі «Деректемелерге өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу» шағын бөлімінде деректемелерді өзгерту туралы өтінішке қол қоюға болады.

Жұмыс тәртібі мен түзімі туралы, сондай-ақ біздің филиалдарымыздың орналасқан жері туралы өзекті ақпаратпен Интернеттегі біздің www.enpf.kz web-сайтында, «Байланыстар» бөлімінде танысуға болады. Сондай-ақ БЖЗҚ-ның өңірлік бөлімшелері алдын ала жазылу бойынша жүзбе-жүз қызмет көрсету түзімінде жұмыс істейтінін хабарлаймыз, осыған байланысты БЖЗҚ сайтында жүзеге асырылған «Қызмет көрсету кезегін брондау» жаңа қызметін пайдалана аласыз.

Ол үшін келесі сілтемені пайдалану керек: www.enpf.kz, «Электрондық сервистер» бөлімі, «Қызмет көрсету кезегін брондау» қызметі, <https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/time.php>. Бұдан басқа, өңірлік бөлімшелердің кезекші қызметкерлерінде алдын ала жазылуды жүзеге асыруға болады, тізіммен келесі сілтеме бойынша таныса аласыз: <https://www.enpf.kz/ru/contacts/regionalnaya-set/index.php>.

• 61. Жеке куәлікті ауыстыру кезінде деректерге өзгерістер енгізу

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы №105-V «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 39-бабының 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалар және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелерін орындауға әсер ететін барлық өзгерістер туралы осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға міндетті.

Мұнымен қоса БЖЗҚ Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Жеке тұлғалар» мемлекеттік

дерекқорынан алады. Бұл ретте көрсетілген мәліметтерді жеткізуші Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі болып табылады.

• 62. **Мен жеке куәлік негізінде зейнетақы қорымен шарт жасастым. Хабарлау тәсілін өзгерту туралы қосымша келісімге қол қойған кезде ҚР азаматының төлқұжатын пайдалана аламын ба?**

Егер зейнетақы жарналары аударылатын салымшы (алушы), жеке тұлға жеке куәлік негізінде зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жағдайда, таңдалған хабарлау тәсіліне ҚР төлқұжаты негізінде (ЖСН міндетті түрде болуы тиіс) өзгерістер енгізуге жол беріледі.

ҚР азаматының төлқұжатында «әкесінің аты» деректемесі болмаған және ол БЖЗҚ дерекқорында болған кезде салымшының (алушының) қосымша деректемелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар салымшының (алушының) әкесінің атының Қордың дерекқорында және жеке басын куәландыратын құжатта алшақтықтары ескерілмей енгізіледі.

• 63. **Салымшылардың (алушылардың), агенттердің ЕЗЖ аудару кезінде жіберілген қателерді анықтаған кездегі іс-әрекеттері**

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының талап етілмеген сомаларына жеке сәйкестендіру нөмірі жоқ, сондай-ақ тегі, аты, әкесінің аты және туған күнінде деректемелері дұрыс көрсетілмеген, БЖЗҚ-да сәйкестендірілмеген салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы сомалар жатады.

Жоғарыда көрсетілген салымшыларды (алушыларды) сәйкестендіруді БЖЗҚ келесі тәртіппен жүзеге асырады:

1) сәйкестендірілмеген салымшылардың (алушылардың) деректемелерін фонетикалық іздестіру жолымен (айтылуы бойынша ұқсас), сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде тектерді, аттарды және әке аттарын жазу кезінде транслитерация белгісін ескере отырып, БЖЗҚ ақпараттық жүйесіндегі салымшылардың (алушылардың) деректемелерімен салыстыру жүргізіледі;

2) салымшылардың (алушылардың) деректемелерін (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні) «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік дерекқормен, оның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірінің бар-жоғына салыстырып тексеру жүргізіледі. Салымшылардың (алушылардың) деректемелері дұрыс болмаған жағдайда, БЖЗҚ оларды «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік дерекқорына сәйкес келтіреді.

Салымшы (алушы) жүгінген жағдайда, ұсынылған құжатпен Қордың дерекқорындағы деректемелердің сәйкессіздігі анықталған кезде салымшы (алушы) келесі құжаттар топтамасын ұсынуы қажет:

- салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Мемлекеттік корпорацияның зейнетақы аударымдары туралы анықтамасы (айналым-транзиттік ведомость);
- қажет болған жағдайда (бар болса) ӘЖК, зейнетақы шарты, төлем құжаттарының көшірмелері (растау-анықтама) немесе басқа құжаттар.

Айта кету керек, қайтыс болған/ҚР аумағынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен (ұсынылған құжаттарда ЖСН болмаған/құжаттар топтамасы толық болмаған/негізгі деректемелер сәйкес келмеген/өзгелері) салымшылардың (алушылардың) негізгі деректемелеріне өзгерістер енгізу рәсімін БЖЗҚ әрбір салымшы (алушы) бойынша жеке жүзеге асырады және қарайды.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен/кететін, шетелдік азаматтар/азаматтығы жоқ адамдар болып табылатын салымшылардың (алушылардың) негізгі деректемелеріне өзгерістер енгізу рәсімін БЖЗҚ әрбір салымшы (алушы) бойынша жеке жүзеге асыратынын және қарайтынын қосымша атап өтеміз. Өйткені өзгерістердің сипаты басқа мемлекеттің құжатын алуға байланысты тегінің өзгеруінде де, сондай-ақ агенттердің жарналарды аудару кезінде жіберілген қателігінде де болуы мүмкін.

Тиісінше, бір жағдай үшін осы өзгерістерді негіздейтін, қажетті құжаттар топтамасы керек, екінші жағдай үшін басқа құжаттар топтамасы қажет. Осыған байланысты деректемелердегі қателерді/өзгерістерді анықтаған шетелдік азаматтар/азаматтығы жоқ адамдар болып табылатын салымшыларға (алушыларға) сәйкессіздік сипатына қарай қажетті құжаттар топтамасын ұсыну бойынша толыққанды кеңес алу үшін БЖЗҚ кеңесіне жеке келіп, жүгінуге кеңес береміз.

• 64. **БЖЗҚ-да қандай комиссиялық сыйақы бар?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 53-бабына сәйкес:

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақысының шамасы зейнетақы активтерінің айына 0,01 пайызы мөлшерінде белгіленеді.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық кірістің 2,0 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді.
3. Инвестициялық портфельді басқарушының комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық кірістің 7,5 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 18 қаңтардағы №1 қаулысына сәйкес 2021 жылға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысының шамасы инвестициялық кірістің 2,0%-ы мөлшерінде белгіленген.

2021 жылға инвестициялық портфельді басқарушы бойынша комиссиялық сыйақының шамасы мынадай мөлшерде белгіленген: «BCC Invest» АҚ – инвестициялық кірістің 7,0%-ы мөлшерінде; «Haluk Global Markets» АҚ - инвестициялық кірістің 3,5%-ы мөлшерінде; «FirstHeartland Jysan Invest» АҚ - инвестициялық кірістің 5%-ы мөлшерінде; «Сентрас Секьюритиз» АҚ - инвестициялық кірістің 7,5%-ы мөлшерінде.

• 65. Инвестициялық кіріс сомасы неге өзгереді?

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы №27 қаулысымен бекітілген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке аруды жүргізу қағидаларына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы (бұдан әрі - ЖЗШ) міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке аруды жүзеге асырады.

Зейнетақы жинақтары - салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) ЖЗШ-да ескерілетін, оған МЗЖ, МКЗЖ және ерікті зейнетақы жарналары, инвестициялық табыс, өсімпұл және шарттарға, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңға, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де түсімдер кіретін ақшасы.

№27 Қағидаға сай салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижелеріне сәйкес апта сайынғы негізде (аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы және айдың соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы жағдай бойынша) қайта есептеледі және қайта бағаланады. ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарын қайта бағалау нәтижесінде инвестициялық кіріс оң да, теріс те болуы мүмкін.

Есепке аруды БЖЗҚ жүргізетін, ЖЗШ-ға түсетін зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҚРҰБ) түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. ҚРҰБ зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне және БЖЗҚ-ның Инвестициялық декларациясына сәйкес инвестициялау лимиттеріне сәйкес инвестициялайды.

Инвестициялау нәтижесінде туындайтын инвестициялық кіріс тұрақты емес шама болып табылады, яғни белгілі бір кезеңге сыйақы мөлшері нақты айқындалған банктердің депозиттік шарттарында көзделгендей, қатаң белгіленген шама болып табылмайды және көптеген факторларға, оның ішінде бағалы қағаздардың нарықтық құнына және валюта бағамының өзгеруіне байланысты болады.

Зейнетақы жинақтары - бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық кірістің мөлшерін кемінде 1 (бір) жылдағы кезең үшін талдау орынды болмақ. Қысқа мерзімді деректер (күнделікті, ай сайынғы және т. б.) – көрсеткіш болып табылмайды, өйткені олар күнделікті нарықтық жағдайға байланысты болады.

Инвестициялық басқару мен зейнетақы активтерін есепке арудың барлық жүйесі ашық болып табылады: әрбір салымшының өз инвестициялық кірісін enpf.kz сайтындағы жеке кабинеттен немесе мобильді қосымшадан көруге мүмкіндігі бар, сонымен қатар БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша және БЖЗҚ зейнетақы активтері орнағастырылған қаржы құралдары туралы ақпаратты алуына болады, ақпарат БЖЗҚ ресми сайтында (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

• 66. Инвестициялық кіріс қалай есептеледі?

Салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотына (бұдан әрі - ЖЗШ) сома түскен кезде, түскен сома шартты бірліктердің баламалы санына (бұдан әрі – ШБ) қайта есептеледі.

ШБ - бағамы есептелген инвестициялық кіріске (запалға) байланысты болатын, активтерді инвестициялау нәтижесінде олардың өзгеруін сипаттау үшін пайдаланылатын зейнетақы активтері құнының үлестік шамасы.

Есептелген инвестициялық кіріс қатаң белгіленген шама (белгілі бір кезеңге сыйақы мөлшері нақты айқындалған банктердің депозиттік шарттарында көзделгендегідей) болып табылмайды, бірақ бағалы қағаздардың нарықтық құнына, қаржы құралдары номинацияланған шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне байланысты болады. Осылайша бұл шама ұлғаю жағына да, азаю жағына да өзгереді.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке аруды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 12 ақпандағы № 27 қаулысына сәйкес зейнетақы жинақтарын есепке аруды БЖЗҚ аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы және айдың соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы жағдай бойынша зейнетақы активтері құнының үлестік шамасы ретінде айқындалатын зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын апта сайын қайта бағалау жолымен жүзеге асырады. БЖЗҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері және әрбір инвестициялық портфельді басқарушы шегінде сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері бойынша шартты бірліктің құнын жеке есептейді.

Бұл ретте инвестициялық кіріс апта сайын салымшының (алушының) ЖЗШ-сына нақты түскен: жарналар, аударымдар, жарналар бойынша өсімпұл сомаларына ғана есептеледі. Зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің ағымдағы құны бойынша төлемдер, аударымдар кезінде есептелген инвестициялық кірісті қамтитын зейнетақы жинақтарының сомасы айқындалады, содан кейін ол салымшыға (алушыға) төленеді.

• 67. Облигациялар қандай өлшемшарттар бойынша ерекшеленеді?

Облигация дегеніміз - шығарылым шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу құқығын және оның айналым мерзімі аяқталғаннан кейін облигацияның номиналды құнын ақшамен немесе басқа мүлктік баламамен алу құқығын куәландыратын, оны шығару кезінде алдын-ала белгіленген айналым мерзімі бар бағалы қағаз.

Облигациялар - номиналды құны (облигация құнының ақшалай көрінісі) бар борыштық бағалы қағаздар. Облигациялар эмитентке байланысты жіктеледі:

- 1) мемлекеттік (Үкімет, мемлекеттің Орталық банктері және өзге де орталық атқарушы органдары шығарған);
- 2) корпоративтік (яғни корпорация, компания, акционерлік қоғам жазып береді);
- 3) муниципалдық;
- 4) халықаралық (халықаралық банктер мен қорларды қоса алғанда, шетелдік эмитенттер шығарған).

Шығарылу нысанына байланысты: 1) құжаттамасыз (тиісті тіркелімдерде электрондық жазба иеленуді растау болып табылады); 2) құжаттамалық (қағаз құжат иеленуді растау болып табылады). Басымдылығы бойынша: 1) артықшылықты (кәсіпорынды тарату кезінде өз ақшасын бірінші кезекте алатыны туралы ұстаушыға кепілдік береді); 2) реттелген (эмитент таратылған жағдайда артықшылықты облигациялардан кейін екінші эшелонда өз ұстаушысының қаражатын алатындығына айырбастау үшін ұстаушыға көбірек пайда береді. Шығару шарттары бойынша: 1) кері қайтарып алынатын (эмитентке орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін өз қарызын сатып алу немесе қайтарып алу құқығын береді); 2) айырбасталатын (ұстаушыға облигацияны орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін кәсіпорын акцияларының белгілі бір санына айырбастауға құқық береді); 3) мерзімінен бұрын сату құқығымен (ұстаушыға облигацияны орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін эмитентке мерзімінен бұрын сату құқығын береді). Өтініш беру мерзіміне байланысты: 1) қысқа мерзімді (1 жылдан аз); 2) орта мерзімді (1-5 жылдан бастап); 3) ұзақ мерзімді (5 жылдан астам); 4) мерзімсіз. Кіріс алу тәсіліне байланысты: 1) купондық облигациялар (олар бойынша сыйақы шығарылымның белгіленген талаптарына сәйкес пайыз мөлшерлемесімен есептеледі. Оның ішінде купондық сыйақының бір бөлігі капиталдандырылатын және шығарылым талаптарына сәйкес номиналды құнға енгізілетін купондық сыйақыны капиталдандырумен купондық облигациялар); 2) дисконттық облигациялар (дисконтпен сатылады, яғни номиналды құнынан төмен құны бойынша, шығарылым шарттарына сәйкес купондық сыйақы төлеу көзделмеген). Қамтамасыз етуге байланысты: 1) қамтамасыз етілген (ипотекалық, инфрақұрылымдық облигациялар); 2) қамтамасыз етілмеген. Купондық мөлшерлеме бойынша: 1) тіркелген (сыйақы облигацияның айналым мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріссіз, белгіленген пайыз мөлшерлемесі бойынша есептеледі); 2) өзгермелі (сыйақы өзгеруі мүмкін пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі); 3) кері өзгермелі (белгілі бір шамаға кері пропорционалды түрде өзгереді. Әдетте, ол белгіленген пайыз мен қандай да бір шаманың арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі); 4) нәлдік. Купондық мөлшерлеме немесе облигацияға кепілдендірілген пайыздық мөлшерлеме - бұл ұстаушының эмитенттен қаражатты пайдаланғаны үшін төлем ретінде алатын сыйлықақысы.

• 68. **Эмитент дегеніміз не?**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарын шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу үрдісінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің құрылу және қызмет ету ерекшеліктерін реттейді, бағалы қағаздар рыногының қауіпсіз, ашық және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, инвесторлар мен бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарын қорғау, бағалы қағаздар рыногына қатысушылардың адал бәсекелестігін қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар нарығын реттеу, бақылау және қадағалау тәртібін айқындайды. Эмитент - эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын тұлға.

• 69. **БЖЗҚ-ның инвестициялық қызметінің нәтижелерін қайдан көруге болады?**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқарумен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айналысады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі инвестициялық қызметінің нәтижелерімен Қордың www.enpf.kz ресми сайтында Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет/Инвестициялық қызметке шолу бөлімдерінде танысуға болады.

• 70. **ЖЗШ-дан үзінді көшірмеде қандай ақпарат бар? Инвестициялық кірісті айлар бойынша бөле отырып, қалай қадағалауға болады?**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №984 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларының 16-тармағымен БЖЗҚ-ның салымшыға (алушыға) ұсынатын зейнетақы жинағының жай-күйі туралы ақпаратта қамтылған мәліметтерге қойылатын талаптар белгіленген. Бұл ақпаратта:

- 1) сұратылып отырған кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы;
- 2) сұратылып отырған кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша есептелген инвестициялық кіріс сомасы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы бекіткен және сұратылып отырған кезеңнің соңында қолданыстағы инвестициялық кірістен және зейнетақы активтерінен түсетін комиссиялық сыйақының шамасы;
- 4) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, зейнетақы жарналарының, өсімпұлдың, аударымдардың, зейнетақы жинақтары төлемдерінің және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;
- 5) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналарын немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.

Айларға бөлінген инвестициялық кірісті көрсете отырып, ЖЗШ-дан үзінді көшірмені келесі тәсілдердің бірімен алуға болады:

1. БЖЗҚ бөлімшесіне тікелей жеке өзіңіз келіп өтініш жасаған кезде – бұл ретте БЖЗҚ қызметкерінен әрбір қажетті ай үшін жеке-жеке ЖЗШ-дан үзінді көшірмені шығаруды сұрату керек;
2. «Электронды пошта арқылы» хабарландыру тәсілін таңдаған кезде, БЖЗҚ-ның веб-сайтынан (<https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/send.php>) «ЖЗШ-дан үзінді көшірмені e-mail-ға алу» электронды қызметін пайдалана отырып, Сізге қажет кезең үшін ЖЗШ-нан үзінді көшірмені өз бетіңізше шығарып ала аласыз, бұл ретте БЖЗҚ дерекқорында тіркелген электронды мекенжайды көрсету қажет және әрбір қажетті ай үшін жеке үзінді көшірмені шығару кезеңін көрсету қажет;
3. «Электрондық цифрлық қолтаңбаны және (немесе) логин мен парольді пайдалана отырып, ғаламтор арқылы жеке өзі жүгінген кезде» хабарландыру тәсілі таңдалғанда, ЖЗШ-дан үзінді көшірмені өз бетіңізше шығарып алуға болады, ол үшін Қордың www.enpf.kz веб-сайтында «Жеке кабинет» бөлімінде «ЖЗШ-дан үзінді көшірме» жолын басу қажет және жеке әрбір қажетті ай үшін кезеңді көрсету қажет. Үзінді көшірмені қарау кезеңін өзгерту үшін «үзінді көшірмені алу кезеңі» өрісіне қажетті кезеңді көрсету қажет, сол кезде парақша автоматты түрде жаңартылып, Сізге көрсетілген кезеңнің деректерін береді;
4. Сіз enpf@enpf.kz электронды мекенжайына сұрату жолдай аласыз, оған жауап ретінде ЖЗШ ашу туралы өтініш берген кезде не болмаса «Электрондық пошта арқылы» хабарландыру тәсілін таңдау мүмкін болғанда, хабарландыру тәсілін өзгерту/анықтау туралы жеке келісімге қол қойған кезде БЖЗҚ-ға өзіңіз берген электронды мекенжайға сұратылған кезең үшін ЖЗШ-дан үзінді көшірмені БЖЗҚ-ның жауапты бөлімшесі жолдайтын болады;
5. электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) бар болса, «электронды үкімет» веб-сайтының «Әлеуметтік қамтамасыз ету» - «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшысының (алушысының) зейнетақы жинағының

(инвестициялық кіріс ескерілген) жай-күйі туралы ақпаратты беру» бөлімінен ЖЗШ-дан үзінді көшірмені алуға болады, бұл ретте жеке әрбір қажетті ай үшін ЖЗШ-дан үзінді көшірмені шығарып алу керек.

• 71. **Екінші деңгейдегі банктерге ұсынылатын салымшының (алушының) ЖЗШ-сынан үзінді көшірмеде ЖЗ-ның жалпы сомасын алып тастау мүмкіндігіне қатысты**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №984 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларының 16-тармағымен БЖЗҚ-ның салымшыға (алушыға) ұсынатын зейнетақы жинағының жай-күйі туралы ақпаратта қамтылған мәліметтерге қойылатын талаптар белгіленген. Міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы, оның ішінде жыл сайын хабарландыру шеңберінде БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарының салымшысына, өзіне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаға немесе зейнетақы төлемдерін алушыға беретін ақпаратта:

- 1) сұратылып отырған кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы;
- 2) сұратылып отырған кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша есептелген инвестициялық кіріс сомасы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы бекіткен және сұратылып отырған кезеңнің соңында қолданыстағы инвестициялық кірістен және зейнетақы активтерінен түсетін комиссиялық сыйақының шамасы;
- 4) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, зейнетақы жарналарының, өсімпұлдың, аударымдардың, зейнетақы жинақтары төлемдерінің және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;
- 5) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналарын немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады. Осылайша, жеке зейнетақы шотынан берілетін үзінді көшірмедегі зейнетақы жинақтарының жалпы сомасын алып тастау мүмкін болмайды.

• 72. **ЖЗШ-нан үзінді көшірме нысанында ақпарат неге толық қамтылмаған?**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №984 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларының 16-тармағымен БЖЗҚ-ның салымшыға (алушыға) ұсынатын зейнетақы жинағының жай-күйі туралы ақпаратта қамтылған мәліметтерге қойылатын талаптар белгіленген. Бұл ақпаратта:

- 1) сұратылып отырған кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы;
- 2) сұратылып отырған кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша есептелген инвестициялық кіріс сомасы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы бекіткен және сұратылып отырған кезеңнің соңында қолданыстағы инвестициялық кірістен және зейнетақы активтерінен түсетін комиссиялық сыйақының шамасы;
- 4) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, зейнетақы жарналарының, өсімпұлдың, аударымдардың, зейнетақы жинақтары төлемдерінің және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;
- 5) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналарын немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.

Айларға бөлінген инвестициялық кірісті көрсете отырып, ЖЗШ-нан үзінді көшірмені келесі тәсілдердің бірімен алуға болады:

1. БЖЗҚ бөлімшесіне тікелей жеке өзіңіз келіп өтініш жасаған кезде – бұл ретте БЖЗҚ қызметкерінен әрбір қажетті ай үшін жеке-жеке ЖЗШ-нан үзінді көшірмені шығаруды сұрату керек;
2. «Электронды пошта арқылы» хабарландыру тәсілін таңдаған кезде, БЖЗҚ-ның веб-сайтынан (<https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/send.php>) «ЖЗШ-нан үзінді көшірмені e-mail-ға алу» электронды қызметін пайдалана отырып, Сізге қажет кезең үшін ЖЗШ-нан үзінді көшірмені өз бетіңізше шығарып ала аласыз, бұл ретте БЖЗҚ дерекқорында тіркелген электронды мекенжайды көрсету қажет және әрбір қажетті ай үшін жеке үзінді көшірмені шығару кезеңін көрсету қажет;
3. «Электрондық цифрлық қолтаңбаны және (немесе) логин мен парольді пайдалана отырып, ғаламтор арқылы жеке өзі жүгінген кезде» хабарландыру тәсілі таңдалғанда, ЖЗШ-нан үзінді көшірмені өз бетіңше шығарып алуға болады, ол үшін Қордың www.enpf.kz веб-сайтында «Жеке кабинет» бөлімінде «ЖЗШ-нан үзінді көшірме» жолын басу қажет және жеке әрбір қажетті ай үшін кезеңді көрсету қажет. Үзінді көшірмені қарау кезеңін өзгерту үшін

«үзінді көшірмені алу кезеңі» өрісіне қажетті кезеңді көрсету қажет, сол кезде парақша автоматты түрде жаңартылып, Сізге көрсетілген кезеңнің деректерін береді;

4. Сіз enpf@enpf.kz электронды мекенжайына сұрату жолдай апасыз, оған жауап ретінде ЖЗШ ашу туралы өтініш берген кезде не болмаса хабарландыру тәсілін өзгерту/анықтау туралы жеке келісімге қол қойған кезде БЖЗҚ-ға өзіңіз берген электронды мекенжайға сұратылған кезең үшін ЖЗШ-нан үзінді көшірмені БЖЗҚ-ның жауапты бөлімшесі жолдайтын болады;

5. Сізде электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) бар болса, «электронды үкімет» веб-сайтының «Әлеуметтік қамтамасыз ету» - «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшысының (алушысының) зейнетақы жинағының (инвестициялық табыс ескерілген) жай-күйі туралы ақпаратты беру» бөлімінен ЖЗШ-нан үзінді көшірмені алуға болады, бұл ретте жеке әрбір қажетті ай үшін ЖЗШ-нан үзінді көшірмені шығарып алу керек.

• 73. Жеке куәліксіз зейнетақы қызметтерін қалай алуға болады?

БЖЗҚ өз салымшылары мен алушылары үшін қолайлы жағдайларды көптеп ұсынуда. Қазір зейнетақы қызметтерін жеке куәліксіз де алуға болады. Ол үшін смартфонңыздағы eGovMobile қосымшасында оның цифрлық (электрондық) нұсқасы болса жеткілікті. Мұндай мүмкіндік тек Қазақстан Республикасының азаматтарына және БЖЗҚ кеңсесіне тікелей өздері келгенде ғана беріледі. Бұл ретте қандай қызметтерді алуға болады:

- жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу;
- қосымша деректемелерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу;
- зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау).

Мысалы, өзімен бірге жеке куәлігінің түпнұсқасы жоқ салымшы (алушы) БЖЗҚ кеңсесіне келіп, Қор маманына eGovMobile мобильді қосымшасындағы Жеке кабинетте қалыптастырылатын бірегей цифрлық кодты хабарлап, БЖЗҚ қызметкеріне осы құжатты электрондық форматта қарауға рұқсат бере алады. Ескере кететін жәйт, егер жүгінген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаты жарамсыз болса, онда eGovMobile мобильді қосымшасында құжаттың электрондық нұсқасы болмайды.

Кейін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне тиісті өзгерістер бекітілген соң, салымшылар (алушылар) зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы/зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару туралы/инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы өтініштер берген кезде, цифрлық құжаттарды пайдалану мүмкіндігі пайда болады. БЖЗҚ салымшыларға/алушыларға ыңғайлы болу және олардың уақыттарын үнемдеу үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жұмыстарын жағастыруда.

• 74. Қайтыс болған салымшының жеке зейнетақы шотынан ақпаратты қалай алуға болады?

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 57-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес:

Жеке зейнетақы шотының болуы, ондағы ақша қалдықтары мен оның қозғалысы туралы анықтамалар, салымшы (алушы) қайтыс болған жағдайда, заң бойынша мұрагерлікке құқығы туралы куәлікке сәйкес мұрагерлер болып табылатын немесе өсиетте аталған адамдарға жазбаша сұрау сағу бойынша не соттарға олардың іс жүргізуіндегі мұрагерлік істер бойынша ұйғарымның негізінде беріледі. Салымшы (алушы) қайтыс болған жағдайда жеке зейнетақы шотының бар-жоғы туралы, ондағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтамалар нотариустарға және шетелдік консулдық мекемелерге олардың жүргізуіндегі мұрагерлік істер бойынша беріледі.

• 75. «БЖЗҚ» АҚ (ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жылына бір рет) дерек қорда тіркелген электрондық мекенжайға жіберетін, жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпараттың ашылмауы

Тарату аясында жеке зейнетақы шотынан (бұдан әрі - ЖЗШ) Сізге ұсынылған үзінді көшірмені қарап шығу мүмкіндігіне қатысты келесіні хабарлаймыз.

Егер Сіз html форматында ЖЗШ-дан үзінді көшірмесі бар алынған файлды аша алмасаңыз немесе файл қатемен ашылатын болса, келесі әрекеттерді орындауды ұсынамыз:

1. Салынған файлды компьютерге сақтаңыз;
2. Сақталған файлды іске қосыңыз және Internet Explorer параметрлерін Арылту диалогтық терезеде «Арылту» батырмасын басыңыз;

3. Қарау журналын, іздеу қызметтерін, үдеткіштерді, үй парақтарын, ActiveX бақылауын және сүзгілерін жою үшін «Жеке параметрлерді жою» жапаушасын қойыңыз;
4. Internet Explorer ұйғарым бойынша параметрлерді қалпына келтіргенде, «Жабу» батырмасын басыңыз, содан кейін «Жабу» батырмасын тағы бір рет басыңыз;
5. Internet Explorer браузерін жабыңыз және қайта іске қосыңыз.

• **76. Несие алу үшін жеке зейнетақы шотындағы қаражаттың жай-күйі туралы ақпаратты электрондық түрде алуға бола ма?**

Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме электрондық түрде:

- 1) өзіне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын салымшының (алушының), жеке тұлғаның сұратуы бойынша алынуы мүмкін. Бұл ретте жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме БЖЗҚ ААЖ дерекқорында электрондық мекенжайы мен ТАӘ, ЖСН толық сәйкес келген жағдайда, электрондық пошта арқылы хабарлау тәсілін анықтаған салымшының (алушының) электрондық мекенжайына жіберіледі;
- 2) пайдаланушының тіркелген логині мен паролін / электрондық цифрлық қолтаңбаны (БЖЗҚ сайты, БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы) пайдалана отырып, Интернет арқылы алынуы мүмкін;
- 3) электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) көмегімен egov.kz электрондық үкіметінің порталы арқылы алынуы мүмкін.

• **77. ЭЦҚ кілті арқылы үзінді көшірмені қалай алуға болады?**

«ЭЦҚ-ны немесе пайдаланушының логинін және паролін пайдалану арқылы жеке кабинеттің көмегімен» зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілі кезінде,

ЖЗШ-дан үзінді көшірмені ЭЦҚ-ны не логинді (логин ретінде ЖСН пайдаланылады) және парольді пайдалана отырып, нақты уақыт режимінде (online) БЖЗҚ веб-сайтында тікелей салымшы (алушы) қарайды немесе салымшының (алушының) ұялы байланыс операторы ұсынған абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда, салымшы (алушы) ЭЦҚ-мен қол қойған немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрату жіберу арқылы қарайды. ЭЦҚ пайдалануды көздейтін веб-сайт бөлімінде жұмыс істеу үшін қосымша компоненттер мен бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы міндетті. Бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, сондай-ақ ЭЦҚ алу тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының сайтында сипатталған (<http://pki.gov.kz/index.php/ru/ncalayer>).

ЭЦҚ КІЛТІНІҢ КӨМЕГІМЕН АВТОРИЗАЦИЯЛАУ

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде (файлдық сертификат деп аталатын) болса, онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалогтық терезесін шақыра отырып, осы файлға жолды көрсету қажет. Веб-сайтта авторизациялау үшін аутентификациялауға арналған ЭЦҚ кілттерін пайдалану қажет (файлдың атауы AUTH_RSA_ деп басталады). Файлды таңдап, диалогтық терезені жапқаннан кейін «Кіру» батырмасын басу керек. Файлға java - апплетке кіру үшін пайда болған диалогтық терезеде кіру паролін – PIN енгізіп, «Кіру» батырмасын басу керек.

• **78. ЖЗШ-ның жай-күйі туралы, оның ішінде жарналар бойынша, айлар, жылдар бойынша бөлінген инвестициялық кіріс туралы ақпаратты қалай алуға болады?**

Міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен, оның ішінде жыл сайын ақпараттандыру шеңберінде БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарының салымшысына, өзіне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаға немесе зейнетақы төлемдерін алушыға беретін зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат төмендегілер туралы мәліметтерді қамтиды:

- 1) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы;
- 2) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша есептелген инвестициялық кіріс сомасы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы бекіткен және сұратылатын кезеңнің соңында қолданыста болған инвестициялық кірістен және зейнетақы активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының шамасы;

4) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, зейнетақы жарналарының, өсімпұлдардың, аударымдардың, зейнетақы жинақтары төлемдерінің және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;

5) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналарын немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы.

ЖЗШ-дағы мәліметтер сондай-ақ зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинағының сомасы туралы ақпаратты қамтиды. Осылайша, жеке зейнетақы шотынан (ЖЗШ) үзінді көшірме нысанында зейнетақы жинақтарының сомасы және есептелген инвестициялық кіріс туралы ақпарат сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша ғана көрсетіледі.

Бұл ретте салымшы (алушы) сұратқан кез келген күндегі зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ-да ЖЗШ ашылған күннен бастап БЖЗҚ ұсынады. БЖЗҚ жоғарыда көрсетілген Қаулы талаптарына сәйкес келетін ЖЗШ-дан үзінді көшірме нысанын бекітті.

Мұнымен қоса:

- берілген логин мен парольді немесе ХҚҚО-дан алынған электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, Қордың www.enpf.kz ресми сайты арқылы;

- e-gov.kz электрондық үкіметтің сайты арқылы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы (алушысы) қаражатының түсуі және қозғалысы туралы ақпарат беру» қызметі шеңберінде;

- абоненттік ұялы байланыс құрылғыларына арналған БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы ЖЗШ-дан үзінді көшірмені сұрата отырып, ай сайынғы инвестициялық кіріс сомасына мониторинг жүргізу мүмкіндігінің бар екені туралы хабарлаймыз. Сіз үзінді көшірмені қалыптастыру үшін кез келген кезеңді (бір күннен бірнеше жылға дейін) белгілей аласыз.

Үзінді көшірмені онлайн сервистер (БЖЗҚ-ның www.enpf.kz сайты, www.e-gov.kz электрондық үкіметтің сайты немесе мобильді қосымша) арқылы алған кезде, салымшыға нақты уақыт режимінде (онлайн) өз шотының жай-күйі туралы өзекті деректерді алу мүмкіндігі беріледі. Электрондық пошта арқылы хабарлау тәсілін таңдаған кезде, ЖЗШ-дан үзінді көшірмені электрондық мекенжайға, БЖЗҚ-ның web-сайтында «Электрондық қызметтер» бөлімінде, одан әрі «Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмені e-mail-ға алу» арқылы қосымша алуға болады, бұл ретте БЖЗҚ дерекқорында тіркелген электрондық мекенжайды көрсету қажет.

• 79. Жеке кабинет арқылы онлайн түрде ЖЗШ-дан үзінді көшірмені қалай алуға болады?

Біздің Интернеттегі www.enpf.kz web-сайтымызда ЖЗШ-ның жай-күйі туралы ақпарат алу үшін «Жеке кабинет» бөлімінде, әрі қарай «Жеке тұлғаның кабинеті» арқылы, қажет болған жағдайда Сізге қайта тіркеуден өту қажет.

Ол үшін сілтемені пайдалану керек: www.enpf.kz, «Жеке кабинет» бөлімі, одан әрі «Жеке тұлғаның кабинеті», «Тіркеу/Парольді ұмыттыңыз ба», ЖСН өрісін толтырып, «Мен робот емеспін» қанат белгісін басу қажет. Ашылған «Байланысты таңдау» терезесінде бір реттік пароль жіберілетін, Қордың дерекқорында тіркелген электрондық мекенжайды немесе ұялы телефон нөмірін таңдау қажет. Енгізілетін деректемелер ЖЗШ ашу туралы өтініште не хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау) туралы келісімде көрсетілгендермен толық сәйкес келуі тиіс екенін есте ұстаған жөн. Көрсетілген электрондық мекенжайға / ұялы телефон нөміріне бір реттік парольді алғаннан кейін «Парольді ауыстыру» қосымша бетін пайдалану қажет. Жіберілген бір реттік парольді Қор жіберген сәттен бастап 15 минут ішінде енгізу керек және ағылшын тіліндегі әріптерді және сәйкесінше, хабарламадағыдай цифрларды енгізу керек. Жеке кабинетке кіру үшін e-mail арқылы алынған бір реттік парольді енгізіңіз және өзіңіздің жаңа пароліңізді тіркеңіз. Жүйеде авторизациялау кезінде парольге жаңа талаптар белгіленді:

- парольдің ұзындығы кемінде 8 таңбадан тұруы және 20 таңбадан аспауы керек;

- таңбалар құрамында кіші және үлкен әріптерді, цифрларды және арнайы таңбаларды пайдалану ұсынылады. Қажетті кезең үшін ЖЗШ-дан үзінді көшірмені көру үшін «Қызметтер» бетбелгісіне өтіп, «ЖЗШ-дан үзінді көшірмені алу» жолын шерту қажет, онда соңғы үш айда ұйғарым бойынша кезең көрсетілген немесе кезеңнің басы мен соңын таңдау арқылы үзінді көшірмені (бір күннен бірнеше жылға дейін) қалыптастыру үшін қажетті кезеңді белгілеу қажет.

Егер сайтқа кірген кезде қиындықтар туындаса, туындаған мәселелерді сипаттап, enpf@enpf.kz электрондық мекенжайына Сіздің мониториңыздың экранына шығатын скриншотты жіберулеріңізді сұраймыз. Сізден ақпарат алғаннан кейін біздің мамандар ақаулықтың себебін анықтай алады.

• 80. Бейрезидент ЖЗШ-дан үзінді көшірмені қалай ала алады?

Салымшы (алушы) "Интернет байланысы арқылы" хабарлау тәсілін таңдаған кезде және тіркелген электрондық мекенжайы болған кезде, Интернеттегі біздің www.enpf.kz web-сайтымызда "Жеке кабинет" бөлімінде ЖЗШ-ның жай-күйі туралы ақпарат алу үшін салымшы (алушы) қайта тіркеуден өтуі қажет.

Ол үшін сілтемені пайдалану керек: www.enpf.kz, «Жеке кабинет», «Тіркеу/Парольді ұмыттыңыз ба» бөлімінде ЖСН өрісін толтырып, «Мен робот емеспін» қанат белгісін басу қажет. Ашылған «Байланысты таңдау» терезесінде Қордың дерекқорында тіркелген, бір реттік пароль жіберілетін электрондық мекенжайды таңдау қажет.

Көрсетілген электрондық мекенжайға бір реттік парольді алғаннан кейін «Парольді өзгерту» қосымша бетін пайдалану керек. Жіберілген бір реттік парольді Қор жіберген сәттен бастап 15 минут ішінде енгізу керек және ағылшын тіліндегі әріптерді және сәйкесінше, хабарламадағыдай цифрларды енгізу керек. Жеке кабинетке кіру үшін e-mail арқылы алынған бір реттік парольді енгізу қажет және жаңа парольді тіркеу қажет. Жүйеде авторизациялау кезінде парольге жаңа талаптар белгіленді:

- парольдің ұзындығы кемінде 8 таңбадан тұруы және 20 таңбадан аспауы керек;

- таңбалар құрамында кіші және үлкен әріптерді, цифрларды және арнайы таңбаларды пайдалану ұсынылады. Қажетті кезең үшін ЖЗШ-дан үзінді көшірмені көру үшін «Қызметтер» бетбелгісіне өтіп, «ЖЗШ-дан үзінді көшірмені алу» жолын шерту қажет, онда соңғы үш айда ұйғарым бойынша кезең көрсетілген немесе кезеңнің басы мен соңын таңдау арқылы үзінді көшірмені (бір күннен бірнеше жылға дейін) қалыптастыру үшін қажетті кезеңді белгілеу қажет.

Салымшы (алушы) ЖЗШ-дан қосымша үзінді көшірме алу үшін БЖЗҚ-ға ұсынылған мекенжайға электрондық пошта арқылы хабарлау тәсілін таңдаған кезде, салымшы (алушы) Интернеттегі біздің www.enpf.kz web-сайтымызда «Электрондық қызметтер» бөлімінде, одан әрі «Жеке зейнетақы шотынан e-mail-ге үзінді көшірме алу» арқылы сұрату жолдай алады, бұл ретте БЖЗҚ дерекқорында тіркелген электрондық мекенжайды көрсетіп, қажетті кезеңді көрсету қажет. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының №57 «Зейнетақы жинақтарының құпиясы» бабының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының (бұдан әрі - ҚРҰБ) 2013 жылғы 27 тамыздағы №240 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысының негізінде 7-тармақтың №2 Қосымшасы бөлігінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтердің, зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтауды қамтамасыз ету және оларды БЖЗҚ-ның, олардың қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың өз мүдделері үшін пайдалануына жол бермеу жөніндегі рәсімдерді қамтиды. БЖЗҚ парольді орнату және ауыстыру бойынша нормаларды әзірледі және іске асырды, сондай-ақ парольдерді іріктеу кезінде қасақана бұзуға жол бермеу үшін 30 минут ішінде салымшының есептік деректерін бұғаттау рәсімі көзделген.

Пароль өзгергеннен кейін 6 ай өткен соң, пайдаланушы парольді ауыстыра алады. Көрсетілген рәсімдер Қазақстан Республикасының Заңдарына және ҚР ҰБ тұлғасындағы реттеушінің талаптарына сәйкес келеді. Бұдан бөлек, ЖЗШ-дан үзінді көшірме алу үшін enpf@enpf.kz электрондық мекенжайына БЖЗҚ Басқармасының Төрағасы Ж.Б. Курмановтың атына өтініш жіберуге болады, сондай-ақ өтінішке міндетті түрде жеке басын куәландыратын құжаттың сканерленген көшірмесін қоса беру қажет. Өтінішті еркін нысанда жазуға болады, бірақ толық деректемелерді: аты-жөнін, туған күнін, ЖСН (бар болса) және кері пошталық мекенжайын көрсету қажет. Жауап пошта байланысы арқылы тапсырыс хатпен жіберіледі.

• **81. Неге e-gov.kz сайтынан алынған үзінді көшірмедегі сома БЖЗҚ-дан алынған үзінді көшірмедегі сомаға қарағанда аз?**

«Әлеуметтік қамсыздандыру» бөлімінде – «Зейнетақы аударымдары туралы анықтама алу» арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан (бұрын – ХҚКО) немесе электрондық үкімет порталы (www.egov.kz) арқылы алынған ЖЗШ-нан үзінді көшірмеде ақпарат инвестициялық кіріс көрсетілмей, келіп түскен міндетті зейнетақы жарналарының жалпы сомасы бойынша ұсынылған.

Жинақтаушы зейнетақы қоры инвестициялық кірісті есептеуді жүргізеді және БЖЗҚ-дан алынған үзінді көшірмеде инвестициялық кіріс көрсетіле отырып, толық ақпарат көрсетіледі. БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының сомасын e.gov.kz сайты арқылы бақылау үшін «Әлеуметтік қамсыздандыру» бөлімінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы ақпарат беру» деген анықтаманың басқа түрін қалыптастыру қажет.

Бұл анықтамада келіп түскен зейнетақы жарналары, өсімпұл және есептелген инвестициялық кіріс туралы ақпарат бар.

• **82. МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы, оның ішінде МЗЖ салымшысына, өзіне МКЗЖ аударылатын жеке тұлғаға БЖЗҚ беретін жыл сайынғы ақпараттандыру шеңберіндегі ақпарат қандай мәліметтерді қамтиды?**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларының 16-тармағына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен, оның ішінде жыл сайын ақпараттандыру шеңберінде БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарының салымшысына, өзіне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары

аударылатын жеке тұлғаға немесе зейнетақы төлемдерін алушыға беретін зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат төмендегілер туралы мәліметтерді қамтиды:

- 1) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы;
- 2) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша есептелген инвестициялық кіріс сомасы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы бекіткен және сұратылатын кезеңнің соңында қолданыста болған инвестициялық кірістен және зейнетақы активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының шамасы;
- 4) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, зейнетақы жарналарының, өсімпұлдардың, аударымдардың, зейнетақы жинақтары төлемдерінің және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;
- 5) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналарын немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы.

ЖЗШ-дағы мәліметтер сондай-ақ зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинағының сомасы туралы ақпаратты қамтиды.

БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарының салымшысына, өзіне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаға немесе зейнетақы төлемдерін алушыға жыл сайын міндетті зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат жібермейді:

- 1) ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотында ақша болмаған жағдайларда;
- 2) міндетті зейнетақы жарналары салымшысы, өзіне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алушы тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарламаған жағдайларда, көрсетілген мекенжай бойынша адресаттың болмауы себебінен алдыңғы жылдағы міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың БЖЗҚ-ға қайтарылуы нәтижесінде анықталған жағдайда;
- 3) БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен және (немесе) өзге де көздерден: БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болуы; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткені; тұруға рұқсаттың күшін жою туралы мәліметтер алған жағдайларда;
- 4) БЖЗҚ-ға зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты қайтару нәтижесінде анықталған пошта және электрондық мекенжай толық (дұрыс емес) болмаған жағдайларда;
- 5) БЖЗҚ-ға тікелей өзі келіп өтініш жасаған кезде және жеке кабинет арқылы хабарлау тәсілін таңдаған жағдайда.

• **83. Егер Қордың сайтында тіркелу кезінде «Сіз көрсеткен деректер (электрондық пошта/ұялы телефон) басқа клиенттің деректерімен сәйкес келеді» деген хабарлама шықса, не істеу керек?**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 57-бабының 1-тармағына сәйкес зейнетақы жинақтарының құпиясы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы қалдықтар туралы және ақша қозғалысы туралы мәліметтерді қамтиды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жинақтарының құпиясына кепілдік береді. Дәл осы себептен электрондық (e-mail) мекенжайға, ұялы телефон нөміріне, сондай-ақ хабарлау тәсіліне өзгерістер/толықтырулар салымшы (алушы)/сенім білдірілген өкіл/заңды өкіл БЖЗҚ кеңсесінде жеке өтініш жасаған кезде енгізіледі.

Егер сіз БЖЗҚ дерекқорындағы электрондық мекенжайды өзгерткіңіз келсе, онда жеке басыңызды куәландыратын құжатпен БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне жүгінуіңіз қажет. Сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан алуға болатын электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда, сіз біздің сайтта Жеке кабинетте «Қызметтер» бөлімінде, әрі қарай «Деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу» арқылы деректемелерді өзгерту туралы өтінішке қол қоя аласыз.

• **84. Өзімнің жеке зейнетақы шотымнан ақпаратты қалай алуға болады?**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 Қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына сәйкес БЖЗҚ ақпараттандыруды міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, өзіне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе зейнетақы төлемдерін алушы таңдаған, төменде көрсетілген тәсілдердің бірімен:

- электрондық тәсілмен;
 - электрондық (e-mail) мекенжайға хабарлама жіберу арқылы;
 - БЖЗҚ-ға тікелей өзі келген жағдайда;
 - «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамынан ала алатын электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі - ЭЦҚ) немесе ЖСН мен парольді пайдалана отырып, интернет арқылы жеке өтініш жасаған кезде;
 - пошталық байланыс қызметтері арқылы жүзеге асырады. Салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтау бойынша өз міндеттемелерін орындау бөлігінде Қор тәуекелдерін барынша азайту мақсатында электрондық (e-mail) мекенжайға, ұялы телефон нөміріне, сондай-ақ хабарлау тәсіліне өзгерістер/толықтырулар салымшы (алушы)/сенім білдірілген өкілі/заңды өкілі Қор кеңсесіне өзі келгенде енгізіледі. Төменде көрсетілген хабарлау тәсілдерінің бірін таңдау кезінде мыналарға назар аударыңыз:
 - Қор электрондық пошта арқылы ЖЗШ-дан үзінді көшірмені Қордың дерекқорында тіркелген электрондық мекенжайға жібереді, онда ұйғарым бойынша кезең "жыл сайын" және (немесе) Сіз бұрын таңдаған кезеңділік: жыл сайын, жарты жылда бір рет, тоқсан сайын, ай сайын кезеңі таңдап алынады;
 - Сіздің қажеттілігіңізге қарай, логиннің орнына өзіңіздің ЖСН-ді көрсете отырып, Интернет байланысы арқылы ЖЗШ-дан үзінді көшірмені алуға болады;
 - ЖЗШ-дан үзінді көшірмені алу үшін Android, iOS (iPhone, iPad) және Windows Phone операциялық жүйелерінде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттер үшін ENPF мобильді қосымшасын пайдалана аласыз. Қосымша тегін тарату (пайдаланушылардың көшіріп алуы) мүмкіндігімен бірге Google Play (Android), AppStore (iOS) және Windows Phone Marketplace (Windows Phone) қосымшаларының ресми дүкендерінде жарияланған.
- Қосымша қазақ және орыс тілдеріндегі екі толыққанды тілдік нұсқаны қолдайды. Бұдан бөлек, ЭЦҚ болған жағдайда, Сіз ЖЗШ-дан үзінді көшірмені электрондық үкімет сайтының «Әлеуметтік қамсыздандыру» - «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру» бөлімінен ала аласыз. ЖЗШ-дан үзінді көшірмені web-сайт арқылы «Электрондық қызметтер» бөлімінде, одан әрі «Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмені e-mail-ға алу» арқылы қосымша алуға болады, бұл ретте БЖЗҚ дерекқорында тіркелген электрондық мекенжайды көрсету қажет.

- **85. Мен басқа салымшы үшін зейнетақы жинақтары туралы ақпарат ала аламын ба?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 57-бабына сәйкес зейнетақы жинақтарының құпиясы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы ақша қалдықтары туралы және олардың қозғалысы туралы мәліметтерді қамтиды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары және Мемлекеттік корпорация зейнетақы жинақтарының құпиясына кепілдік береді.

Кез келген үшінші тұлғаға ақпаратты ашу тек нотариалды куәландырылған сенімхат болған жағдайда ғана мүмкін болады.

- **86. Егер қызметкер БЖЗҚ-мен 2021 жылғы 1 ақпанда шарт жасаса, 2021 жылғы қаңтарда зейнетақы жарналарын ұстап қалу керек пе?**

Зейнетақы жарналарын есептеу және ұстап қалу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1116 Қаулысымен бекітілген міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) талаптарын және мерзімдерін басшылыққа алған жөн. Келісім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгенін назарға ала отырып, БЖЗҚ жұмыс берушінің еңбекшілердің ай сайынғы табысынан 10% мөлшерінде (ең төменгі жаңақының 50 еселенген мөлшерінен аспайтын) МЗЖ-ны тұрақты түрде аударуды жүзеге асыру міндеті БЖЗҚ-да еңбеккердің 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап алған табысы үшін Қағидаларда көзделген мерзімде – еңбекшілердің табыстары төленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірілмей туындайды деп есептейді.

- **87. МЗЖ аудару кезеңі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерінің 3-тармағына сәйкес агенттер қызметкерлерге төленетін табыстан, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан жеке тұлғалардың табысынан міндетті зейнетақы жарналарын ай сайын есептеп, ұстап қалады және БЖЗҚ-ға аударды.

Мемлекеттік корпорацияға міндетті зейнетақы жарналарын аударған кезде агент банкке қағаз тасымалдағышта үш дана төлем тапсырмасын және екі дана жеке тұлғалар тізімін береді. Төлем тапсырмасының бірінші данасы және тізімнің бірінші данасы банкте қалады, төлем тапсырмаларының екінші және үшінші даналары және тізімнің бір данасы банктің қабылдау туралы белгісімен агентке қайтарылады. Жеке тұлғалар тізімінде әрбір жеке тұлға бойынша жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), туған күні, жарна сомасы және міндетті зейнетақы жарналары аударылатын кезең (ай, жыл) болады. Міндетті зейнетақы жарналарын банктерде шоттары бар агенттер "ААЖЖЖЖ" форматында міндетті зейнетақы жарналары төленетін кезеңдерді (ай/айлар, жыл) көрсете отырып, МТ-102 форматындағы бір төлем тапсырмасымен Мемлекеттік корпорацияға аударды.

Агенттер міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармаған жағдайда, аудару МТ-102 форматындағы төлем тапсырмасын қалыптастыра отырып және жеке тұлғалардың тізімін қоса бере отырып, әрбір ай үшін жеке жүргізіледі. Банктік шот ашпай төлемдер жүргізген кезде, міндетті зейнетақы жарналары аударылатын кезеңді агенттер қағаз тасымалдағыштарда жасалатын төлем құжаттарында "Кезең" жолында, агенттің банктік шотынан ақшаны есептен шығару жолымен төлемдер жүргізген кездегі "Төлем тағайындау" бағанында, ал МТ-102 форматындағы электрондық төлем тапсырмаларында "ААЖЖЖЖ" форматындағы "PERIOD" негізгі сөзінде көрсетеді. Сонымен үзінді көшірмені алған кезде, "Операцияның атауы" бағанында жарналар аударылған кезең (Операцияның түрі (кезең) көрсетіледі.

• 88. Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу және аудару тәртібі

БЖЗҚ-ға төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) МЗЖ есептеу үшін алынатын ай сайынғы табыстың 10% мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте МЗЖ есептеу үшін алынатын ай сайынғы табыс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс. Бұл ретте МЗЖ есептеу үшін алынатын ең жоғары жиынтық жылдық табыс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінің он екі мөлшерінен аспауы тиіс. Салық агенттері болып табылмайтын, жеке тұлғалармен жасалған нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар МЗЖ төлеуден босатылатынына назар аударамыз.

«0» ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы «Салық салу мәселелері бойынша экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» №287 Жарлығын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 224 қаулысының 1-тармағына сәйкес әлеуметтік төлемдердің мөлшерлемелеріне 2020 жылғы 1 сәуірден бастап 1 қазанға дейінгі кезеңге «0» түзету коэффициенті белгіленеді, бұған дара кәсіпкердің өзі үшін төлейтін төлемдері қосылмайды. Агенттер 2 келесідей әлеуметтік төлемдер бойынша мөлшерлемелерге «0» түзету коэффициентін қолдануы мүмкін:

- ◆ әлеуметтік салық,
- ◆ міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ),
- ◆ міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ),
- ◆ әлеуметтік аударымдар,
- ◆ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар, аударымдар. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерлемелеріне «0» түзету коэффициентін белгілеу бойынша нормалар келесідей салық төлеушілер мен олардың қызметкерлеріне қатысты қолданылады:
- ◆ жеке практикамен (ЖП) айналысатын адамдар, №224 ҚР Қаулысының 1-қосымшасына сай қызмет түрлерінің тізбесі бойынша қызметін жүзеге асыратын микро, шағын немесе орташа кәсіпкерлік субъектілері, олар бойынша төлем (аудару) мерзімі 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап 1 қазанына дейінгі кезеңде туындайтын міндеттемелер бойынша;
- ◆ №224 ҚР Қаулысының 2-қосымшасына сай қызмет түрлерінің тізбесі бойынша қызметін жүзеге асыратын ірі кәсіпкерлік субъектілері, олар бойынша төлем (аудару) мерзімі 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап 1 шілдесіне дейінгі кезеңде туындайтын міндеттемелер бойынша. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерлемелеріне «0» коэффициентін қолдану үшін қызмет түрлерінің тізбесі ҚР №224 Қаулысының 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген.

МЗЖ АУДАРУ МЗЖ аударуды агенттер қолма-қол ақшасыз төлемдер арқылы жүргізеді. ЖК тұлғалары, ДҚ, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын, банктерде (бұдан әрі - банктер) және

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда шоттары жоқ жеке тұлғалар Мемлекеттік корпорацияның мынадай деректемелерін көрсете отырып, МЗЖ-ны кейіннен БЖЗҚ-ға аудару үшін банктерге қолма-қол ақшамен енгізеді: «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Бенефициары «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Бенефициар банкі Бенефициар БСК GCVPKZ2A Бенефициар ЖСК KZ12009NPS0413609816 Бенефициар БСН 160440007161 ТТК (Төлем тағайындау коды) 010.

• 89. **Қазақстан Республикасының аумағынан тыс, мәні жұмысты орындау (қызмет көрсету) болып табылатын, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар міндетті зейнетақы жарналарын қалай аударады?**

Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мынадай азаматтары қатысуға құқылы:

1-1) салық агенттері болып табылмайтын, жеке тұлғалармен жасалған, мәні жұмысты орындау (қызмет көрсету) болып табылатын, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша табыс алатын азаматтар;

2) Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін азаматтар;

3) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде жұмыс істейтін азаматтар. МЗЖ аудару тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерінің 3-тарауында анықталған.

Агент міндетті зейнетақы жарналарын «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының заңында анықталған тәртіппен банктер арқылы қолма-қол ақшасыз төлем арқылы аударады.

• 90. **Шартты-жинақтаушы жүйе не үшін енгізіледі? Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары деген не?**

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін жаңғыртудың екінші кезеңінің басты тұжырымдамалық өзгерісі қолданыстағы жинақтаушы жүйені қызметкерлер табысының 5% мөлшерінде жұмыс берушілердің жарналары есебінен қалыптастырылатын жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышпен толықтыру болып табылады.

Ортақ зейнетақы жүйесін «аяқтау» және сәйкесінше 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін жинақталған еңбек өтілінің азаюына, сондай-ақ зейнетақы төлемдерінің көздерін ары қарай түрлендіру қажеттілігіне байланысты ортақ зейнетақы мөлшерінің азаюы жаңғыртудың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Осылайша, 2020 жылдан бастап зейнетке толық көлемде ортақ зейнетақы тағайындау үшін жеткілікті өтілі жоқ тұлғалар шығатын болады, бұл зейнетке жаңадан шығатындар үшін алатын зейнетақының күрт қысқаруына әкеледі. Зейнеткерлердің әрбір жаңа буыны зейнетақының төмен мөлшерімен ортақ зейнетақыға құқығы бар. Осылайша, 2014 жылы жаңа зейнеткерлердің орташа ортақ зейнетақысы 2014 жылға дейін зейнетке шыққандардың орташа ортақ зейнетақысынан 12%-ға төмен. Дүниежүзілік Банктің болжамдары бойынша ағымдағы жағдаяттың сақталуымен жиынтық зейнетақының орташа мөлшері таяу жылдарда МОТ ұсынған жойылған табыстың 40% стандартынан төмен болмақ.

Осыған байланысты, жаңа шартты-жинақтаушы жүйе (ШЖЖ) енгізіледі. ШЖЖ қатысушыларына жұмыс беруші меншікті қаражаты есебінен пайдасына ЖМЗЖ аударуға қабылданған қызметкердің табыс көлемінен 5% жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) аударылатын қызметкерлер жатады. Жұмыс берушілердің жарналары БЖЗҚ-ға түседі, ол ЖМЗЖ есепке алады және әкімшіліктендіреді. ЖМЗЖ есебінен құрылған зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. Жүйенің әр қатысушысы үшін БЖЗҚ-да шартты зейнетақы міндеттемелері қалыптастырылатын шартты зейнетақы шоты ашылатын болады. ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алуға зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар, сондай-ақ жиынтығында кемінде алпыс күнтізбелік ай ЖМЗЖ аударылған I және II топтағы мүгедектер (мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе) құқылы. Осылайша, минималды қатысу өтілі 5 жыл, осы кезде ғана зейнетақы төлемдеріне құқық пайда болады. Шартты-жинақтаушы жүйені қолданатын елдерде, жүйенің теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында міндетті түрде минималды қатысу өтілін шектеу пайдаланылады: Италияда – 20 жыл, Латвияда – 10 жыл.

ШЖЖ-дан зейнетақы мөлшері шартты зейнетақы шотында құрылған зейнетақы міндеттемелеріне және күтілетін өмір сүру ұзақтығына қарай белгіленеді. Зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен аспауы тиіс. ШЖЖ-дан зейнетақы жүйенің қаржы көрсеткіштеріне және БЖЗҚ-ның инвестициялық қыметінің нәтижелеріне байланысты жыл сайын индексацияланады. Бұл төлемдер өмір бойына төленетіндігін атап өткен абзал, яғни адам

зейнетке шыққаннан кейін 10 жыл немесе 40 жыл өмір сүретіндігіне қарамастан төленеді. ЖЗШ -ға нақты ақша жинақталатын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қарағанда, ШЖЖ-ның шартты шоттарында шартты зейнетақы міндеттемелері тіркеледі.

Жарналар жұмыс берушінің қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығын ескерсек, оларға қызметкерлердің меншік құқығы және оларды мұраға алу құқығы қолданылмайды. ШЖЖ-ға инфляция деңгейін ескере отырып, жарналардың сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдік те қолданылмайды. Мұрагерлік және МЗЖ, МКЗЖ есебінен құрылған зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік бойынша қолданыстағы нормалары сақталатындығын атап өткен жөн. Мұнымен бірге, ана мен балалық шақ институтын қолдау үшін зейнетақы жүйесінің міндетті деңгейінде МЗЖ 10% субсидиялаумен қатар, бала күтіміне байланысты демалыста отырған әйелдерге баласы бір жасқа толғанға дейін жұмыс берушінің 5% міндетті зейнетақы жарналары субсидияланатын болады, бұл ШЖЖ-дан зейнетақының ұлғаюына мүмкіндік береді. Жұмыс берушілердің 5% жарналарын енгізу табысы төмен қатысушылардың әлеуметтік қорғанысын арттырады, табыстарды заңдастыруға жеке ынтаны күшейтеді, халықтың зейнетақы жүйесіне қатысуына итермелейді.

Ұ сынылып отырған қайта құрулар нәтижесінде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру келесідей бөліктерден құралады:

1) мемлекеттік бюджет есебінен төлемдер: - зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты тағайындалатын базалық зейнетақы төлемдері; - ортақ зейнетақы (01.01.1998 жылдағы еңбек өтілі есебімен);

2) БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері: - қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары есебінен 10%; - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қосымша 5%;

3) ерікті зейнетақы жинақтары есебінен. Алайда, 2019 жылғы 02 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында Ү кіметке 5% қосымша зейнетақы аударымдарын енгізуді 2020 жылдың қаңтар айынан 2023 жылға дейін кейінге қалдыруды тапсырды.

• 91. Жеке зейнетақы шотыма өз бетімше қосымша МЗЖ аудар аламын ба?

Зейнетақы мөлшерін өз бетіңізше көбейту үшін Сіз БЖЗҚ-мен ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасай аласыз. Бұл ретте ЕЗЖ мөлшерлемесі – жеке тұлғаның өзі анықтап, өз қалауына орай өзгерте алатын БЖЗҚ-ға төлем мөлшері.

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңының 40-бабының 3-тармағына сәйкес ЕЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотын ашу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен ЕЗЖ аудару кезінде жеке тұлғадан өз пайдасына немесе үшінші тұлғаның пайдасына БЖЗҚ-ға келіп түскен бастапқы жарна негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңының 40-бабының 4-тармағына сай салымшы (алушы) ЕЗЖ сомасы түскен күннен бастап ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылды деп саналады.

• 92. Жақындарымның пайдасына зейнетақы жарналарын аударсам бола ма?

Заңның 24-бабының 9-тармағына сай міндетті зейнетақы жарналарын басқа тұлғаның пайдасына төлеуге болмайды. Заңның 24-бабының 1-тармағына сай бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын агенттер Заңда анықталған мөлшерлемелер бойынша төлеуі тиіс.

• 93. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы кірістің 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ең жоғары жиынтық жылдық кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінің он екі мөлшерінен аспауы тиіс.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын қызметкердің ай сайынғы табысының 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді. Агенттер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын меншікті қаражаты есебінен еңбек жағдайлары

зиянды жұмыстармен айналысатын, кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген қызметкерлердің пайдасына жүзеге асырады.

Өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелерімен расталған зиянды еңбек жағдайлары жойылған жағдайда агенттер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырмайды.

• 94. **Зейнетке шыққаннан кейін зейнетақы жарналарын аудару**

Зейнетақы жарналарын, оның ішінде зейнетке шыққан соң, өз бетіңізше сапу үшін Сіз БЖЗҚ-мен ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасай аласыз.

Бұл ретте ЕЗЖ мөлшерлемесі – жеке тұлғаның өзі анықтап, өз қалауына орай өзгерте алатын БЖЗҚ-ға төлем мөлшері. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңының 40-бабының 3-тармағына сәйкес ЕЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотын ашу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен ЕЗЖ аудару кезінде жеке тұлғадан өз пайдасына немесе үшінші тұлғаның пайдасына БЖЗҚ-ға келіп түскен бастапқы жарна негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңының 40-бабының 4-тармағына сай салымшы (алушы) ЕЗЖ сомасы түскен күннен бастап ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылды деп саналады.

• 95. **Декреттік демалыс кезінде міндетті зейнетақы жарналары ненің есебінен құралады?**

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес еңбек ету қабілетінен айырылған және (немесе) жұмысынан айырылған, сондай-ақ жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайларда берілетін әлеуметтік төлемдерден Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары ұсталып қалады және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қаулының 3-тармағына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен айырылу және (немесе) жұмысынан айырылу, жүктілігіне, босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты, баланың бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайына берілетін әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен субсидияланатын міндетті зейнетақы жарналарын ай сайын есептеуді және ұстап қалуды міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ жүзеге асырады.

• 96. **Шәкіртақдан міндетті зейнетақы жарналарын аудару**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1116 «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қаулысының (бұдан әрі - №1116 Қағида) 6-тармағына сай:

1) БЖЗҚ-ға аударылатын міндетті зейнетақы жарналары Салық кодексінің 319-бабының 2-тармағында көрсетілген кірістер мен төлемдерден ұсталмайды, бұған Салық кодексінің 319-бабының 2-тармағының 31) тармақшасының тоғызыншы азат жолында көрсетілген тұлғалар қосылмайды;

2) Салық кодексінің 329-бабында, 330-бабының 1-тармағында көрсетілген кірістер мен төлемдерден ұсталмайды;

3) 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды (ескі редакциясын қараңыз) 3-1) Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағында көрсетілген кірістер мен төлемдерден ұсталмайды, бұған 341-баптың 1-тармағының 12), 26), 27) және 50) тармақшаларымен көрсетілгендер, сондай-ақ Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағының 42) және 43) тармақшаларымен көрсетілгендер (жоғалтылған жалақы (табыс) бөлігінде) қосылмайды. Бұл ретте БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағының 17) тармақшасының алтыншы азат жолында көзделген табыстардан ұсталмайды;

4) Салық кодексінің 346-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, мүгедектер мен өзге де адамдар заттай нысанда немесе материалдық пайда түрінде алған табыстардан ұсталмайды. Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағының 26) тармақшасында көрсетілген әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналары «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 1-тармағына сәйкес ұсталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 28 мамырдағы №332 қаулысымен 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап №1116 Қағиданың 6 - тармағының 3) тармақшасы өз қолданысын тоқтатты, оған сәйкес БЖЗҚ-ға аударылатын міндетті зейнетақы жарналары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 25.12.2017 жылғы № 120-VI Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағында көрсетілген төлемдерден және табыстардан ұсталмаған, бұған Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағының 12), 26), 27) және 50) тармақшаларымен, сондай-ақ 341-бабының 1-тармағының 42) және 43) тармақшаларымен (жоғалтылған жалақы (табыс) бөлігінде) белгіленгендер қосылмайды. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 06.04.2016 ж. №480-V Заңының 7-бабының 2-тармағының 6) тармақшасына, 60-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларына ресми түсіндірмені оларды қабылдаған (шығарған) уәкілетті органдар немесе лауазымды адамдар береді. Осыған байланысты, осы мәселе бойынша түсіндірме алу үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүгінуді ұсынамыз.

• 97. Зейнетақы жарналарының агенттері қайтыс болған салымшылардың пайдасына МЗЖ-ны қалай аударады?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 қазандағы № 1058 қаулысымен 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартының болмауына байланысты тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан агенттер ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын аудару тәртібі анықталған (бұдан әрі – №1058 Қағида).

1. 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартының болмауына байланысты тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан агенттер ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын аудару «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының (бұдан әрі - ӘЖК) және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің (бұдан әрі - СТН) және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартының болмауына байланысты тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан агенттер ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын аудару тәртібін айқындайды.

2. Қағидалардың 1-тармағында көрсетілген бұрынғы қызметкерлерге қатысты міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегі бар агент бұрынғы қызметкерлер бөлінісінде негізгі төлемді және 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлды, осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бұрынғы қызметкерлердің қорытынды берешек сомаларын көрсете отырып, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартының болмауына байланысты тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтер жасайды және оларды 2013 жылғы 24 желтоқсанға дейін агенттің тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органына ұсынады.

3. Агенттің тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органы бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтерді алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бұрынғы қызметкерлерге қатысты міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегі бар агенттердің атауын және БСН, сондай-ақ салық органының атауын және БСН көрсете отырып, осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бұрынғы қызметкерлерге қатысты берешегі бар агенттердің тізілімін (бұдан әрі - тізілім) толтырады және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне (бұдан әрі - Салық комитеті) электронды түрде жолдайды. Салық комитеті агенттің тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органынан тізілімді алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде алған тізілімді Орталыққа электронды түрде жолдайды.

4. Агенттің тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органы агент бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтерді берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 622 бұйрығымен бекітілген Жеке шоттарды жүргізу қағидаларына сай міндетті зейнетақы жарналары бойынша агенттің жеке шотына тиісті жазбалар жүргізеді және 206108 «Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық емес түсімдері» бюджеттік сыныптама коды бойынша жеке шот ашады.

5. Агенттер бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтерді тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органына берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасын және 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл сомасын аударады.

6. 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек және өсімпұл сомаларын республикалық бюджетке аудару кезінде агенттер банктерге және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз тасымалдағышта төлем тапсырмасын үш данада және бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтерді екі данада ұсынады. Төлем тапсырмасының бірінші данасы мен бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтердің бірінші данасы банкте және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда қалады, төлем тапсырмаларының екінші және үшінші данасы және бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтердің бір данасы қабылданғаны туралы банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның белгісімен агентке қайтарылады.

7. Бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтер әрбір жеке тұлға бойынша: жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (болған кезде), туған күнін, жарна сомасы мен міндетті зейнетақы жарналары және өсімпұл аударылатын кезеңді (айы, жылы) қамтуы тиіс. Туған күні, ЖСН анықталмаған бұрынғы қызметкерлер бойынша тиісті жолда: Туған күні - «19000101»; ЖСН - «000000000000» қойылады.

8. Бұрынғы қызметкерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын аударған кезде төлем тапсырмасында «төлемнің тағайындалуы» деген бағанда «Тұратын жері анықталмаған бұрынғы қызметкерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналары», «төлемді тағайындау коды» деген бағанда «089» көрсетіледі. 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл төлеу кезінде төлем тапсырмасында «төлемнің тағайындалуы» деген бағанда «Тұратын жері анықталмаған бұрынғы қызметкерлер бойынша 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл», «төлемді тағайындау коды» деген бағанда «098» көрсетіледі.

9. Банктер және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар агенттер төлем тапсырмасын көрсеткен кезде осы Қағиданың 2-қосымшасына сай бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтермен, МТ-102 форматындағы электронды төлем тапсырмаларымен Орталықтың банк шотына бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұсталған және аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұлдың сомаларын аударуды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді. Қағида ҚРҰ кіметінің 20.03.2014ж. №250 Қаулысына сәйкес 9-1-тармақпен толықтырылды. 9-1. Орталық агенттер бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл бойынша берешек сомаларды ағымдағы шотқа келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтерді Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміндегі деректермен мына деректемелер: тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), ЖСН, туған күні бойынша, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімімен салыстырып тексеруді жүргізеді. Орталық бұрынғы қызметкердің мәліметтерін сәйкестендірген кезде үш жұмыс күні ішінде агенттер бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл бойынша берешек сомаларын агенттің шотына қайтаруды жүзеге асырады. Агент сәйкестендірілген бұрынғы қызметкерлер бойынша берешек сомалары қайтарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде 010 - «міндетті зейнетақы жарналары» төлем тағайындау коды және 019 - «міндетті зейнетақы жарналары уақтылы аударылмағаны үшін өсімпұл» төлем тағайындау коды бойынша оларды Орталыққа аударады. Қағида ҚРҰ кіметінің 20.03.2014ж. № 250 Қаулысына сәйкес 9-2-тармақпен толықтырылды. 9-2. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамаға сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен бұрынғы қызметкер жүгінген жағдайда, міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасы қызметкердің алдындағы еңбекақы төлеу жөніндегі берешек болып табылады және ол бұрынғы қызметкердің жинақ шотына немесе карт-шотына ақша аудару жолымен төленуге тиіс.

10. Орталық агенттер бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл бойынша берешек сомаларды ағымдағы шотқа келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағиданың 8-тармағында көрсетілген төлемдерді тағайындау кодтарын көрсете отырып, МТ-100 форматындағы электронды төлем тапсырмаларымен 206108 «Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық емес түсімдер» бюджеттік сыныптама кодына агенттің тұратын (тұрғылықты) жері бойынша салық органына аударады.

11. Агент бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұсталған және аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл бойынша берешек сомаларын аударғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органдарына бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтерді ұсынады, сондай-ақ салық органымен 206108 «Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық емес түсімдер» бюджеттік сыныптама коды бойынша есептерді салыстырып тексеруді жүргізеді.

12. Бұрынғы қызметкерлердің осы Қағидаларға сәйкес республикалық бюджетке аударылған, агенттер олардың табыстарынан ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл сомалары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қалпына келтіруге жатады.

13. Бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан агенттер ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл бойынша берешек сомаларын өтегеннен кейін 206108

«Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық емес түсімдер» бюджеттік сыныптама коды бойынша жеке шоты толық көлемде жабылады.

14. Бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан агенттер ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл бойынша берешек сомалары 2014 жылғы 1 сәуірге дейін өтелмеген не толық өтелмеген жағдайда агенттің тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органы он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №622 бұйрығымен бекітілген Жеке шоттарды жүргізу қағидаларына сәйкес 206108 «Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық емес түсімдер» бюджеттік сыныптама коды бойынша агенттің жеке шотына тиісті жазбалар жүргізеді.

• 98. **Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агенттерге қандай міндеттемелер бекітілген?**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 24-бабының 1-тармағына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын Заңда айқындалатын мөлшерлемелер бойынша агенттер төлеуі тиіс. Сондай-ақ, Заңның 29-бабының 1-тармағында «Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлем төлейтін жеке тұлғаларды қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, агенттердің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталынған (есебіне жазылған) сомалары жөніндегі мәліметтерді көрсететін жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде тоқсан сайын тапсыратыны көзделген. Декларацияның нысанын және оны жасау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияда Заңның 24-бабының 2-4-тармақтарына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған адамдарға қатысты міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бөлігінде мәліметтер көрсетілмейді.

3. Агенттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталынған (есебіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бастапқы есепке алуды жүргізуге міндетті.

4. Агент міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларына және өздерінің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлерге тиісті кезең үшін тиесілі жалақының құрамды бөліктері туралы ай сайынғы хабарламада бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына есептелген және ұсталған (есебіне жазылған) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

• 99. **МЗЖ аудару мерзімдері**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 24-бабының 7-тармағына сәйкес, ұсталынған (есебіне жазылған) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) (бұрынғы ЗТМО) аударады:

1) дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (осы тармақтың 2), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан басқа), жеке практикамен айналысатын тұлғалар, қызметкерлерге төленген табыстардан, сондай-ақ мәні жұмысты орындау (қызмет көрсету) болып табылатын, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жеке тұлғаларға төленген табыстардан - табыстар төленген айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

2) дара кәсіпкерлер (осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген дара кәсіпкерлерден басқа), жеке практикамен айналысатын тұлғалар өзінің пайдасына - есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

3) 26.12.2018 жылғы № 203-VI ҚР Заңына сәйкес алынып тасталды (ескі редакциясын қараңыз)

4) 26.12.2018 жылғы № 203-VI ҚР Заңына сәйкес алынып тасталды (ескі редакциясын қараңыз)

5) патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер - Қазақстан Республикасының салық заңнамасында патент құнын төлеу үшін көзделген мерзімде; 6-тармақша 17.11.2015 жылғы № 408-V ҚР Заңының редакциясында баяндалды (2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (ескі редакциясын қараңыз)

6) Мемлекеттік корпорация - әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылатын айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей;

7) сақтандыру ұйымы - жапақыздан (табыстан) айырылумен байланысты зиянды өтеу ретінде сақтандыру төлемін жүзеге асыратын айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

8) «Салық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген мерзімде аударылады. Осылайша, Заң бойынша міндетті зейнетақы жарналарын төлеушілерге төлемді жүзеге асыру үшін әр түрлі мерзімдер қарастырылған.

- 100. **БЖЗҚ-ға МЗЖ-ның түсу мерзімі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1116 «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қаулысының 19-тармағына сай (10,11-тармақтар), «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация (бұрынғы - ЗТМО)) міндетті зейнетақы жарналарын, оның ішінде берешекті аудару жүргізіледі.

Мемлекеттік корпорация міндетті зейнетақы жарналарын БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес аударылады. Салымшылардың міндетті зейнетақы жарналарының сомасы Мемлекеттік корпорацияның шотына келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде МТ-100 форматындағы электрондық төлем тапсырмаларымен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.

- 101. **МЗЖ-ны қайтару**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері туралы» қаулысының 19-тармағына сай агент міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды есептеу, аудару кезінде жіберілген қателерді анықтаған немесе салымшының (алушының) қателердің анықталғаны туралы жазбаша өтінішін алған жағдайда қателерді міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың кейінгі аударымдарын реттеу жолымен түзетеді. Міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың кейінгі аударымдарын реттеу жолымен қателерді түзету мүмкін болмаған кезде агент қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтару туралы өтінішпен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамға (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация (бұрынғы - ЗТМО) жүгінеді.

Қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтару туралы өтінішке салымшының (алушының) өзінің жеке зейнетақы шотынан қате есептелген сомаларды есептен шығаруға келісетіні туралы нотариат куәландырған өтініші қоса беріледі. Агенттің өтініші негізінде Мемлекеттік корпорация қате аударылған МЗЖ және (немесе) өсімпұлды қайтаруға электронды түрде өтінім құрады және БЖЗҚ-ға жібереді. БЖЗҚ қате аударылған МЗЖ және (немесе) өсімпұлды қайтаруға электронды түрдегі өтінімді Мемлекеттік корпорациядан алғаннан кейін қайтаруды жүзеге асырады.

- 102. **Қай уақыттан бастап Компания қызметкерлері үшін МЗЖ төлеуі тиіс, БЖЗҚ-мен шарт жасасқан сәттен бастап немесе 2014 жылғы 1 қаңтардан, яғни зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізген сәттен бастап төлеуі тиіс пе?**

Жұмыс беруші қызметкермен еңбек шартын жасасқан сәттен бастап міндетті зейнетақы жарналарын аударылады. Бұл ретте «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V заңының (бұдан әрі - Заң) 24-бабының 7-тармағына, сондай-ақ 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ұсталған (есептелген) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Мемлекеттік корпорацияға аударылады: 1-тармақша 26.12.18 жылғы № 203-VI ҚР Заңының (ескі редакциясын қараңыз) редакциясында баяндалған 1) дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (осы тармақтың 2), 5) және 6) тармақшаларында аталған тұлғалардан басқа), жеке практикамен айналысатын адамдар қызметкерлерге, сондай-ақ мәні жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жеке тұлғаларға төленген кірістерден – кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей аударылады. Қосымша, Заңның 2,2-1,3 тармақтарының негізінде: 2. Міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шотын ашу агенттер Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған тәртіпте міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударған кезде беретін жеке тұлғалардың тізімі негізінде жүзеге асырылады. Бап 26.12.18 жылғы № 203-VI ҚР Заңына сәйкес 2-1 тармақпен толықтырылды. 2-1. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шотын ашу бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының

зейнетақы қағидасында көзделген нысан бойынша жасалған салымшының өтініші негізінде жүзеге асырылады. 3-тармақ 17.11.2015 жылғы № 408-V ҚР Заңының редакциясында баяндалған (2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (ескі редакциясын қараңыз); 26.12.18 жылғы № 203-VI 2-1 ҚР Заңының редакциясында баяндалған (ескі редакцияны қараңыз) 3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жөніндегі мәліметтерді міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізу үшін Мемлекеттік корпорацияға жеке зейнетақы шотын ашу туралы электрондық хабарлама жібереді.

Салымшы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жөніндегі мәліметтерді міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізгені туралы Мемлекеттік корпорацияның электрондық хабарламасын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры алған күннен бастап міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

• 103. **Қазақстандағы зейнетақы: міндетті жарналарды кім және қалай салуы тиіс**

Зейнетақы жарналарын салуға міндетті қазақстандықтар мұны бірнеше тәсілмен жүзеге асыра алады.

Бірінші. Егер адам жалданып жұмыс істесе, оның жұмыс берушісі (агенті) ай сайын жұмыс үшін төлейтін соманың 10%-ы мөлшерінде МЗЖ ұстап, аударуы керек.

Екінші. Азаматтық-құқықтық сипаттағы (АҚС) шарт бойынша жұмыс істейтін қазақстандық салық агенті болып табылатын тұлғамен серіктес болады. Бұл агент БЖЗҚ-ға МЗЖ түрінде аударылатын ай сайынғы табыстың 10%-ын ұстап қалады.

Үшінші. Адам салық агенттеріне қатысы жоқ адаммен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейді делік. Бұл жағдайда қазақстандықтың өзі БЖЗҚ-ға ай сайынғы табыстың кемінде 10%-ын, бірақ ең төменгі жалақының (ЕТЖ) 50 еселенген мөлшерінің 10%-нан аспайтын мөлшерін аударады. Мұны банктер немесе «Қазпошта» арқылы жасауға болады, деп нақтылады БЖЗҚ-да.

Төртінші. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар да осындай жарналарды сала алады. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға жататын Қазақстан тұрғындары Бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төлеуі тиіс. Қазір ол республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарында тұратындар үшін 2 917 теңгені құрайды. Барлық қалған аймақтар үшін БЖТ 1 458,50 теңгеге тең.

Бесінші. Жеке кәсіпкерлер үшін бәрі біршама қарапайым, бірақ төлем жүйесі бойынша емес, мөлшерін анықтау бойынша ғана. Жеке практикамен айналысатын ЖК иесі салық кезеңінің әрбір айы үшін МЗЖ мөлшерін есептейді, содан кейін алынған соманы БЖЗҚ-дағы өз шотына аударады.

• 104. **Жеке кәсіпкерлер зейнетақы жарналарын аударуды қалай жүзеге асырады?**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 25-бабының 4-тармағына сай жеке практикамен айналысатын адамдар, дара кәсіпкерлер үшін өз пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары алынаын кірісінің 10 пайызы мөлшерінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 10 пайызынан кем емес және ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан жоғары емес мөлшерде белгіленеді. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін шаруа немесе фермер қожалығының кәметке толған мүшесінің (қатысушысының) және басшысының пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын, салықтық кезеңнің әрбір айы үшін есептелетін міндетті зейнетақы жарналары республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 10 пайызынан кем емес және ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан жоғары емес мөлшерде белгіленеді. Шаруа немесе фермер қожалығының кәметке толған мүшелерінің (қатысушыларының) пайдасына міндетті зейнетақы жарналары олар кәметке толған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың басынан бастап есептелуге және төленуге жатады. Жеке практикамен айналысатын адам, сондай-ақ дара кәсіпкер өз пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін дербес айқындайтын кіріс алынаын кіріс болып табылады.

Кіріс болмаған жағдайда, жеке практикамен айналысатын адамдар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 10 пайызы есебімен өз пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге құқылы. 4-тармақтың бесінші және алтыншы бөліктері 26.12.18 ж. №203-VI ҚР заңына сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өз

пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада – айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген мөлшерінің және басқа елді мекендерде айлық есептік көрсеткіштің 0,5 еселенген мөлшерінің 30 пайызын құрайды. Бұл ретте республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің мөлшері қолданылады. Қараңыз: Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері. Бап 26.12.19 ж. № 287-VI ҚР заңына сәйкес 4-1 тармақпен толықтырылды (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) 4-1. Осы Заңның 24-бабының 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, мәні жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары алынатын кірістің 10 пайызы мөлшерінде, бірақ тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан жоғары емес мөлшерде белгіленеді.

5. Заңның 39-бабының 2-тармағында көрсетілген азаматтар үшін өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналары алатын табысының 10 пайызы, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының 10 пайызынан кем емес мөлшерде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жатады.

• 105. Несие мерзімінің кешіктірілгені үшін шартты бұзуға қатысты

Салымшы мен БЖЗҚ арасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасалды. Шарттың негізгі талаптары, сол сияқты оның нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті нормативтік актілерімен бекітілген.

Үшінші тараптың талабы бойынша шартты бұзу мүмкіндігі заңнамада көзделмеген.

Оның үстіне Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 50-бабының 3-тармағына сай салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, өсімпұлдарға, зейнетақы активтері мен зейнетақы жинақтарына тыйым салуға немесе өндіріп алуды қолдануға, оның ішінде санамаланған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда жол берілмейді. Сол сияқты Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 98-бабының 14) тармақшасына сай салымшының (алушының) борыштары бойынша зейнетақы жинақтары өндіріп алуға болмайтын ақша сомаларына жатады.

Осылайша Сіздің жеке зейнетақы шотыңыздағы зейнетақы жинағыңызды сот орындаушысы немесе коллекторлық компания өндіріп алуы мүмкін емес! Сізге көмектесе алдық деген сенімдеміз!

• 106. Зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асырғаннан кейін төленген зейнетақы жинақтары қайтарылмаған және зейнетақы жарналары түспеген жағдайда салымшының (алушының) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ қандай мерзімде жабылады?

Салымшының (алушының) БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоты зейнетақы жинақтары болмаған жағдайда 1 (бір) ай өткеннен кейін жабылады.

• 107. Как можно получить дубликат договора из ЕНПФ?

Егер Сіз МЗЖ және МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашу туралы өтініштің/ЕЗЖ есепке алу үшін зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін (телнұсқасын) алғыңыз келсе, Сізге жеке басты куәландыратын құжаттың түпнұсқасымен БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне жүгіну қажет.

Сол сияқты «Жеке кабинетке» кіру рұқсатыңыз не болмаса «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан алатын электрондық цифрлық қолтаңбаның өзекті кілті болған кезде, БЖЗҚ-ның веб-сайтында «Электрондық қызметтер»/ «Жеке тұлғаның жеке кабинеті»/ «Қызметтер» / «Зейнетақы шартының «телнұсқасын» алу» бөлімінде ЖЗШ ашу туралы өтініштің/зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың телнұсқасын алуға болады.

Бұл ретте МЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ 2019 жылдың 8 қаңтарына дейін ашылған жағдайда, ЖЗШ ашу туралы өтініштің телнұсқасын, егер ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ 2021 жылдың 1 мамырына дейін ашылған жағдайда ЕЗЖ есебінен шарттың телнұсқасын, ал егер МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ 2021 жылдың 26 маусымына дейін ашылған жағдайда МКЗЖ есебінен шарттың телнұсқасын алуға болатынын назарыңызға саламыз.

Бұдан бөлек, жеке кабинетте ашық ЖЗШ -ның бар екендігі туралы Анықтаманы «Электрондық қызметтер» / «Жеке кабинет» / «Жеке тұлғаның кабинеті» / «Қызметтер» / «ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу» бөлімдері арқылы алуға болады.

• 108. **Қазақстан аумағына келген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар МЗЖ, МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашу туралы өтініш бере алады ма, ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаса алады ма?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар жеке басын куәландыратын құжаты (шетелдік үшін – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ тұлғалар үшін – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі) болған кезде Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандырылу құқығына ие болады.

2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңның 37-бабының 2-тармағына сай МЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-да ЖЗШ ашу автоматты режимде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен МЗЖ аудару кезінде БЖЗҚ-ға агенттер ұсынатын жеке тұлғалардың тізімі негізінде жүзеге асырылады. Егер жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алу үшін ашық ЖЗШ болмаған жағдайда, МЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан келіп түскен, электронды төлем тапсырмасында көрсетілген жеке тұлғаның деректемелеріне агенттің БЖЗҚ-ға аударған бастапқы МЗЖ сомасының негізінде ашылады. Осыған байланысты 2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап МЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашу үшін жеке тұлғалардың БЖЗҚ-ға өтініш беруі талап етілмейді.

2021 жылдың 1 мамырынан бастап ЕЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-да ЖЗШ ашу: - ЕЗЖ аудару кезінде БЖЗҚ-ға агенттер (заңды тұлғалар) ұсынатын жеке тұлғалардың тізімі негізінде; - ЕЗЖ аудару кезінде өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына жеке тұлғадан БЖЗҚ-ға келіп түскен алғашқы жарнаның негізінде; - Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдікті жүзеге асырған ұйымдардан БЖЗҚ-ға келіп түскен алғашқы талап етілмеген кепілдікті өтем сомасының негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты, 01.05.2021 ж. бастап БЖЗҚ-да ЕЗЖ есепке алу үшін жеке тұлғалардың ЖЗШ ашуы үшін шарт жасасу талап етілмейді. БЖЗҚ-ға ЕЗЖ төлеуді екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) немесе «Қазпошта» АҚ арқылы жүзеге асыруға болады. Жекелеген ЕДБ жарналарды онлайн аудару мүмкіндігін (мобильді қосымша немесе өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы) ұсынады.

26.10.2021 ж. бастап "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 2-тармағына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шотын ашу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына агенттер ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде жүзеге асырылады. БЖЗҚ-да жеке тұлғаның МКЗЖ есепке алу үшін ашық ЖЗШ болмаған жағдайда, жеке зейнетақы шоты электрондық төлем тапсырмасында көрсетілген жеке тұлғаның деректемелеріне агент БЖЗҚ-ға аударған, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан келіп түскен бастапқы МКЗЖ сомасының негізінде ашылады.

Осыған байланысты, 26.10.2021 ж. бастап жеке тұлғалардың БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашуға өтініш беруі талап етілмейді. Жеке тұлғаның Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ашылған жеке зейнетақы шоты болған жағдайда, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотын қайта ашу жүзеге асырылмайды. Бұл ретте жеке тұлғаның пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеген агент міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бұрын ашылған жеке зейнетақы шотына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есепке алынған күннен бастап міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

• 109. **Міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) есепке алу үшін жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу тәртібі**

2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңның 37-бабының 2-тармағына сай МЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-да ЖЗШ ашу автоматты режимде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен МЗЖ аудару кезінде БЖЗҚ-ға агенттер ұсынатын жеке тұлғалардың тізімі негізінде жүзеге асырылады.

Егер жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алу үшін ашық ЖЗШ болмаған жағдайда, жеке зейнетақы шоты «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан келіп түскен, электронды төлем тапсырмасында көрсетілген жеке тұлғаның деректемелеріне агенттің БЖЗҚ-ға аударған бастапқы МЗЖ сомасының негізінде ашылады. Осыған байланысты 2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап МЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашу үшін жеке тұлғалардың БЖЗҚ-ға өтініш беруі талап етілмейді.

• 110. **Ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу үшін жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу тәртібі?**

2021 жылдың 1 мамырынан бастап ЕЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-да ЖЗШ ашу:

- ЕЗЖ аудару кезінде БЖЗҚ-ға агенттер (заңды тұлғалар) ұсынатын жеке тұлғалардың тізімі негізінде;
- ЕЗЖ аудару кезінде өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына жеке тұлғадан БЖЗҚ-ға келіп түскен алғашқы жарнаның негізінде;
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдікті жүзеге асырған ұйымдардан БЖЗҚ-ға келіп түскен алғашқы талап етілмеген кепілдікті өтем сомасының негізінде жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, 01.05.2021 ж. бастап БЖЗҚ-да ЕЗЖ есепке алу үшін жеке тұлғалардың ЖЗШ ашуы үшін шарт жасасу талап етілмейді.

• 111. **53 жасында 5 және одан да көп бала туып, тәрбиелеген, зейнетке шыққан әйелдер зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын алып қоюға құқылы ма?**

Заңның[1] 30-бабының 1-тармағына сай БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері МЗЖ[2], МКЗЖ[3] есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері және (немесе) зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымынан зейнетақы жинақтары есебінен төленетін сақтандыру төлемдері түрінде, сондай-ақ Заңның 31-бабының 1-1-тармағында, 32-бабының 1-1-тармағында көрсетілген адамдарға тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу үшін біржолғы зейнетақы төлемі түрінде жүзеге асырылады.

Заңның 31-бабының 1-1 тармағымен және 32-бабының 1-1 тармағымен өз пайдасына немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының пайдасына тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) өзінің немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының емделуіне ақы төлеу үшін МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен біржолғы зейнетақы төлемдері құқығына БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдар мынадай шарттардың бірі болған кезде:

- егер салымшының ЖЗШ-дағы[4] МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегінен асатын болса;
- егер зейнетақы мөлшері, ал отставкадағы соттар үшін зейнетақы мен ай сайынғы қамтылым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен айқындалатын 40 пайыздан төмен емес деңгейде алушының орташа айлық кірісін алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе, ие болады. Орташа айлық кірісті алмастыру коэффициентін есептеу кезінде алушының зейнеткерлікке шығу күнінің алдындағы, бірақ республика бойынша орташа айлық кірістен аспайтын кірісі есепке алынады;
- егер салымшы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған болса, ие болады.

Зейнетақы төлемдерін алушылардан БЖЗҚ-ға келіп түскен өтініштерді ескере отырып, БЖЗҚ ҚР ЕХӘҚМ-ге[5] ЖЗШ-дағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен олардың зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асып кеткен жағдайда, зейнетақы төлемдерін алушыларға біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мүмкіндігі туралы түсіндірме беру өтінішімен хат жолдауға бастамашылық жасады.

ҚР ЕХӘҚМ-дан алынған 30.03.2021 ж. № 01-1-4-07/3Т-М-287 жауабынан зейнетақы төлемдерін алушылардың аталған құқыққа ие екендігін көреміз.

ҚР ЕХӘҚМ-дан алған түсіндірмені назарға ала отырып, БЖЗҚ жұмыс істеп тұрған БЖЗҚ-ның автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне өзгерістер енгізу бойынша тиісті жұмыстар жүргізді.

Осылайша, 5 және одан да көп бала туып, тәрбиелеген, 53 жасында зейнеткерлікке шыққан әйелдер Заңның 31-бабының 1-1-тармағында және 32-бабының 1-1-тармағында көзделген, жоғарыда көрсетілген шарттардың бірі болған кезде тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдеріне құқылы болады.

- 112. **Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) есепке алу үшін жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу тәртібі.**

26.10.2021 ж. бастап «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 2-тармағына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шотын ашу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына агенттер ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-да жеке тұлғаның МКЗЖ есепке алу үшін ашық ЖЗШ болмаған жағдайда, жеке зейнетақы шоты электрондық төлем тапсырмасында көрсетілген жеке тұлғаның деректемелеріне агент БЖЗҚ-ға аударған, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан келіп түскен бастапқы МКЗЖ сомасының негізінде ашылады. Осыған байланысты, 26.10.2021 ж. бастап жеке тұлғалардың БЖЗҚ-да МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашуға өтініш беруі талап етілмейді.

Жеке тұлғаның Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ашылған жеке зейнетақы шоты болған жағдайда, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотын қайта ашу жүзеге асырылмайды. Бұл ретте жеке тұлғаның пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеген агент міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бұрын ашылған жеке зейнетақы шотына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есепке алынған күннен бастап міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

- 113. **2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарына аудару**

01.01.2016 ж. бастап Заңның 73-бабының 10-тармағына енгізілген толықтырулар келесі мазмұнда қолданысқа енгізілді: «2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары, егер пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары енгізілген адамдар өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қарақаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесіне кірген кәсіптер жұмыскерлері болып табылған жағдайда, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарына аударылады.

Өзге де барлық жағдайларда 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары ерікті зейнетақы жарналарына аударылады». Заңға енгізілген толықтыруларды іске асыру мақсатында, 05.01.2016 жылы Қор ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕКЗЖ) есебінен қалыптастырылған салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарына аударудың мынадай рәсімдерін жүзеге асырды: салымшының (алушының) ЕКЗЖ есепке алу үшін де, сондай-ақ МКЗЖ есепке алу үшін де ашық жеке зейнетақы шоты (бұдан әрі - ЖЗШ) болған жағдайда ЕКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын аударуды Қор МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-на жүзеге асырады; салымшының (алушының) МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ болмаған жағдайда, ЕКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын аударуды Қор автоматты түзімде ЕЗЖ есепке алу үшін ашық ЖЗШ-ға жүзеге асырады.

Салымшылардың (алушылардың) ЕКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын МКЗЖ/ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарына аудару рәсімі аяқталғаннан кейін Қор салымшыларға (алушыларға) жүзеге асырылған аударым туралы Хабарлама жіберді.

- 114. **Егер зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару үшін салымшының МЗЖ, МКЗЖ және ЕЗЖ бойынша шоттарында ақша жетіспесе, зейнетақы жинақтары аударылады ма?**

Егер салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарын аудару күніне зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген зейнетақы жинақтарының сомасынан аз болса, БЖЗҚ салымшыға (алушыға) зейнетақы жинағын аудару туралы өтінішті орындау мүмкін еместігінің себептерін көрсете отырып, оның зейнетақы жинағын аудару туралы өтінішін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда дәлелді жауап жібереді.

• 115. **Салымшы зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударудың күшін жою алады ма?**

Электрондық төлем хабарламасын қалыптастыру мақсатында БЖЗҚ-ның Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаментіне электрондық өтініш берілгенге дейін сақтандыру ұйымына аударуға арналған өтініштің күшін жоюға болады.

Салымшы (алушы) сақтандыру ұйымына аударуға өтініштің күшін жою туралы өтінішті беру мақсатында БЖЗҚ филиалының кеңсесіне жеке өтініш жасаған кезде, өзі мен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын әкелуі қажет. Сенім білдірілген тұлға жүгінген кезде, салымшыдан (алушыдан) сенімхаттың болуы және сенімхатта күшін жою туралы өтініш беруге өкілеттігінің болуы қажет.

• 116. **Зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударуды ресімдеу үшін қандай құжаттар қажет?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 34-бабының 9-тармағының 9) тармақшасында БЖЗҚ салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымына аударуға міндетті екені белгіленген. Аталған тәртіп, сондай-ақ қажетті құжаттар тізбесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2014 жылғы №32 қаулысымен бекітілген Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару қағидаларында (бұдан әрі - Қағида) айқындалған. Осылайша Қағиданың 2-тармағында салымшылар (алушылар) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару мақсатында өздері жүгінген кезде БЖЗҚ-ға мынадай құжаттарды ұсынатыны белгіленген:

- 1) БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтініш;
- 2) сәйкестендіру үшін салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) салымшының (алушының) сақтандыру ұйымымен жасасқан зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасы.

Салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтінішпен жеке жүгінуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, салымшы (алушы) сенімхатта сақтандыру ұйымының атауын көрсете отырып, зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтінішпен жүгінуге нотариат куәландырған сенімхатты жеке немесе заңды тұлғаға (бұдан әрі - сенім білдірілген адам) береді.

Қағиданың 4-тармағына сай сенім білдірілген адам зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару мақсатында Қағиданың 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардан басқа БЖЗҚ-ға қосымша ұсынады:

- 1) егер сенімхатта сенім білдірушінің бір мезгілде бірнеше ұйымда мүддені білдіруге өкілеттігі болса, нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы немесе оның нотариат куәландырған көшірмесі;
- 2) салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;
- 3) сәйкестендіру үшін сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжаты.

• 117. **Зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару қандай мерзімде жүзеге асырылады?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 62-бабының 1-тармағына сай зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуды БЖЗҚ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырады.

• 118. **Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына қандай жағдайларда аударылуы мүмкін?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 31 және 59-баптарының ережелеріне сәйкес, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күнінде қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін жеткілікті болған кезде МЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына (СҰ) аударуға құқығы бар тұлғалар келесілер болып табылады:

1. зейнет жасына жеткен адамдар: ерлер – 63 жасқа толғанда; әйелдер – 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда (2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда,

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 63 жасқа толғанда);

2. 45 жасқа толған адамдар;

3. егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер.

Заңның 32 және 59-баптарының ережелеріне сәйкес, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күнінде қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін жеткілікті болған кезде МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан СҰ-ға аударуға құқығы бар тұлғалар келесілер болып табылады;

1. зейнет жасына жеткен адамдар: ерлер – 63 жасқа толғанда; әйелдер – 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда (2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 63 жасқа толғанда);

2. өздеріне МКЗЖ жиынтығында кемінде күнтізбелік 60 ай төленген, 40 жасқа толған адамдар;

3. егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер.

МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары пайдаланылуы мүмкін.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда жиынтығында кемінде күнтізбелік 60 ай МКЗЖ төленген, 40 жасқа толған адамдар МЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға құқылы. СҰ-дан айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күніне қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болмауы тиіс.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдерін деректемелері зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілетін сақтанушының банктік шотына аударады. Сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу сақтандыру ұйымының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-ға беру тәсіліне қарай зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару үшін қажетті құжаттардың өзекті тізбесі БЖЗҚ-ның www.enpf.kz веб-сайтында орналастырылған.

• 119. **ЗЖ-ын ИПБ-ға аудару кезінде, өтініш қате берілген болса, берілген өтініштің күшін қандай мерзімде және қандай негізде жоюға болады?**

Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару туралы өтініштің күшін БЖЗҚ көрсетілген өтінішті орындағанға дейін, яғни зейнетақы жинақтарын ЖЗШ-дан есептен шығарғанға дейін жоюға болады.

Күшін жою туралы өтініш негіздемені көрсетуді талап етпейді, яғни негіздеме - салымшының өз шешімі. Айта кету керек, орындалған өтініш қате берілсе де, оның күшін жою мүмкін емес.

• 120. **ЗЖ-ын ИПБ-ға аудару кезінде ЗЖ-ын қалай қадағалауға болады?**

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға аударуға берілген өтініштің дәрежесін БЖЗҚ веб-сайтындағы жеке кабинетте «Менің төлемдерге/аударымдарға берген өтінішім» бегбелгісінде қадағалауға болады.

ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтары туралы мәліметтер ЖЗШ-дан үзінді көшірменің титулдық парағында да, қосалқы шоттан үзінді көшірмеде де көрсетіледі. Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына аударылған аударым бойынша зейнетақы жинақтарына есептелген инвестициялық кіріс туралы ақпарат тиісті кезең ішінде сенімгерлік басқаруға берілген міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алу үшін қосалқы шоттың (- тардың) үзінді көшірмесінде көрсетіледі.

• 121. **Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға аударғаннан кейін инвестициялық кіріс сайттағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-дағы қосымша арқылы көрсетіле ме?**

ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы жинақтары жеке қосалқы шотта есепке алынады және ЖЗШ -дан үзінді көшірменің титулдық парағында да, қосалқы шоттан үзінді көшірмеде де көрсетіледі.

- 122. **Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адам өз жинақтарын ИПБ-ға аудару ала ма немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалана ала ма? Олай болса, қандай құжаттар талап етіледі?**

Иә, БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы тиісті өтініш беру арқылы:

- зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру құқығы;
- электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда жүзеге асыра алады.

- 123. **45 күн өткеннен кейін және күші жойылған кезде Отбасы банктегі арнайы шоттан ЗЖ-ын қайтару кезіндегі нақты мерзімі қандай?**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларының 32-тармағының ережелеріне сәйкес біржолғы зейнетақы төлемін қайтару:

1) алушы уәкілетті операторға алушының арнаулы шотына есепке жазылған біржолғы зейнетақы төлемінің бүкіл сомасын немесе оның бір бөлігін БЖЗҚ-ға қайтаруға өтініш берген жағдайда;

2) алушы уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) емделуге ақы төлеуге пайдаланылғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда;

3) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында аударылған біржолғы зейнетақы төлемдері басқа мақсатта пайдаланылған жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда уәкілетті оператор алушыға уәкілетті оператордың интернет-ресурсы арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалануды растайтын құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жібереді.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда алушы тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында өзі алған біржолғы зейнетақы төлемінің бүкіл сомасын немесе оның бір бөлігін уәкілетті оператордан ашылған өзінің арнаулы шотына қайтарады. Уәкілетті оператор алушы қайтаратын сома түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды БЖЗҚ-ға қайтаруды жүзеге асырады.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, уәкілетті оператор алушыдан қайтаруға өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға біржолғы зейнетақы төлемдерін қайтаруды жүзеге асырады. БЖЗҚ уәкілетті оператор қайтарған біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомасын БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына аударады.

- 124. **ИПБ компанияларында кірістілік қандай?**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы №30 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларының, сондай-ақ Инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы меншікті капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдерінің 2-тарауының 13-тармағына сәйкес барлық Басқарушы бойынша К2 номиналды кірістілік коэффициенттерінің мәні, соңғы өткен толық он екі, жиырма төрт және отыз алты айдағы номиналды кірістіліктің орташа алынған коэффициентінің және зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында жарияланады. Сондай-ақ салымшылар (алушылар) ИПБ-ға аудару кезінде «Жеке зейнетақы шотындағы (-тарындағы) ақша қалдықтары мен оның қозғалысы туралы мәліметтер» үзінді көшірмесінде «зейнетақы активтерінің кірістілік деңгейі (%)» көрсеткішінің мәнін қадағалай алады.

- 125. **Сақтандыру ұйымына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары қандай жағдайларда аударылуы мүмкін?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 32 және 59-баптарының ережелеріне сәйкес МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударуға құқығы бар тұлғалар келесілер болып табылады: Заңның 11-бабының 1-тармағында және 31-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында, 32-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында аталған адамдар сақтандыру ұйымымен міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, сақтандыру төлемдерін өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқылы.

Міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары пайдаланылуы мүмкін. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, осы Заңның 32-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында аталған адамдардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға құқығы бар. Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аз соманы құраған жағдайда, зейнетақы аннуитеті шартына көрсетілген қалдық сомасын ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысының және сақтандыру төлемінің мөлшерін ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізіледі.

2. Сақтандыру ұйымынан төленетін айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күнінде қолданыста болатын ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен болмауы тиіс.

3. Сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдерін деректемелері зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілетін сақтанушының банктік шотына аударады. Сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу сақтандыру ұйымының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады. 4-тармаққа 17.11.15 жылғы № 408-V ҚР Заңына сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (ескі редакциясын қараңыз).

4. Сақтандыру ұйымдары Мемлекеттік корпорацияға орталық атқарушы орган айқындаған тәртіппен жүргізілген сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ай сайын ұсынады. БЖЗҚ-ға беру тәсіліне қарай зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару үшін қажетті құжаттардың өзекті тізбесі БЖЗҚ-ның www.enpf.kz веб-сайтында орналастырылған.

• 126. **Өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы**

Өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы корпусның беткі жоғарғы жағында сенсорлық экраны бар монолитті корпус болып табылады. Корпус ішінде жүйелік блок, үздіксіз қоректендіру көзі (UPS), А4 форматты құжаттарды басып шығаруға арналған принтер орналасқан. Бет жағында принтерден басып шығарылған құжаттарды шығаруға арналған саңылау мен тартпа, сондай-ақ жеке куәліктен ЭЦҚ-ны, USB-тасығыштардан оқуға арналған картридер қарастырылған.

Қазіргі уақытта Қордың филиалы жанындағы, Түркістан облыстық филиалынан басқа, әрбір бөлімшеде 1 (бір) терминалдан 18 (он сегіз) өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы жұмыс істейді. Зейнетақы қызметтерін көрсету «онлайн» түзімінде, пайдаланушыны төмендегілер арқылы сәйкестендіргеннен кейін жүзеге асырылады:

1. ҚРҰКО шығарған, жеке куәлікте сақталған және Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларын сәйкестендіруді тіркеу куәліктерін қолдану саясаты бар ЭЦҚ кілті;

2. ЖСН мен парольді енгізу.

Өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы келесі зейнетақы қызметтерін алуға болады:

1. Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу;

2. Жеке зейнетақы шоттарының бар екендігі туралы анықтама алу;

3. Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру (мерзімсіз уақытқа I, II топ мүгедектері);

4. Салымшының (алушының) деректемелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге өтініш беру;

5. (Салымшының (алушының) хабарландыру тәсілін анықтау туралы келісімі);

6. «БЖЗҚ» АҚ-ға зейнетақы төлемдерін тағайындау және (немесе) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару туралы берілген өтініштің мәртебесін тексеру;

7. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың тегнұсқасын алу. Қызметтер ақпаратты А4 форматында қағаз тасымалдағышқа шығару мүмкіндігімен автоматтандырылған түзімде көрсетіледі.

- 127. **Өткен кезең үшін МЗЖ төлеу**

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның 39-бабының 2-тармағына сай міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі - МЗЖ) төлеу жөніндегі құқықтық қатынастарға қатысуға:

1-1) салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер апаратын;

2) Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін;

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтары құқылы. Бұдан әрі Жарналарды аудару қағидаларының 9 тармағына сай Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның 39-бабының 2-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары МЗЖ төлеген жағдайда, МЗЖ Мемлекеттік корпорацияға табыс алған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей аударылады.

Жарналарды аудару қағидаларының 10-тармағына сай МЗЖ, оның ішінде берешек Мемлекеттік корпорацияға аударылады. Мемлекеттік корпорация МЗЖ-ны БЖЗҚ-ға жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес аударды. Жарналарды аудару қағидасының 12-тармағына сай жеке тұлғалардың тізімі әрбір жеке тұлға бойынша: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі - ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), туған күнін, жарна сомасын және МЗЖ аударылатын кезеңді (ай, жыл) қамтиды. Агенттер МЗЖ-ны уақтылы аудармаған жағдайда, аудару МТ-102 форматындағы төлем тапсырмасын қалыптастыра отырып және жеке тұлғалардың тізімін қоса бере отырып, әрбір ай үшін жеке жүргізіледі.

Осылайша Жарналарды аудару қағидаларының 30-тармағына сай агент уақтылы ұстап қалмаған (есебіне жазбаған) және (немесе) аудармаған МЗЖ сомаларын іс жүзінде төлеген және қызметкер кіріс алған жағдайда, мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе агент мерзімі өткен әрбір күн үшін (Мемлекеттік корпорацияға төлеген күнді қоса алғанда) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен МЗЖ салымшыларының пайдасына аударуы тиіс. «Салымшының (алушының) МЗЖ есепке алу жөніндегі жеке зейнетақы шотынан (ЖЗШ) үзінді көшірмеде» «Операция түрі (кезең)» бағанында МЗЖ аударылған кезең көрсетіледі. _____

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы №105-V «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері

«Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

- 128. **«Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ-ның 1414 нөмірінен sms-хабарламаның түсуі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен айырылу және (немесе) жұмысынан айырылу, жүктілігіне, босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты, баланың бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайына берілетін әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен субсидияланатын міндетті зейнетақы жарналарын ай сайын есептеуді және ұстап қалуды міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес ««Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация(бұрын - ЗТМО)) жүзеге асырады.

Осыған байланысты сұрату бойынша толық ақпарат алу үшін зейнетақы қызметтерін тұтынушыға тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға жүгінуге кеңес береміз. Сондай-ақ 1414 телефон нөміріне хабарласуға болады (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін).

- 129. **Ең төмен жеткіліктілік шегі қалай анықталады?**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына (1-баптың 15-1 тармақшасы) сәйкес зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген

және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен емес ай сайынғы зейнетақымен қамсыздандыру үшін қажетті, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес айқындалған, міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының ең төмен мөлшері. Басқаша айтқанда, ең төмен жеткіліктіліктің шегі - бұл болашақ зейнетақы жарналарымен жиынтықталған, зейнетақы жасына жеткен сәтте ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес ай сайынғы жиынтық төлемді қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төмен деңгейін қамтамасыз ететін зейнетақы жинақтарының сомасы (жарналарды да, инвестициялық кірісті де қоса алғанда).

Ай сайынғы жиынтық төлем деп БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемінің және мемлекеттік базалық төлемнің ең төменгі мөлшерінің сомасы түсініледі. Болашақ зейнетақы жарналарын есептеу кезінде салымшы ең төменгі жалақыдан міндетті зейнетақы жарналарын жылына 12 рет зейнеткерлік жасқа толғанға дейін жүзеге асыруды жалғастырады деп болжанады. Осылайша, ең төмен жеткіліктілік шектерінің мөлшерін есептеу белгілі бір жасқа қарай қанша адам табыс таба алатынына емес, зейнетақы жасына қарай зейнетақы жинақтарының сомасы жоғарыда көрсетілген ең төмен талаптарға сәйкес келетіндігіне негізделеді.

Жоғарыда көрсетілген Әдістемені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетінін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегін есептеу бойынша қандай да бір мәселелер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қосымша түсіндірме алу үшін жүгінуге кеңес береміз.

- **130. Қате аударылған ерікті зейнетақы жарналарын қайтару**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 27 Қаулысымен бекітілген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидаларының 12-тармағына сәйкес салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан сомаларды есептен шығару операциялары бойынша инвестициялық кірісті есептеу, есептен шығару тәртібін қосқанда, салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында (бұдан әрі - ЖЗШ) зейнетақы жинақтарын және төлемдерді жеке есепке алу операцияларының тізбесі және жүргізу тәртібі БЖЗҚ-ның және (немесе) ЕЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында айқындалады.

Осылайша БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатына сәйкес, ЖЗШ-нан қате есептелген ерікті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі - ЕЗЖ) есептеу және есептен шығару операцияларын жүргізуге негіз ретінде ЕЗЖ салымшысының не екінші деңгейдегі банктердің жазбаша сұратуы есептеледі, онда ЕЗЖ салымшысының деректемелері (атауы, БСН (ЖСН), БСК, ЖСК), қайтару себебі, төлем тапсырмаларының деректемелері, ЖЗШ-дан қайтару жүргізілетін ЕЗЖ алушысының деректемелері (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, ЖСН), қайтарылуға жататын ЕЗЖ сомасы көрсетіледі, сұратуға алушының өзінің ЖЗШ-нан қате аударылған ЕЗЖ сомаларын есептен шығаруға келісетіні туралы нотариат куәландырған өтініші қоса беріледі.

Қате аударылған ЕЗЖ-ны ЖЗШ-дан есептен шығару операциялары құжаттар Қорда тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Ұ сынылған құжаттардағы салымшының (алушының) деректемелері БЖЗҚ дерекқорындағы деректерге сәйкес келмеген, сондай-ақ ЖЗШ-да қате есептелген, қайтарылуға жататын ЕЗЖ болмаған (түспеген) жағдайда, Қор ЕЗЖ салымшысына бас тарту себебін көрсете отырып, қате есептелген ЕЗЖ қайтаруды орындаудан бас тарту туралы жазбаша хабарлама жібереді. Қате есептелген жарнаны қайтару ЖЗШ-ға түскен жарна мөлшерінде не ЕЗЖ салымшысының жазбаша сұратуында айқындалған мөлшерде, бірақ жарна салымшысының ЖЗШ-на түскен жарна сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

- **131. Зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік**

Заңның 5-бабына сәйкес мемлекет алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен адамдардың осы Заңның 11-бабының 1-тармағында және 32-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген жасқа толуы кезінде, инфляция деңгейін ескере отырып, сондай-ақ 31-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында, 32-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген жағдайларда міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

Мемлекет Заңның 31-бабының 1-1-тармағында және 32-бабының 1-1-тармағында аталған, сондай-ақ Заңның 35-1-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға аударуды жүзеге асырған адамдарға тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарын алып қойған күннен не зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға аударылған күннен бастап Заңның 11-бабының 1-

тармағында белгіленген жасқа жеткенге дейінгі кезең ішінде жүзеге асырылған, инфляция деңгейі ескеріле отырып нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді.

Заңмен және ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі №341 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша мемлекет кепілдіктерін инфляцияның деңгейін ескере отырып, орындау қағидаларымен кепілдік қолданылатын тұлғалардың тізімі айқындалды:

- 1) зейнет жасына толған кезде - зейнеткерлік жасқа жеткен күнге;
 - 2) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік мерзімсіз болып белгіленген жағдайда – зейнетақы жинақтарын алған күнге;
 - 3) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинағын сақтандыру ұйымына аударған кезде - Заңның 11-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа жеткен күнге сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарын аударған күннен бастап Заңның 11-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа жеткенге дейінгі кезең үшін. Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын екі және одан көп рет жасасқан жағдайда айырманы төлеу сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтары соңғы рет аударылған күннен бастап Заңның 11-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа жеткенге дейінгі кезеңге жүзеге асырылады.
- Бұл ретте айырманы төлеу инфляция деңгейін және сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтары соңғы рет аударылған күннен бастап жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы ескеріліп, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасына жүргізіледі. Сақтандыру ұйымына аударылғаннан кейін зейнетақы жинақтарының қалдық сомасы туралы ақпаратты БЖЗҚ Мемлекеттік корпорацияға ұсынады;
- 4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға - БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтары алынған күнге;
 - 5) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинағын алған, сондай-ақ зейнетақы жинағын инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына аударуды жүзеге асырған адамдарға - салымшының уәкілетті оператор ашқан арнаулы шотына біржолғы зейнетақы төлемдері соңғы аударылған және (немесе) зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына аударылған күннен басталатын кезеңге Заңның 11-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа толған күнге.

Біржолғы зейнетақы төлемдері алынғаннан және (немесе) зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына аударылғаннан кейін зейнетақы жинақтарының қалдық сомасы туралы ақпаратты БЖЗҚ Мемлекеттік корпорацияға ұсынады.

Заңның 11-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа жеткенге дейін уәкілетті оператор біржолғы зейнетақы төлемдерін қайтарған және (немесе) зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына қайтарылған жағдайда, айырманы төлеу зейнетақы жинақтары БЖЗҚ-ға соңғы аударылған күннен бастап Заңның 11-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа толғанға дейінгі кезең үшін жүргізіледі. Уәкілетті оператор қайтарған біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомалары және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына қайтарылған зейнетақы жинақтарының сомалары зейнетақы жарналары ретінде қаралады және қайтару сәтінде мемлекеттік кепілдік бойынша айырманың есебіне енгізіледі. Әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері қатарындағы адамдар, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар мемлекет кепілдігіне жүгінген жағдайда, айырманы төлеу 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызы соңғы рет қайтарылған кезден бастап зейнетақы төлемдеріне құқық туындаған күні инфляция деңгейін ескере отырып және жеке зейнетақы шотында міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызы қайтарылғаннан кейін зейнетақы жинақтары қалдығын ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасына жүргізіледі. Қағидада белгіленген кезден бұрын зейнетақы жинақтарын алып қойған, мемлекет кепілдігі төлеміне құқығы бар адам жүгінген жағдайда, мемлекеттік кепілдік бойынша айырма есебі зейнетақы жинақтары алғаш алынған күнге жүргізіледі. Сондай-ақ айырма төлеміне құқығы бар адам қайтыс болған жағдайда айырма төлемінің сомасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіппен мұрагерге төленеді.

- 132. **ЗЖ алушылар үшін комиссиялық сыйақыны ұстамай, қызмет көрсететін екінші деңгейдегі банктер**

Зейнетақы жинақтарының төлеміне банк қызметтерін көрсету туралы шарттарға сәйкес алушылардан комиссиялық сыйақыны ұстамай, зейнетақы жинақтарының төлеміне қызметтер көрсететін екінші деңгейдегі банктердің тізімі:

1. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ;
2. «ҚАЗПОШТА» АҚ;
3. «БАНКЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ;
4. "FORTEBANK» АҚ;
5. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ;
6. «FIRST HEARTLAND JYSAN BANK» АҚ.

• 133. **«Қазпошта» АҚ арқылы шалғайдағы елді мекендерде «БЖЗҚ» АҚ-ның қатысуын кеңейту**

БЖЗҚ-ның қатысуы жоқ елдің шалғай елді мекендерінде трансфер-агенттік қызмет көрсетуді дамыту, сондай-ақ зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігін арттыру мақсатында Қор «Қазпошта» АҚ-мен бірлесіп, БЖЗҚ қызметтеріне «Қазпошта» АҚ-ның 32 бөлімшесін қосымша қосу бойынша жұмыс жүргізді. Осылайша бүгінгі таңда БЖЗҚ қызметтерін «Қазпошта» АҚ-ның 347 бөлімшесінен алуға болады. Естеріңізге сала кетейік, «БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның бірлескен жобасының арқасында ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде Қордың салымшылары (алушылары) келесі операция түрлерін жүргізе алады:

- 1) Хабарлау тәсілін өзгерту туралы келісім;
- 2) Салымшының (алушының) қосымша деректемелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу. 2021 жылдың I жартыжылдығында Қордың салымшыларына (алушыларына) «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде БЖЗҚ қызметтерін алуға болатын «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің тізімі - enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» - «Қазпошта» АҚ-мен серіктестік» бөлімінде.

• 134. **2022 жылы Қазақстанда АЕК және ЕТЖ қалай өзгереді**

2022 жылға Y кіметпен АЕК және ЕТЖ-ның жоспарлы мөлшерлері айқындалған. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап негізгі көрсеткіштер төмендегі көрсеткіштерді құрайды деп жоспарлануда:

АЕК - 3 063 теңге;

ЕТЖ - 42 500 теңге;

Базалық зейнетақы төлемі - 19 450 теңге;

Ең төменгі зейнетақы - 46 302 теңге;

Ең төменгі күнкөріс шамасы - 36 018 теңге.

Ең төменгі есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінің өсуі төленуге жататын айыппұлдар сомасының пропорционалды ұлғаюына, сомалық мәнде мемлекеттік баждың, мөлшерлемелер мен алымдар сомасының, сондай-ақ бірыңғай әлеуметтік төлемдер (БЖТ) сомасының өсуіне әкеп соғады. Алайда арнайы түзімдерді қолдану үшін кіріс лимиті де пропорционалды түрде ұлғаяды.

Сол сияқты мемлекеттің медициналық сақтандыруға (азаматтардың жеңілдігі бар санаттары үшін) жарналарының мөлшері есептеу объектісінен 1,7%-ға дейін ұлғаяды. Жоба 2022 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізіледі деп жоспарлануда.

• 135. **Бюджет қаражаты есебінен аударылған МЗЖ сомасынан 50 пайызды қайтару (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күштік құрылымдар қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыруды реформалау)**

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне (ЖЗЖ) өтуге байланысты күштік құрылым қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақымен қамсыздандырылуы осы уақытта түрлі сипатқа ие және 1998 жылғы 1 қаңтарға еңбек сіңірген жылдарының болуына байланысты:

· бірінші санат – 01.01.1998 жылғы жағдай бойынша еңбек сіңірген жылы 10 жыл және одан көп мерзімді құрайтын күштік құрылым қызметкерлері бюджет қаражаты есебінен толық көлемде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға құқылы (ЖЗЖ қатысушылары емес);

· екінші санат - 01.01.1998 жылғы жағдай бойынша еңбек сіңірген жылы 10 жылдан аз уақытты құрайтын күштік құрылым қызметкерлері толық емес көлемде республикалық бюджет есебінен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға құқылы және бір уақытта олар ЖЗЖ қатысушылары болады (мемлекеттік бюджет есебінен 20% міндетті зейнетақы жарналары төленеді);

· үшінші санат – қызметке алғаш 01.01.1998 жылдан кейін түскен күштік құрылым қызметкерлері тек ЖЗЖ-дан зейнетақы төлемдеріне құқылы (мемлекеттік бюджет есебінен оларға 20% міндетті зейнетақы жарналары төленеді). Ортақ зейнетақы жүйесі бойынша еңбек сіңірген жылдарына зейнетақыға құқылы емес. ЖЗЖ қатысушыларына жыл сайын бюджет қаражаты есебінен ақшалай үлестен 20% мөлшерде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (бұдан әрі - БЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда теңдей талаптармен әр жылдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетке шыққан адамдардың зейнетақыларының мөлшерінде аздаған айырмашылық байқалады. Әскери қызметшілердің, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің зейнетақымен қамсыздандырылуында негізгі мәселе күштік құрылым қызметкерлерін ұдайы өсетін ақшалай қамтылымы мен бұрын алған кірістеріне зейнетақы төлемдері мөлшерінің сәйкессіздігі болып табылады, ол:

- зейнетке (отставка) жеңілдікпен (жасы бойынша) шығумен;

- ЖЗЖ-ға қатысудың қысқа өтіліне қатысты жинақтарының жеткіліксіз көлемімен байланысты.

Осылайша, республикалық бюджеттен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері 1998 жылғы 1 қаңтардағы еңбек сіңірген жылдарын қысқартумен байланысты толық емес көлемде тағайындалады. ЖЗЖ аясында оларға көзделген төлем ЖЗЖ-ға қатысудың қысқа өтіліне байланысты аз ғана мөлшерде. Ерекше мәртебесіне қарай және әлемдік тәжірибе мен халықаралық және отандық сарапшылар ұсынымы есебімен күштік құрылым қызметкерлерін дұрыс зейнетақымен қамсыздандыру қажеттілігіне қарай, 2016 жылдан бастап оларды толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға ауыстыру арқылы күштік құрылым қызметкерлерінің зейнетақымен қамсыздандыруларын қайта реформалау көздеді. Бұл ретте еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеудің қолданыстағы тәртібі сақталады: зейнетақы мөлшері ақшалай қамтылымның (АҚ) 50% есебінен белгіленеді, бұл ретте 25 жылдан жоғары еңбек сіңірген әр жыл үшін зейнетақы мөлшері 2% артады, еңбек өтілінің әр жылы үшін АҚ-дан 1%-ға артады, бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 109 АЕК-тен аспайды. Осылайша, 01.01.2016 жылдан бастап 01.01.1998 жылға еңбек сіңірген жылының болуына байланыссыз барлық күштік құрылым қызметкерлеріне зейнетақымен қамсыздандыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады. Бұл ретте республикалық бюджет есебінен әскери қызметшілер пайдасына 20% міндетті зейнетақы жарналарын төлеу тоқтатылады. Бұл күштік құрылым қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандырудың дұрыс деңгейін құруға және әскери қызметшілердің әлеуметтік кепілдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осылайша, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері құқығына еңбек өтілі жиырма бес жыл және одан көп, оның ішінде кемінде жиырма жыл және алты айды үздіксіз әскери қызмет, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет және әскери қызметте, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына толған немесе денсаулығына немесе штат қысқаруына байланысты жұмыстан босатылғандар құрайтын күштік құрылым қызметкерлері ие.

Бұл ретте еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқық БЖЗҚ-да ашылған жеке зейнетақы шотынан 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасынан 50 пайызды қайтарғанда пайда болады. Сондай-ақ қалыптасқан зейнеткерлер үшін толық емес көлемде бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшерін, оларды толық мөлшерге дейін жеткізуді ескере отырып, зейнетақы ісіндегі еңбек сіңірген жылдары мен қызметтен шығарылған күнгі еңбек өтілін есепке ала отырып, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50%-ы қайтарылған жағдайда, бір жолғы қайта есептеуді жүргізу көзделген. Бұдан басқа, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органдар республикалық бюджетке қайтаруға жататын міндетті зейнетақы жарналары сомасын көрсете отырып, ерікті түрді өтініш берген қызметкерлер тізімін жасау және хабарлау бойынша жұмысты, сондай-ақ жеке зейнетақы шоттарынан міндетті зейнетақы жарналарының сомасын есептен шығару бойынша іс-шаралар жүргізеді. Зейнетақы жинақтарының қалғанын пайдалануға құқық зейнетақы заңнамасының нормаларына сәйкес іске асырылады, яғни жалпыға белгіленген зейнет жасына толғанда іске асырылады.

• 136. **Зейнетақы жинақтары ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ мүлкі болып табылады ма?**

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің (бұдан әрі - НжОК) 33-бабының 1-тармағына және 34-бабының 1-тармағына сәйкес ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың екеуінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 50-бабының 2-тармағына сәйкес жеке тұлғалардың зейнетақы активтеріне құқықтары заттық құқықтар қатарына жатады. Яғни, зейнетақы жинақтарын иеленетін салымшы (алушы) (сол сияқты оның жұбайы(зайыбы) оларды пайдалана алмайды және оған билік ете алмайды - бұл өкілеттіктер зейнеткерлік жасқа немесе заңда көзделген өзге де негіздерге орай оларды алған кезде оған қолжетімді болады. Осылайша, бастапқыда «БЖЗҚ» АҚ-дағы және салымшы (алушы) алмаған зейнетақы жинақтары ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі болып танылмайды. Жоғарыда аталғандар НЖОК-нің 33-бабының 2-тармағымен қосымша расталады, ерлі-зайыптылардың некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлкіне ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және зияткерлік қызмет нәтижелерінен түскен табыс сомалары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен алынған табыс сомалары, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, зейнетақы жинақтары, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетінен айрылуына байланысты нұқсанды өтеуге төленген сомалар және басқалары) жатады.

Бұл ретте аталған баптың құрылуына тапдау жасасақ, «алған» сөзі өзінен кейінгі сөздердің барлығына қатысты болады: «зейнетақылар, жәрдемақылар, зейнетақы жинақтары, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетінен айрылуына байланысты нұқсанды өтеуге төленген сомалар және басқалары)».

Бұл бекіту Республикалық нотариаттық палатаның (бұдан әрі - РНП) 2014 жылғы 31 шілдедегі шығыс №1-6/325 жауабымен және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі мен заң қызметін ұйымдастыру департаментінің 2016 жылғы 18 шілдедегі шығыс №9-3-14/31-М1094 жауабымен расталады, РНП өз жауабында мұра қалдырушының тірі кезінде алмаған жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинағы ерлі-зайыптылардың бірлесіп жинаған мүлкіне жатпайтынын көрсетеді, ал департамент жауабына сай жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдері нақты алынған жағдайда ғана ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып табылады, яғни жинақтаушы зейнетақы қорларында жатқан сомалар ерлі-зайыптылардың ерлі-зайыптылық өмірінде бірлесіп жинаған мүлкі ретінде бағалана алмайды (хаттардың көшірмелері тіркеліп беріледі).

• 137. **Заңды тұлға азаматтық-құқықтық сипаттағы (АҚС) шарттар бойынша жұмыс істейтін қызметкерге МЗЖ аударуды қалай жүзеге асырады?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 1-бабының 28-тармағына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі – агент) – Қазақстан Республикасында қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаларды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есепіне жазатын) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударатын жеке немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған салық агенттері (бұдан әрі – салық агенттері) нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент ретінде қарастырылады. Мұнымен қоса, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 1-бабының 1-тармағының 53) тармақшасына сай салық агенті – осы Кодекске сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндет жүктелген дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам, заңды тұлға, оның ішінде оның құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ бейрезидент-заңды тұлға. Сондай-ақ Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның 24 - бабына сәйкес дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (осы тармақтың 2), 5) және б) тармақшаларында көрсетілген адамдардан басқа), жеке практикамен айналысатын адамдар нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметкерлерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға төленген табыстарынан - табыстар төленген айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жүзеге асырады. Осылайша азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың бір тарабы заңды тұлғаның қатысы бар салық агенті болып табылса, онда заңды тұлға жеке тұлғаларға төленетін кірістерден міндетті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агент болып табылады.

Тиісінше жеке тұлғамен жеке тұлғалардың пайдасына нысанасы жұмысты орындау (қызметті көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан, салық агенті ретіндегі заңды тұлға Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мөлшерде міндетті зейнетақы жарналарын аударуды жүзеге асыруы тиіс.

• 138. **Алушының орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін анықтау әдістемесі қалай есептеледі**

Алушының орташа айлық табысын зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін (бұдан әрі - АК) анықтау әдістемесін әзірлеу кезінде Қор озық халықаралық тәжірибеге, атап айтқанда: Дүниежүзілік банктің, Экономикалық

ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі - ЭЫДҰ), Еуропалық Комиссияның, Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының (бұдан әрі - ХӘҚҚ) әдіснамасына, сондай - ақ Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі - ХЕҰ) ұсынымдарына және басқа да материалдарға зерттеу және талдау жүргізді. АҚ (алмастыру коэффициенті) зейнетақы табысы мөлшерінің қызметкердің зейнетке шыққанға дейінгі еңбек табысының мөлшеріне қатынасын білдіреді. АҚ-ны зейнетақы төлемдерінің адекваттылығының және тиісінше зейнетақы жүйесі тиімділігінің негізгі көрсеткіші ретінде пайдалану жалпыға бірдей қабылданған. Белгілі бір деңгейден төмен емес АҚ-ны қамтамасыз ететін зейнетақы жүйелері адекватты деп танылады. Мысалы, ХЕҰ 40% деңгейінде қамқорлығында бір асырап отырған адамы бар типтік (орташа статистикалық) қызметкер үшін стандартты анықтайды.

ХӘҚҚ сарапшыларының пікірінше, 60%-дан 80%-ға дейінгі АҚ-ны адекватты деп санаған жөн. ММGP 2019 зерттеуінде 45-60% шамасында АҚ-ны таргеттеу орынды болады. АҚ есептеу кезінде халықаралық ұйымдар елдің экономикалық ерекшеліктері бойынша әр түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдаланады. Алайда, ЭЫДҰ-ның, Дүниежүзілік банктің, Еуропалық комиссияның әдістемелеріне сәйкес жиынтық зейнетақы үшін АҚ есебіне барлық міндетті зейнетақы төлемдері, мемлекеттік және жеке төлемдер енгізілетінін атап өткен жөн. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдардың әдістемелерінде табыс деңгейі әр түрлі қызметкерлер арасында АҚ-ның әр түрлі нәтижелеріне назар аударылады.

Кейбір халықаралық ұйымдарда АҚ есептеу кезінде 50-59 жастағы адамдардың еңбек табыстарының медиандық көрсеткіші қолданылады, ал басқаларында зейнетке шыққанға дейін бір жылдағы еңбек табысы қолданылады. ҚР Үкіметі бекіткен АҚ есептеу әдістемесі ХЕҰ-ның «Әлеуметтік қамсыздандырудың ең төменгі нормалары туралы» № 102 Конвенциясының (Женева, 1952 жылғы 4 маусым) ХЕҰ ұсынымына негізделеді, оған сәйкес АҚ кемінде 40%-ды құрауы тиіс. Бұл ретте, зейнетақы табысының есебіне мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және оларды тағайындау күніне айқындалған жасына байланысты зейнетақы төлемінің сомасы алынады. Қызметкердің зейнетке шыққанға дейінгі еңбек табысының есебіне оның зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі соңғы 5 жылдағы орташа айлық табысы алынады. Табыс мөлшері БЖЗҚ-ға аударылған міндетті зейнетақы жарналары негізінде айқындалады.

• 139. Біржолғы зейнетақы төлемі кезінде жеке табыс салығын төлеу тәсілін өзгертуге қатысты

БЖЗҚ-ға біржолғы зейнетақы төлемдерін қайтару мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 жылғы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 32-тармағына сәйкес уәкілетті оператор тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсаттарына біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы пайдаланылуына мониторингті жүзеге асырады. Біржолғы зейнетақы төлемдерін қайтару бойынша уәкілетті оператор мен БЖЗҚ арасындағы өзара іс-қимыл Қағиданың 27-тармағында көрсетілген тиісті келісімде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар Қағиданың 32-тармағының ережесінде алушының уәкілетті операторға алушының арнайы шотына есептелген біржолғы зейнетақы төлемінің бүкіл сомасын немесе сомасының бір бөлігін БЖЗҚ-ға қайтаруға өтініш берген жағдайда да қайтарудың жүзеге асырылатыны белгіленген. Уәкілетті оператор алушыдан қайтаруға өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына есептейтін біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын БЖЗҚ-ға қайтаруды жүзеге асырады. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемімен төленген ЖТС сомасы қайтарылған біржолғы зейнетақы төлемінің сомасына бара-бар салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-сында қалпына келтірілуге жатады.

• 140. Зейнет жасына жетуіне байланысты зейнетақы төлемдерін алушының БЗТ-ны қайтаруына қатысты

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларының 32-тармағының ережесімен біржолғы зейнетақы төлемін қайтару алушының уәкілетті операторға алушының арнайы шотына есептелген біржолғы зейнетақы төлемінің бүкіл сомасын немесе сомасының бір бөлігін БЖЗҚ-ға қайтаруға өтініш берген жағдайда да жүзеге асырылатыны белгіленген.

Бұл ретте уәкілетті оператор алушыдан қайтаруға өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ның салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына есептейтін біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын БЖЗҚ-ға қайтаруды жүзеге асырады. Осылайша, алушының арнайы шотына аударылған біржолғы зейнетақы төлемінің бүкіл сомасын немесе сомасының бір бөлігін БЖЗҚ-ға қайтару мақсатында уәкілетті операторға жүгіну қажет.

• 141. **ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың БЗТ алуға құқығы бар ма?**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Заңының 1-бабының 14) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктің жеке басын куәландыратын және оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанын растайтын құжат тұруға ықтиярхат болып табылады, ал көрсетілген Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтығы жоқ адамның куәлігі Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, он алты жасқа толған, азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Демек, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаттың не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің Қазақстан Республикасында тұрақты тұру фактісін растайтын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында, сондай-ақ заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін пайдалануға құқығы бар.

• 142. **ЖТ МДҚ-да ҚР аумағынан тыс ТТЖ-ға кету туралы мәліметтердің болмауы себебінен зейнетақы жинақтарын төлеуге өтінішті қабылдаудан бас тартуға қатысты**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларының (бұдан әрі - Қағида) 12-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты тұру жеріне (бұдан әрі – ҚР шегінен тыс ТТЖ-ға кету) кетумен байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті қарау кезінде БЖЗҚ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен өтініш жасаған шетелдікте немесе азаматтығы жоқ адамда Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және оның жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады.

Өтініш берген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне не шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатының күшінің жойылуына байланысты Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайда, БЖЗҚ зейнетақы төлемін Қағидаларда белгіленген мерзімдерде жүзеге асырады.

Өтініш берген шетелдіктің Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуына байланысты Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайларда БЖЗҚ өтінішті қабылдаудан не Қағидаларда белгіленген мерзімдерде орындаудан бас тартады, бұл ретте шетелдікті Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге рұқсатты ресімдеу мақсатында Қазақстан Республикасындағы соңғы тіркелген жері бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының көші-қон қызметінің аумақтық бөлімшесіне жүгіну қажеттігі туралы хабардар етеді. Қажет болған жағдайда шетелдік азамат Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдегеннен кейін БЖЗҚ-ға қайтадан өтініш береді. Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар екендігі және жарамдылығы туралы мәліметтер алынған, сондай-ақ өтініш жасаған шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұрғылықты жерге кеткені туралы мәліметтер болмаған не шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатының күші жойылған жағдайларда БЖЗҚ өтінішті қабылдаудан не Қағидаларда белгіленген мерзімдерде орындаудан бас тартады. Мысалы, егер алушының БЖЗҚ-ға ҚР аумағынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру мәселесі бойынша жүгінген кезде, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу себебі бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген алушының жеке куәлігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер болса, бұл ретте ҚР аумағынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кету туралы мәліметтер болмаса, БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті қабылдаудан бас тартады, бұл туралы алушыға бас тарту себебін көрсете отырып, тиісті қолхат береді.

Кейіннен алушы ҚР-нан тыс ТТЖ-ға кетуге рұқсатты белгіленген тәртіппен ресімдеу үшін одан арғы әрекеттерді

нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасындағы соңғы тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарының көші-қон қызметінің аумақтық бөлімшесіне жүгінуі қажет. БЖЗҚ өз тарапынан БЖЗҚ-ның және ҚР ІІМ Көші-қон қызметі комитетінің қатысуымен құрылған жұмыс тобының өзара іс-қимылы шеңберінде, қажет болған жағдайда алушылардың ҚР аумағынан тыс ТТЖ-ға кету фактісін нақтылау және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар болған жағдайда мәліметтерді өзектендіру бөлігінде соңғысына сұратулар жібереді.

- 143. **Зейнетақы жарналарын ұстап қалу және БЖЗҚ-ға аудару үшін жұмыс беруші қызметкерден қандай құжаттарды сұратуы тиіс?**

Қызметкердің табысынан зейнетақы жарналарын ұстап қалу және аудару үшін жұмыс беруші қызметкерден қосымша құжаттарды сұрамайды, өйткені қажетті деректер (Т АӨ/ТК) жұмыс берушіде бұрын ұсынылған (қызметкерді жұмысқа орналастырған кезде) жеке басын куәландыратын құжаттың (шетелдіктің, ЕАЭО елі азаматының шетелдік паспортының), сондай-ақ бейрезиденттің ЖСН негізінде болуы тиіс.

- 144. **Ең төменгі жеткіліктілік шегі қалай есептеледі?**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға сәйкес «зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен емес ай сайынғы зейнетақымен қамсыздандыру үшін қажетті, міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының ең төмен мөлшері».

Ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен бекітілген (2021 жылғы 6 қаңтардағы өзгерістерімен және толықтыруларымен).

Көрсетілген Әдістемеге сәйкес ЕЖШ шамасы әр жас үшін есептеледі және болашақ зейнетақы төлемдері мен зейнетақы жарналарының өсуін (индекстелуін) ескереді. Бұл ретте әлеуметтік көрсеткіштер – «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жыл сайын индекстелетін ең төменгі жалақы (ЕТЖ), ең төменгі зейнетақы (ЕТЗ), ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТК) пайдаланылады. Осыған байланысты ЕЗШ мөлшерін есептеу жыл сайын аталған көрсеткіштердің өсуін ескере отырып жүргізіледі.

2022 жылға әлеуметтік көрсеткіштер мөлшері ұлғайғандықтан (атап айтқанда, ЕТЖ мөлшері 2021 жылғы 42 500 теңгеден 2022 жылы 60 000 теңгеге дейін (немесе 41%-ға) артты), 2022 жылға арналған ЕЖШ мөлшері де өсті.

* Ең төменгі жеткіліктілік шегін анықтау әдістемесі - зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілік шегін есептеуге қойылатын талаптар.

- 145. **Ең төменгі жеткіліктілік шегі (ЕЖШ) инфляцияны есепке ала ма немесе ағымдағы құндық мәнде ұсыныла ма?**

Ең төменгі жеткіліктілік шегінің (ЕЖШ) мөндері әрбір жылға ағымдағы құндық мәнде теңгемен ұсынылады.

Алайда ЕЖШ айқындау әдістемесіне сай есептеулерде әлеуметтік көрсеткіштердің жыл сайынғы өсуін ескере отырып, болашақ зейнетақы жарналары мен төлемдерінің ұлғаюы ескеріледі. Ең төменгі зейнетақы мөлшері және ең төменгі күнкөріс деңгейі сияқты әлеуметтік көрсеткіштер инфляцияны есепке алу үшін жыл сайын индекстеледі. Болашақ зейнетақы жарналары мен төлемдерін есептеу кезінде Әдістемеді пайдаланылатын әлеуметтік көрсеткіштерді индекстеу мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайынғы негізде айқындайды.

- 146. **Жыл сайын жеткіліктілік шегін арттыру жоспарлануда ма?**

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес ең төменгі жеткіліктілік шегін (ЕЖШ) есептеу кезінде ең төменгі жалақы, ең төменгі зейнетақы, ең төменгі күнкөріс деңгейі сияқты әлеуметтік көрсеткіштер пайдаланылады, олар Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес жыл сайын индекстеледі. Осыған байланысты, ЕЖШ мөлшері көрсетілген көрсеткіштердің артуымен жыл сайын өзгертін болады.

- 147. **Жеке куәлікті көрсетусіз, БЖЗҚ-да салымшылар (алушылар) қандай цифрлық қызметтерді ала алады?**

Цифрлық қызметті алу үшін Egovmobile мобильді қосымшасында жеке куәліктің цифрлық (электрондық) нұсқасының болуы жеткілікті.

БЖЗҚ бөлімшесіне жеке жүгінген кезде Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің электрондық нұсқасымен:

- 1) жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмелер алуға;
- 2) деректемелерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге;
- 3) зейнетақы жинағының жай-күйі туралы хабарлау тәсілін өзгертуге (анықтауға).
- 4) жеке куәліктің электрондық нұсқасын пайдалану арқылы зейнетақы жинағын сақтандыру ұйымына аударуға болады.

- 148. **2022 жылғы ақпанда БЖЗҚ кірістілігі қанша өсті?**

Қаңтар-ақпан айлары үшін зейнетақы активтерінің кірістілігі 4%-ға жетті.

2022 жылдың екі айы үшін зейнетақы активтерінің кірістілік деңгейі 4%-ға жетті. Бұл ретте осыған ұқсас кезең үшін инфляция деңгейі 1,5%-ды құрады. Осылайша, БЖЗҚ активтерінің нақты кірістілігі жыл басынан бері 3,5%-ды құрайды.

2022 жылдың 1 ақпанында БЖЗҚ инвестициялық портфегіндегі шетел валютасының (АҚШ долларының) үлесі 32,71%-ды құрады, теңге – 67,22%-ды, рубль – 0,06%-ды құрады.

Осылайша, зейнетақы активтерін түрлі валюталарда орналастырады, және мұндай әртараптандыру зейнетақы жинақтарының сақталуын және тұрақты кірістілігін қамтамасыз етеді.

«Инвестициялық кіріс құнды қағаздар (салымдар мен басқа да операциялар) бойынша сыйақылар түріндегі кірістен, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау түріндегі кірістен, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістен қалыптасады. Нарықтық және валюталық қайта бағалаудан түскен кіріс жеке алынған кезеңде оң да, теріс те болуы мүмкін, сондықтан инвестициялық қызмет нәтижесінде шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан есептелген инвестициялық кірістің мөлшері әр түрлі болуы мүмкін».

Зейнетақы жинақтары - бұл ұзақ мерзімді инвестициялар екенін және инвестициялық кіріс мөлшерін кемінде бір жыл кезең үшін тапдау орынды екенін естеріңізге саламыз. Қысқа мерзімді деректер көрсеткіш болып табылмайды, өйткені олар нарықтық конъюнктураның тұрақты ағымдағы өзгерістеріне байланысты болады.

- 149. **Заңды тұлға өз қызметкерлері үшін зейнетақы аударымдарын аударуды қалай жүзеге асыра алады?**

Зейнетақы қызметтерін ұсынуды жақсарту мақсатында БЖЗҚ жұмыс берушінің қызметкерлердің зейнетақы аударымдарын жеңіл және оңай аударуына мүмкіндік беретін «Заңды тұлғаның кабинеті» деген жаңа жобаны іске қосты.

Аталған сервис салық агенттері болып табылатын жұмыс берушілерге арналған, олардың міндеттеріне қызметкерлердің зейнетақы жарналарын аудару кіреді және сервис пайдаланушыға міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша төлем тапсырмаларын құруға, редакциялауға және баспаға жіберуге мүмкіндік береді.

Аталған сервисің аясында редакциялау (қызметкерлерді алып тастау және қосу) мүмкіндігімен бірге БЖЗҚ-ға төлемдері жіберілуі тиіс қызметкерлердің тізімін көруге болады. Бұдан бөлек, сервис төлемдер тарихынан бұрын құрылған төлем тапсырмалары бойынша барлық деректерді көруге мүмкіндік береді.

Заңды тұлғаның кабинетіне кіру рұқсаты қол қоюға құқығы бар заңды тұлғаның бірінші басшысына немесе заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде ғана қаржылық құжаттарға қол қою құқығы берілген тұлғаға берілген.

- 150. **Жасына байланысты зейнетақыны есептеу кезінде АҚС шарттары бойынша кірістер есепке алынады ма?**

АҚС шарттар бойынша қызметтерді әр түрлі ұйымдарға көбінесе зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (ЖК емес) көрсетеді. Салық агенті ретінде тапсырыс беруші төлеген, осындай шарттар бойынша кірістерден БЖЗҚ-ға зейнетақы аударымдары аударылады. Алайда орындаушы ағымдағы жылы жасына байланысты зейнетке шықса, бұл кірістер болашақ зейнетақының есебіне кіре ме? Бұл кірістер зейнетақы мөлшеріне қандай да бір түрде әсерін тигізе ме?

Нормативтік негіз – 21.06.2013 жылғы №105-V «зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңына назар аударайық». Нақты осы заң қазақстандықтардың зейнетақысын тағайындау және есептеу мәселелерін реттейді.

№105-V заңның 15-бабының ағымдағы редакциясына сай жасына байланысты зейнетақы төлемдерін толық көлемде есептеу болашақ зейнеткердің орташа айлық кірісінің 60 пайызы есебінен жүргізіледі.

Орташа айлық кіріс осы заңның 16-бабына сәйкес айқындалады. Оны есептеу үшін жеке тұлғаның қатарынан 36 күнтізбелік жұмыс істеген айдағы кірісінің жалпы сомасы алынады және 36-ға бөлінеді (заңның 16-бабының 2-тармағы).

Бұл ретте зейнетақы есептеу үшін кірістің жоғарғы шегі 46 АЕК-тен аспайды (заңның 16-бабының 3-тармағы). Яғни 2022 жылы ол:

айына $46 * 3063 = 140\ 898$ теңгеден аспайды.

Егер қазақстандықтың қатарынан 36 айдағы орташа айлық кірісі жоғары болса, бәрібір зейнетақыны есептеуге көрсетілген ең жоғары шек алынады.

Айта кету керек, заң зейнетақыны есептеу үшін тура зейнетке шығудың алдындағы 36 айды қабылдау қажет дегенді білдірмейді. Мәлім болғандай, 2020 жылы елде көптеген сапаларда (пандемияға байланысты) қызметті жүргізуге жаппай шектеулер қолданылды. Осыған байланысты көптеген қазақстандықтар үйде болуға мәжбүр болды және бірнеше ай бойы табыссыз қалды. Ал бұл жағдай олардың болашақ зейнетақысына теріс әсерін тигізетіні сөзсіз еді. Бұл әділетсіздікті жою үшін заң өтініш берушінің қалауы бойынша елде ТЖ режимі қолданылған айларды есептен шығарып тастауға мүмкіндік береді. Бұл айларды олардың алдындағы немесе кейінгі басқа айлармен алмастыруға болады.

Мысалы, егер жеке тұлға 2020 жылдың наурыз-мамыр айлары аралығында табыссыз қалғанда, бұл айларды зейнетақы есептеу кезінде 2019 жылдың желтоқсан айымен, 2020 жылдың қаңтар және ақпан айларымен алмастыруға болады.

Бірақ пандемиядан туындаған шектеулерді ескерместен, қызметкер зейнетақыны есептеу үшін зейнеткерлік кешігу алдындағы 36 айлық кезеңдегі кірістерді алмай, 01.01.1998 жылдан басталған кез келген кезеңдегі кірістерді таңдауға құқығы бар (заңның 15-бабының 2-тармағы).

Яғни, 2022 жылы зейнетке шыққанда, орташа айлық кірісті есептеу үшін 1998-2000 жылдар аралығындағы кезеңді, 1999-2001 жылдар аралығындағы кезеңді және т. б. кезеңді таңдауға болады. Кезеңді таңдауға осы кезеңде алынған кіріс сомасы әсер етуі керек. Кіріс неғұрлым жоғары болса, болашақ зейнетақы соғұрлым жоғары болады.

Бұл ретте БЖЗҚ-да немесе бұрын жұмыс істеген жинақтаушы зейнетақы қорларында МЗЖ ұсталған кірістер ғана есептеуге қабылданады.

АҚС шарттар бойынша кірістен тапсырыс беруші МЗЖ ұстап қалып, оны БЖЗҚ-ға аударатындықтан, мұндай кіріс болашақ зейнетақының мөлшерін анықтау үшін орташа айлық кірісті есептеу кезінде ескеріледі. Жеке тұлға 01.01.1999 жылдан бастап ағымдағы сәтке дейінгі кезең үшін (1998 жыл үшін порталда мәліметтер жоқ) БЖЗҚ-дан үзінді көшірмені бөлімшеде немесе erpf.kz порталындағы өзінің жеке кабинетінде сұратуы тиіс және қатарынан 3 жыл ішінде аударымдары жоғары болған кезеңдерді таңдау қажет. Бұл ретте бұл аударымдар еңбек шарты немесе АҚС шарты бойынша кірістен құралғаны маңызды емес. Бұл кезең жасына байланысты зейнетақы тағайындау туралы өтініште көрсетілуі керек.

• **151. 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігінің жаңа шегі күшіне енеді:**

2022 жылға арналған жеткіліктілік шегі:

- 20 жас - 3 140 000 теңге;
- 21 жас - 3 250 000 теңге;
- 22 жас - 3 370 000 теңге;
- 23 жас - 3 490 000 теңге;
- 24 жас - 3 610 000 теңге;
- 25 жас - 3 730 000 теңге;
- 26 жас - 3 860 000 теңге;
- 27 жас - 3 980 000 теңге;
- 28 жас - 4 110 000 теңге;

- 29 жас - 4 240 000 теңге;
- 30 жас - 4 370 000 теңге;
- 31 жас - 4 510 000 теңге;
- 32 жас - 4 640 000 теңге;
- 33 жас - 4 780 000 теңге;
- 34 жас - 4 920 000 теңге;
- 35 жас - 5 060 000 теңге;
- 36 жас - 5 200 000 теңге;
- 37 жас - 5 350 000 теңге;
- 38 жас - 5 490 000 теңге;
- 39 жас - 5 640 000 теңге;
- 40 жас - 5 790 000 теңге;
- 41 жас - 5 950 000 теңге;
- 42 жас - 6 100 000 теңге;
- 43 жас - 6 260 000 теңге;
- 44 жас - 6 420 000 теңге;
- 45 жас - 6 580 000 теңге;
- 46 жас - 6 750 000 теңге;
- 47 жас - 6 920 000 теңге;
- 48 жас - 7 090 000 теңге;
- 49 жас - 7 260 000 теңге;
- 50 жас - 7 430 000 теңге;
- 51 жас - 7 610 000 теңге;
- 52 жас - 7 790 000 теңге;
- 53 жас - 7 970 000 теңге;
- 54 жас - 8 150 000 теңге;
- 55 жас - 8 340 000 теңге;
- 56 жас - 8 530 000 теңге;
- 57 жас - 8 720 000 теңге;
- 58 жас - 8 920 000 теңге;
- 59-62 жас - 9 120 000 теңге.